



ТӨЛЕГЕН ҚАЖЫБАЕВ

кәз. 23
82
—
K15

ХАН КЕНЕ

Толғаулар, дастандар, драмалар

52066-31646
1713

Алматы
„Жібек жолы” Баспа Үйі
2002

“Алашта Кенекемдей ер болмайды...”

Алғы сөз орнына

Кезінде “қазақ халқының Митридаты”, “қазақ халқының Шәмілі” атанған ұлы қурескер Кенесары қозғалсының тарихи түрғыдан келгенде өзінің әділ бағасын алуда таяудаған жүзеге асты. Оның туған халқының азаттығы жолында он жылғы ат үстінен түспеген тенденсі жоқ жойқын жорықтарына үңілуге басымыз бодандық бұғауынан босағаннан кейінған жағдайда мүмкін болып отыргандығы тағы да ақиқат.

Ұлы бабасы Абылай семсер сілтесіп, найза қадасқан қанды қырғыннан да икемді дипломатиялық қатынас қазығын қағып, келіссөзден желі тартқанды басты нысана етсе, Кенесары қазақия даласына өзектей еніп, баса көктей төрге озған озбыр басқыншылықтан, мал тұяғымен күн көрген қазақ тынысын тарылтқан казак орыстардың станицаларының ірге бекітіп, орнығып қалмасы үшін жан алысып, жан беріскең шайқас жолын таңдалды.

Бұл арада Кенесары дипломатиялық жолдан жаңылып, қанды қасапқа бас тікті десек әділдік болмайды. Кенесұлтан келелі кеңестерге жол іздеді, Абылай бабасын мойындаған орыс патшалығы мұның өзін де хан деп мойындауды талап етті. Бірақ, ұңғысынан от бүріккен зеңбірек сүйреткен, бес қаруы сай қалың қолға сүйенген патша ұлықтары жалаң қылыштан басқа

қаруы жоқ қазақ ханымен терезе теңестіре келісім жүргізуді өздеріне ар санады, жүре сөйлесті, консещен, көнбесен құшпен көндіреміз деген өзімшіл пигылда болды. Бұл былайғы халықты бұратана деп есентейтін жуандырықты қай патшалықтың болсын үстанған ұлы державалық шовинистік саясаты болатын.

Генерал Перовскийге жолдаған хатында қазақ ханы былай дейді: “Я – султан Кенесары, со времени деда моего хана Аблая жил с русскими так дружно, как со своими братьями, но причина, побудившая меня склониться с ними, та, что жители Омска и Петропавловска (что на Сибирской Линии) не давали нам спокойствия. Приехав к сей стороне, объявляю, что я никогда не был врагом России, о чем и прошу довести до сведения высшего начальства”. Осылай деп генерал Перовскийге жолдаған хатында орыстарға “бес бересі, алты аласысы” жоқтығын, тату көршіліктे тұрғысы келетіндігін ашық мәлімдейді. Бірақ Перовскийдің Кенесарымен жақындастырылған оның қадамын Батыс-Сібір генерал-губернаторы Горчаков кейін серпіп тастайды, ашулы хат жолдайды. “Все мои стремления клонятся лишь к одной цели – оберегать пределы моего генерал-губернаторства от вторжения хищнических шаек, т.е. от Кенесары Касымова, мятеж которого тем опаснее”. Мына хатта қаһарлы әміршінің дәңайбат танытумен бірге на-мысқа тиер ауыр айыптау жатқандығын аңғармай қалу мүмкін емес. Алайда Кенесары бұл қоқанлоққыдан ығыса қойған жоқ. Горчаков сияқты ұлықтармен сыйайы сөйлесудің қадірі жоқтығын сезген ол ендігі жерде қазақ даласының жоғын жоқтап, қалқан болып қорғай алар ханы ретінде батыл талаптар қоюға көшті. Дәлірек айтсақ: “1-е – уничтожить Актауское укрепление, 2-е - уничтожить также Акмолинский диван, 3-е – уничтожить все прочие заведения, в степи находящиеся, и 4-е – и освободить содержащихся наших людей из под стражи, равно посланных двух киргиз к султану

Кунуру”. Осылайша нақтылы талаптар қою арқылы озінің қазақ даласының бірден бір иесі әрі жоқтаушысы екендігін аңғартады.

Бірақ әу бастан-ақ қазақ даласына аларта көз сұғын қадаған Ресей патшалығы қазақтың соңғы ханының талап-тілектеріне құлақ аспақ түгілі жауап та бермеді. Өйткені ақ патшаның басты мақсаты қазақ даласына сұғына еніп, еркін жайлап, тұтастай басып алу, сөйтіп бодандық бұғауынан босатпай тізелетіп барып төуелді ету болатын. Осы бір қанқұйлы саясатты граф Нессел-родтың 1 Николайға жазған мына баянхатында айқын байқалады: “Цель правительства при переносе линии состоит в приобретении через сие значительного количества хлебопахотных земель для чего необходимость требует очистить сии земли от киргизов, которые на них кочуют”.

Міне, басқыншылықтың шынайы бет пердесін ашып тастаған осындай қанқұйлы саясат қазақтарды ата жүрттап тазартып, сыптыртқымен сыптырып тастауға көшті. Жымысқылықпен басып алу, малға мәйекті құнарлы қоныстарынан ығыстырып, шөл және шөлдікті, тастақты тақыр далаға айдан салу барынша батыл да шапшаң әрі арсыздықпен жүргізілді. Мал суарар өзен, көл, бұлақ бастауларына құзет қойып жолатпау, шабындықтарға шалғы салдырмау, тіпті сортанды жерлерден пайдаланып келген тұз кеніштерін билетпеу фактілері арсыз озырлықпен жүзеге асып жатты.

Оған патша шенеуніктері Любимов, Родофиникиндердің өз көздерімен көріп хатқа түсірген құжаттары дәлел. “Кроме сего им (қазақтарға авт.) делаются разные притеснения в отношении к зимовкам при линии, к добыванию соли из озер”. “Во время поездки моей по Линии я также неоднократно слышал жалобы киргизов на то, что казаки отняли у них все лучшие сенокосные места”.

И. Шуховтың романына арқау болған “Линия” бой-

шың жайлаған патшаның қанды шоқшары – казактардың озбырлығы мен шектен тыс қаталдығын долелдейтін мұндай фактілерді ондаң көлтіруге болар еді.

Міне, осылай саяси ахуал қалыптасқан тұста Қенесарының азаттық деп атқа қонып, атой салып, күреске шығуы заңды да, әділ де. Оның үстіне іштеген шыққан сатқын сұлтан правительдер де Қенесары саясатына сырт беріп, патша ұлықтарының етегінің астына ба-рып тығылды.

Ұлы Мағжан ақынның:

Сары арқа сайран жердің сәні кетті,

Жортатын жолбарыстар сар далада,

Доңыздар қорсылдаған мекен етті, -

деп қазақ даласының келімсектер табаны астында қалғандығын қапысыз таныса, енді бірде:

Заман азған шағында

адам азбак,

Көп ерлер жаумен бірге

елін шапқан.

Кешегі Аблайдан азып

туған,

Уәли анау қар қатынмен

басы қатқан.

Шормандай шолтаңдаған

шолақ билер,

Орыстың шекпеніне елін сатқан, -

деп ел ішін іріткен, жауына қосылып елін шапқан батырлар мен шен-шекпен үшін елін сатқан билердің сұрқай саясаттың сойылын соғар сорлылығын ашына сипаттаған тұс та, Қенесары өмір сүрген ауыр кезеңің бар болмыс бітімін қапысыз танытар кезең де осындай болатын. Атакты Сегіз серінің:

Теріскей Сары арқаны кәпір алып,

Қазақтың болмады орын бағланына, -

деген күйінішінен орыс басқыншылығының үскірік лебі сезілмей қалмайды.

Ұлы бабасы Абылай, әкесі Қасым ұстаган жол қазақтың тәуелсіз мемлекеттігінің іргесін ірітпей, шаңыратын шайқалтпай сақтап қалу болса, Қенесары осы жолды орнықтыру мақсатына дәуір тартқан аса ауыр қайшылықтарға қарамастан өз басын бәйгеге тікті. Ресей патшалығының ашық кіріскең жаулап алу саясатының сойқанды әрекеттеріне қарсы тұrap дипломатиялық жолдың қалмағандығын сергек сезінген ол құрестен басқа амалдың жоқтығын да түсінді, бұл жолда жеңіске жетудің де бұлдыры елес екендігін, талай жанның қаны төгіліп, талай арыстың шәйіт боларын да аңғармай қалған жоқ.

Қасымның соңынан ерген балалары да кілең көкжал, кекті де текті еді. Бәйбішесі Қанттан Есенгелді мен Саржан, екінші әйелі Бибіден Қенесары, Құдайменде, Әбліғазы, Уақ, Шуақ, Сапақбай және Бопай, Бопан, Бопыш атты үш қызы және үшінші әйелі Асылтастан (Бибінің сіңлісі) жалғыз, арыстан жүректі Наурызбай туған. 1802 жыл Қөкшетау өңірінде өмірге келген Қенесары осынау текті ұрпақтың ішінен оқ бойы озық тұрган, жаратылысы тым оқшау, нақ топжарғаның өзі болды.

Ресей патшалығының сүрқиялышыпен жүргізген саясатының түпкі мақсаты бұрынғы қалыптасқан хандық билікті ыдыратып барып, даланы одан әрі бөлшектеу мақсатымен сұлтан правителдік, болыстық басқару жүйесін жымысқылышыпен енгізіп мансапқа таласқан қазақтардың іштен іри бастаған ырылдасуын құйтқұйттаушы әрі сырттан бақылап билік айтушы роліне көшіп еді. Онысы өз ойлағарындей тым жақсы жүзеге асып жатты. Шенді шекпен үшін әке баладан, іні агадан безді, бір біріне сойыл сілтесіп таусылmas дауға қалды. Даудың шешімін тағы айналып келіп орыс ұлықтары шешетін болды. Міне, осынау саясат дәуірлей түскен тұста Қенесары атқа қонды. Ресейдің әскери-әкімшілік билігін талқандап, тұтас бір қазақ мемлекеттің іргесін

бекітіп, уығын қадасам деді. Бұл ұлы арманды жолдың тарлығын да, тайгақтарын да ол жыға таныды. Бірақ сол кездегі саяси жағдай Қенесарыға күрестен басқа жол қалдырмап еді.

Сары арқаны көктей өтіп Жетісуға дейін жойқын ұрыстармен жеткен Қенесары соқпағы қатерлі еді. Өйтсе де өзінің туған халқының ұлы мақсат-мұратын ту етіп көтерген құрескер қолбасшы үш жүздің батыр, билерінен қуатты қолдау тауып отырды.

XIX ғасырдың 20-40 жылдарды қамтыған азаттықтың құрес шеңбері барынша кеңіп, Арғын, Қыпشاқ, Керей, Төртқара, Бағаналы, Тама, Табын рулары Қене ханның қасиетті туы астына бас біріктірді. Қенесары әскер жасақтаудың өз заманындағы озық ұлгісіне сүйенді. Мындық, жүздіктерге бөліп, оларды мың басы, жүз басыларға басқартты. Үш жүздің Ағыбай, Иман, Басыгара, Бұхарбай, Бұғыбай, Жекебатыр, Бәйсейіт, Сұраншы, Саурық тәрізді ұлы батырлары Қенесары қолын қиян кескі шайқастарға бастап, талай ірі жеңістерге қол жеткізді, ерліктері аңызға айналды, дала жаууларының шабытты жырларына арқау болды. Осылардың ішінде ағасының оң қолы болған Наурызбай жайлы бірер пікір білдіре кеткен жөн болмақ.

Наурызбайдың қара басының қаһармандығы алаб-өтен болды. Жауға жалаң шекпен, шолақ наизамен шабатын ол талай жүрекжұтты батырларды батылдығымен таң қалдырды. Алдынан қарасаң шалқақ, артынан қарасаң еңкек болып көрінетін сүйріктей сұнғыла бойлы сұлу Науан Басыгара батырдың оққа ұшқан тұсында батыр қаны жау табаны астында қалмасын деп қамалға қолды өзі бастап кіргенде өзін қоршап алған мылтықты 12 казакты ес жигызбай наизага іліп кеткен деседі. Майтөбенің етегінде қолға түскен Қенесары ағасын жау қолында қалдырып кетпеймін деп өз еркімен қырғыздар қолына берілуін қазір көзсіздік десек де алып жүректі Науанның хас батырлығы демеске мүмкін

емес. Есіл ер жау қолынан 25 жасында опат болды.

Құйеүінің қарсылығына қарамай от басын тастап, қасына алты баласын ертіп ағасының қасынан табылған Бопай ерлігін де еске алмасқа болмайды. Құрамында 600 сарбазы бар ерекше топқа басшылық еткен Бопай ханшаның ерлік істері азызға айналған. Оның ұлы Нұрхан, Қененің інісі Әбілгазылар да азаттық жолында пиянбай күрескен. Қенесары таңдап алған тайғақ жолдан табан аудармаған сенімді батырлар еді.

Әуел баста жазалаушы отрядпен-ақ Қенесары қозғалысын басып тастармыз деген патша әрекеті тым өлсіз болып шықты. Олар тез арада-ақ шебер қолбасшы, тәртібі темірдей батыл да батыр күшке кезіккендерін аңғарды, аңғарды да қалың қол жасақтады. Мынау Қекшетаудан сонау Қоқан хандығына дейін өкшелеп отырып ұрыс салуға мәжбүр болды. Сан рет жер қапқан жеңілістерге ұшырады, масқара болып талай бекіністерінен айрылды. Далалық ұрыстың нелер ұтымды әдістерін қолдана білген Қенесары қолы жау қоршасын бұзып-жарып, Бетбақтың безерген даласынан аман өтіп кетті. Сөйтіп 1846 жылы Жетісуга табан тіреп еді. Бұл арада ұлы жұз рулары негізінен Қене ханды мойындал қана қойған жоқ, оның әділетті күресін қолдайтындықтарын білдірді. Діні бір қырғыз манаптарымен бірлесіп, ұзақ жыл қазақтарға ұстемдік құрып келген Қоқан хандығына ұрыс ашу мақсаты түсіністікпен қабылданды. Тайшыбек, Сұраншы, Саурық сияқты батырлары өз қолдарымен келіп қосылды, сандаган ұрыстарға қатысты. Алайда сұлтан Рұстем мен Сыпатай 12 мың қолмен бір түнде хан қосынын тастап шегініп кетті, жай кеткен жоқ осы жынысқылықтарын қырғыз манаптарына сыйырлап кетті. Он жыл бойы үздіксіз соғыстан қажыған әрі Қекшетаудай ата жұрттан қол үзген сарбаздар титықтап қалған еді. Оның үстіне жығылғанға жұдырық – Сыпатай сатқындығы Қенесары қозғаласын түййықта тіреп еді. Кекілік-Сенгір тауының

етегінде Майтөба деген жерде қыргыз қолымен ақтық рет айқасқа түсті. Үш жақтан қоршауда қалған қазақ сарбаздары қатты шайқасып, батыл қимыл танытқанымен күш тең емес еді. Сөйтіп Жамбыл жырау айтқандай “Кенесары жағадан алған жаудан жеңілестін ер ме еді. Ол етектен алған иттерден жеңілді гой”. Осы арада кейбір қалам ұстағандардың мақалаларындағы Кенесарының қыргыздармен қақтығысын Нурызбайдың тентектігінен яғни, көрді талқандап, найзасын өлікке қандағаннан кейін соғыс болып кетті дейтін келте пікірлердің де бас көтеріп қалып жүргендігіне назар аударғымыз келеді. Ол пікір, өкінішке қарай “Хан Кене” кітабындағы кейбір авторлардың очерктерінде көрініс берген.

Жоқ, біз мұндай жеңіл-желлі айтыла салған парықсыз пікірмен келісе алмаймыз. Тарихи дәлел-дәйектемесі жоқ мұндай пікірдің астарында әрі қойсақ ұлт араздығын қоздыру, бері қойсақ Кенесары қозғалысының тарихи аспектілеріне терең үнілмеу, саяси-әлеуметтік құбылыстың мәнін бағамдай алмаушылық дегенге саямыз. Олай десек алдымен Кенесары – Наурызбай аруағын жер ету, екіншіден туған халқының азаттығы жолында бастарын бәйгеге тіккен он сан батырлар арманына топырақ шашу болып шығар еді. Осынау қазақ даласын күрескерлік рухымен он жыл бойы сілкіндіріп тұрган азаттық қозғалысының мәнін ұғыну үшін тағы да талантты тарихшы Е. Бекмахановтың пікіріне жүргінелік. Ол: “В 1847 году Кенесары вторгся в пределы Киргизии. В этой борьбе Кенесары преследовал основную цель – борьбу с господством Коканда, как врача казахов и алатауских киргизов, и против киргизских манапов, являвшихся верными союзниками кокандских беков. Поэтому поход в Киргизию он рассматривал как ответ на действия манапов, передавшихся на сторону Коканда”, - деп атап көрсетеді. Бұғын Кенесары қозғалысының тарихи мәні мен маңызын түсінгісі және шы-

найы шындығын білгісі келетіндер болса көрнекті галымның осы бір мәнді пікірімен санасса дейміз.

Кенесары күресінің ақиқатын алдымен халық ақындары түсініп, кезінде келелі жыр толғап, әділ бағаларын бергендейгін де ескерсек керек. Сонау соғыстың басынан аяғына дейін бірге болған Нысанбай, Рұстем-Сынпатай сатқындығын бүкпесіз айтқан Жамбыл, қыргыз Қатағанмен айтысында бұл күреске зор бага берген Сүйінбай жырлары тарих ақтандықтарын толтыра алатын құнды деректер деуге толық негіз бар. Сонда Сүйінбай не деген еді, тыңдал көрініз:

*Кенесары – Наурызбай,
Қанары қара дауылладай.
Наурызбай тірі жүргенде,
Дүшпанның кеткен мазасы.
Шек келтіріп өлімге,
Кәпір болдың Қатаған.
Ол құдайдың қазасы.
Қатаған сениң мінінді,
Бастан-аяқ терейін,
Аққу құстай ұшайын,
Аяғынды тұсайын, -*

деп толғамаушы ма еді. Осынау жолдарда ұлы ақынның күрескерлер рухына құрмет лебі есіп тұр емес деп кім дау айттар.

Кенесары шын мәніндегі өз халқының қаһарман перзенті еді. Әлихан Бекейхановтың “Кенесары өзінің ұлы атасы Абылайдан асып түсіп отыруы елді мемлекетке біріктіру мен оны сақтау саясатына байланысты”, - деп ерекше атап өтуінде де тарихи маңыздылықты жыға танығандық бар десек жөн болмақ. Ал “Түркістан тарихы” еңбегінің авторы Н. Павловтың “Кенесары өзінің бітім-болмысында қажымайтын, талмайтын дала батырларының типіне жатады: ол тегі аса ірі дарынның адамы болса керек. Дала перзенттерінің бостандығын сақтап қалу Кенесарының ұраны болды.

Кенесары өзінің ақтық демі біткенше Ресейдің қас жауы болса да мен оны “тұздің соңғы батырың деп атасам, өз отанымның алдында күнә жасадым деп алмаймын”, - деген пікірінен әділдік сәулесін сезбеу мүмкін емес. Ал ұлы жырау Нысанбайдың “Кене ханнан айырылып, шіл bogындай тарадық, көрінгеннен қоргалап, кісі аузына қарадық”, - деген пікірін қай тарихшы теріске шыгара алар екен.

Сөз соңында ұлы Магжанның:

Арқада Барабайдай жер болмайды,

Алашта Кенекемдей ер болмайды, - деген аталы пікірімен ой түйіндей отырып, бұл күнде қанды қасапсыз бейбіт жолмен қолымызға тиген тәуелсіз азат еліміздің қадір-қасиетін бағамдай отырып, осы жолда басын бәйгеге байлаған Кенесары және оның қасиетті туының астына топтаса білген ұлы күрескерлеріміздің де рухына тағзым етіп, олар жүріп өткен күрес жолдарына сызат түсіріп, келте пікірден туған келісімсіз пигылдардан бойды аулақ салғанымыз жөн болар дейміз. Өйткені сонау төгілген қасиетті бабалар қанының әр түйірінде бүгініміз, ертеңгі болашағымыздың сұрауы бар. Ал сол сұрауларға бүгінгі біз, ертеңгі үрпақ жауап берे алар ма, ол өрине, тарих таразысына тартылар ұлы мақсат-мұрат болса керек.



Бастау

Болжаусыз фұмыр кешкен ер,
Дүркірей босып көшкен ел...
Хан Қене жоқ Арқада,
Егіле жосып ескен жел.
Науанын жоқтап Көкшетау,
Көзінің жасын тәккен сел.
Шерменді шақты көп көрген,
Құсасы бөлек құба бел,
Қайғысы ерек қара жер.
Осынау ерен ерлерді,
Жырлайын, Шабыт, келсең кел!

* * *

Азаттық күтіп ақ таңнан,
Абылайлап аттанған,
Асылдан қалған ақ алмас,
Алдияр тақсыр, хан Қене,
Басыңа ерте бақ қонған.
Өзің жайлыш мен пақыр,
Қалам алып қалайша,
Өксікті сырды ақтарман!

* * *

Бәйіт айтып боздағам,
Іштегі шерді қозғағам.
Анадан дақ Наурызбай,
Өзіңнен батыр озбаған.
“Жан Көкелеп” Қенені,

Алдын орап озбаган.
Үстіндегі ақ сауыт,
Жағасы жанат, тозбаган.
Ерлігің ерен есіл ер,
Өзің жайлыш қалайша,
Қайғылы сөзды қозғаман!

* * *

Алаштан асқан хан Кене,
Наркескен Науан – көк жебе,
Шаһид кешкен сендерді,
Жоқтайтын үрпақ жоқ деме.
Көктасым қойған – кітабым,
Белгісіз қалған мұрдене!

Мәсса

1.Бөлім

Өлеңдер,
толғаулар,
дастандар



Мұрденді таппай мұңайдым

*Түркістандағы Абылай хан
мұрдесі трактормен сырыйлып қалған.*

Алдияр ханым, армысың!
Көзіме неге түспеді,
Алатау тектес нар мұсін?
Қақырап түсті-ау табанга,
Қаратая басы - қарлы

шың.

Тұралап қалған жау анау,
Көтермей елдің қарғысын.
Айта алмай бұққан
жұрт мынау,
Өзіңе айтар алғысын.
Сақтасам деп ең сақсынып,
Тәуекенің “Жеті жарғысын”.
Жұртыңды жұт та жұтатпас,
Дәуірден биік арлысың.
Іздедім, ханым, таппадым,
Жоқпысың өлде бармысың?
Жоқты жоқ деу оңайлау,
Мойындау қын барды,

шын.

Таба алмай сенің мұрденді,
Алдынан шықты қайғы-
шың.

Сойқанды содыр кес-кестеп,
Ақиқат жолдан тайды шын.
Қаймана қалған жұртым-ау,
Қайсың бар бүгін көтерер,
Айықпас халық қайғысын?!

Алдаспан Кене ханның рухына

Бұл қазаққа қаталдығың жарасқан.
Кездерің көп тәнірден де әрі асқан.
Өштесіңің өтін алдың өкіртіп,
Оған күе мына дала, кәрі аспан.

* * *

Бұл қазаққа даналығың дарыған,
Дарақ едің адад сүтке жарыған.
Қаһарыңдан дүшпан біткен қалтырап,
Тұлпар едің халқың үшін арыған.

* * *

Бұл қазаққа батырлығың аян-ды,
Жорық жолың қызыл қанга боялды.
Абылайлы ұраныңмен алты алаш,
Дүр сілкініп үйқысынан оянды.

* * *

Бұл қазаққа көсемдігің керек-ті.
Оны бірақ кезінде кім елепті.
Масаттанды-ау манап біткен мастанып,
Сұлаттым деп дара біткен теректі.

* * *

Шагым қайда өз төрімде шалқияр,
Жетпес оған асулы арман, бар қиял.
Сенің орның құні бүгін оңалмас.
Жазмыштан озған алдаспан Кенем, алдияр!

Кене ханның арманы

Керегемді күйретті,
Көк найзамен түйретті.
Арқан шалып мойныма,
Тулақ етіп сүйретті.

Босағамды балталап,
Шаңырағымды жаңқалап,
Жатып алды тәріме,
Шәлжие түсіп шалқалап.

Ошақ бұтын ойрандап,
Сары сайтандай сайрандап,
Сарыарқаның тәсіне,
Шығып алды тайрандап.

Шалғын бойын шаң қылды,
Есік алдын лаң қылды.
Ағыл-тегіл ақтарып,
Қолат қойнын қан қылды.

Ұлым кетті құл болып,
Қызыым кетті күң болып.
Бір көруге отырмын,
Қайран Көкше мұң болып.

Дала тәсі тарылды,
Қарашекпен ағылды.
Қайда апарып қояйын,
Шырылдаған жанымды.

Қанатымнан қайрылып,
Тұягымнан майрылып,
Жетім қалған жайым бар,
Ата жұрттан айрылып.

Қара сабам сарқылды,
Бұлақ басы тартылды.
Тайғақ тұста тайпалмай,
Арғымағым алқынды.
Қайда бастап кетейін,
Қамаудағы халқымды.

Қатты қаптым қармағын,
Жалғыз жанды жалдадым.
Естимісің, ей, үрпак,
Кене ханның арманын!

Жоқтау

Нысанбай сарынымен

Еллілдей ескен жел ме едің,
Қапталдай аққан сел ме едің.
Көтерер зіл қайғыны,
Қайыспас қара бел ме едің.
Қайдасың, Науан, қайдасың,
Көп тостырып келмедің.
Кіреуке тонға жең бе едің,
Құркірей көшкен сең бе едің.
Тайғақты жолда буыршын,
Мертікті десе сенбедім.
Қайдасың, Науан, қайдасың,
Шынба екен сонда өлгенің.
Алдаспан еді белдегің,
Аlam деп жаудан ел кегін,
Алты малта, көк сұңгі,
Ақауыз атқа теңдедің.
Қайдасың, Науан, қайдасың,
Шақырсаң да келмедің.
Жұтсаң да жастан көл демін,

Бетпақта қалып шөлдедің.
Айбынды туған арысым,
Шамдансаң қия өрледің.
Қайдасың, Науан, қайдасың,
Рас та болды-ау өлгенің.
Желісін үзіп керменің,
Тізгінге ерік бермедің,
Көкшеден ұшқан көк түйғын.
Оралып елге келмедің.
Топырақ жаттан бүйірган,
Тәнінді қайда жерледің?!
Қырандай қия көлбедің,
Жауыңа бұлттай төнгенің.
Мәрттіктің түбі мерт етті,
Шын да болды өлгенің.
Ағыбай батыр, бұл қалай,
Өз қолыңнан көмбедің.
Көме алмасаң көме алма,
Науанмен ноқта қосақта,
Неге де бірге өлмедің.
Өз қолыңнан көмгенің,
.....Жөн еді-ау сөйтіп өлгенің..

Көк бөрі *Науанның рухына*

Жебелеп таудың бектерін,
Сыдыртып сайдың өткелін.
Балағың батпақ, баурың саз,
Жапанда жортқан көк бөрім.

Тагатсыз тажал араны,
Тайынбай тасты қабады.

Желіден жемтік айырып,
Қиядан шалар қараны.

Жаңқалап тоңның қабатын,
Тастақтан апан қазатын.
Қиқулап түссең соңынан
Қайыстай баурын жазатын.

Жемтігін жығып еңсермей,
Соққыға шыдар теңселмей.
Салыңқы кеуде, аш құрсақ,
Тырнағы болат семсердей.

Тірсегі маймақ сірідей,
Шүйдесі шомбал күбідей.
Жайратып салып атанның,
Суырап өтін тірідей.

Қайсарлық бойын билеген,
Қамырдай жауын илеген.
Батпанды білек батырдай,
Аунатып шаңға сүйреген.

Жанардан төгіп ызбарын,
Сездіріп өлім ызгарын.
Ақтүтек боран акшұнақ,
Бөгесін емес мұз-қарың.

Азуы қанды қақпандай,
Ашуы түтек ақпандай.
Бұлігі таңғы ауылды,
Бір қосын қалмақ шапқандай.

Төзімі темір тегештей,
Жүрісі сыпсың елестей.

Құлығы құрдым тұңғиық,
Аңшылар айтқан кеңестей.

Жұрсе де тағдыр жылатып,
Қайтемін көніл жұбатып.
Адамның досы – иттен де,
Қасқырды тұрам ұнатып.

Таққа отыр, мейлі көң шығар,
Ізіне ертең шөп шығар.
Итініп иттей жүргенше,
Қасқыр боп өткен жөн шығар.....

Ортенгенде Бурабай

Өзегімді шоқ тесті,
Көкірегімді оқ тесті.
Буырқанған Бурабай
Белуардан от кешті.

Шерлі күйді шерпт енді,
Көніліме дерпт енді.
Қара орманы қазақтың,
Қалай ғана өртенді?

Ет жүректі шабақтап,
Қасқырдайын тамақтап,
Жалын жалмап барады,
Қызыл тілі салақтап.

Тұншықтырып наз әнін,
Тез тарқатып базарын,
Жалмап жатыр жалмауыз,

Сұлұлықтың ажарын.
Қүйік шалып көк талды,
Ақ қайынан шоқ қалды.
Ақ ордаңының орнында
Ойнақтаған от қалды.

Қарт қарагай сұлады,
Бұлақ жасын бұлады.
Күлге айналып көкке ұшты,
Сексен көлдің құрагы.

Оқжетпесім теңселді,
Қайғы жүгі еңсерді.
Көтерер ме екенсің,
Еңкіш тартқан еңсенді.

Жамылдып мұнар заңгарын,
Кекше, неге зарладың?!

Омырауынды өрт шалса,
Өлдилесін арда мұн.

Жоқ десең де керегі,
Өлім-ғайып дерегі.
Өртеніп кетті өзіңмен
Жанымның жасыл желегі.

Жүрекке салып салмағын,
Азага бөлер бар маңын,
Естимісің, ей, әлем,
Өртеніп жатыр орманым!
Өртеніп жатыр орманым!



Мағжанға мінажат немесе мұңлы муз атолдауы

Сен ұлы едің,
Ұлылығында дау бар ма.
Жығыларыңды білмедің,
Қыр астында жау барда.
Тұран жұртын түгендер,
Тура тарттың ақ берен.
Өзге емес өзіңнің
Бар болғаныңды бақ көрем.
Қазағымның қамы деп,
Қан жыладың ашынып.
Халқым-ау деп жүргенде,
Сүйегің қалды шашылып.
Фаламат сезім әлді,
Жандуниеңді билеген.
Тірліктің сілкіп тозаңын,
Сұлудан бөтен сүймелеп ең.
Жырыңың жалқын отына,
Жүрегің, жаның маздады.
Қаңтарда балқып бар әлем,
Орнады келіп жаз бағы.
Елжіреп әлем сол шақта,
Дүниес жатты табанда.
Пайғамбар мінез танытып,
Тіл қаттың тылсым фаламға!
Теренден тартып ұлы сыр,
Жырыңың төктің асылын.
Мұнартып мұңмен жүргенде,
Иінінде қалды ғасырың
Бабалар көшкен шандак жол,
Жаныңды сениң арбады.
Іләсіп қыран самғаумен,
Қиялың қайда бармады.
Тұңіліп тірлік толқыннан,

Қалжырап қалам таяндың.
Ойнадың бір сәт аспанда,
Семсері болып Баянның.
Көңілінді жатты жудетіп,
Көнелеу дәуір тозығы.
Азынап кетті қеуденде
Қойлыбай қарттың қобызы.
Оқжетпес тұсқа егіліп
Іздедің Кене ханынды.
Жапанга жар сап жоқтадың,
Иесіз қалған тағынды.
Басыңнан ауган бағынды..
Таппадың бірақ ұлы ақын,
Еліңнен тірек таяныш.
Іздегенде таппаған –
Сол болды, білсем аяныш.
Өлеңді сөздің өрені,
Өрнегін тізген кімің бар.
Көшінді сенің тарта алмас,
Абайдан басқа ұлы нар.
Әрісті сөздің серкесі,
Өзіңмен тамам жыр – дода.
Өлең жаздық дейміз-ау,
Өзіңнен кейін, о тоба!
Арлылар қалып табанда,
Ұяттан безген заманда.
Білемін, мұңлы музам-ау,
Бір зауал төнген саған да.
Сагынды сенің сындырып,
Жетімсіп қалды қаламың,
Соловки, қорыс батпақта,
Сарқылып бітті бар әнің.
Ордалы ойдың орманы,
Оталып қалған тұстарда,
Сәлемін айтып көңілдің,
Қалдың ба қайтпас құстарға.

Сүйеніп аппақ қайыңға,
Сездің бе жырдың өшкенін.
Алдында аунап жатты ма,
Көгілдер көлі Көкшенің.
Карельдің қорыс қойнында,
Сағынып Арқа-анаңды,
Сарытомар ауыл, Сасықкөл,
Тербетті-ау сері сананды.
Жаралған жаның ақ нұрдан,
Пайғамбардай тектім-ау..
Өксікті ғұмыр өртінде,
Егіліп сен де өттің-ау.
Ардағын орга құлатып,
Аңырап қалған елің бар.
Опасыз жандар алдында
Сен үшін бітпес кегім бар!
Айтамын деген асыл сөз,
Шырқалмай қалған әнің бар.
Жауап бер ақын алдында.
Көсем, шешен.. . берің бар.
О, дариға тірлікте,
Кім тозақта, кім азат?..
Кеше гөр біздей пақырды,
Мағжан, сізге мінажат.

Мәсіл

Көкшетаумен мұндасты

Мен:

- Ей, Көкшетау,
Қасиетті киең қайда?
Қорып, сақтар иең қайда?

Көкшетау:

- Киеме күйе жақты –
киесізбін;
Лұқсызыз, пұлсызы сатты –
иесізбін.
Тасыма балта шауып,
тонап жатыр.

Жерімді жыртыстайын
талап жатыр.

Ор тұстан емінеді есіріктер,
Басыма орнатам деп заманақыр.

Мен:

- Япырмай, не деп кеттің Атамекен,
Жан қайғың мендей көпке бата ма екен.
Сен маған Ана едің, ал анасын
Сәбій жат жүртттықça сата ма екен.
Анасын қор тұтынған қорқау қылыш,
Жүрекке шерлі мұз бол қатады екен.

Көкшетау:

- Сірә, кенде болмаспын
Араны апан иеден.
Аршып алар кімің бар,
Иеме жаққан күйеден.
Алты алаш атын тіреген,
Көкшетау едім кешегі.
Жанымса батты жемқордың,
Желкеден атқан кесегі.

Бойыма дарып барады
Дәуірдің мынау кеселі.
Жоқ па екен айтшы, ей, ақын,
Пенденің берер еш емі.

Мен:

- Жаралы жаным Аh ұрды,
Ат қойып аруақ шақырды.
Күйзелтіп кетті амал не,
Миғұла, мендей пақырды.
Бұл заманда аузы апан
Алаяқ залым ақылды.

Кекшетау:

- Көпті көрген тарланмын,
Жүрістен бүгін танғанмын.
Ұрпағым азып кетті-ау деп,
Соныңа ғана арландым.
Абылай салған ұран боп,
Жоңғарға жорық салғанмын.
Жонымса жебе қадалып,
Одан да аман қалғанмын.
Айырылып Қене сұлтаннынан,
Ботасыз інген – зарландым.
Жоғалтып Науанжанымды,
Жамылдып тұнді қарғандым.
Адасып Мағжан ақыннан,
Есімнен де таңғанмын.
Арса да арса өңірге,
Сексен кол болып тамғанмын.
Иесіз қалып бұл күнде.
Жан-жағымды қармандым.

Мен:

- Менің де басым қаралы,
Жүрегім жадау жаралы.

Көтере алмай күйзелдім.
Иыққа түскен азаны.
Күйретіп кетер бір күні,
Атамекен азабы.
Шабақтап жатыр аяусыз,
Тәрки тірлік тозагы.
Абылай көрген түстейін,
Үрпағың қалай азады.
Аяулы Көкшем, қайтейін,
Жаныма батты-ау мазагы.
Өзіме де обал жоқ,
Мазақтан жаным жазалы.
Ұраны бір, ой ортақ,
Көкшенің қайда қазагы?!

Көкшетау:

- Күрсінбе бала, тұңілме,
Бой түзе алыс үңіл де.
Бір сарын бар, андасан,
Мен мұлгіген іңірде.
Науан мінген Ақауыз,
Арында, жүйткі, сүрінбе.
Кенехан тұтқан ақберен,
Қыныңда жатып бұлінбе.
Абылайлы ұран аспандап,
Жетсін деп тіле бүгінге.
Күңіреніп болған жайым бар,
Тұңілме! Белім Бүгілме!

Мен:

- Арайым қанға боялды,
Қалғыған сезім оянды.
Базарың тарқап жатқанда,
Барқылдамай, қой әнді!
Береке жоқ, бекем жоқ,
Қайғыға ойым бой алды.

Көкшетау:

- Жаралы жанды жұбат та,
Сенімді, қалқам, құлатпа.
Базарлы тойдың қызығын,
Енді алмассың, сұрап та.
Көз жасым кетті жамырап,
Айналып алпыс бұлаққа.
Шалқалап жатар күн қайда,
Мәйегі майлы құраққа.
Азаның үні келеді,
Қазалы жандай құлаққа.

Мен:

- Қүйін шектім, қайтейін,
Қақпанга түскен қасқырдың.
Аямады тас табан,
Тепкіледі, басқа ұрды.
Жазасын берсін бір Алла!
Абылайдай бабаның
Аруағына тапсырдым!

Шортан көлге

Бақытжан Мұсаханұлына

Шортан түгіл шабақ жоқ айдынында,
Шортан көлім, қосылам қай мұңына.
Сен несіне соншама егілесің,
Бізге қалған напақа - қайғыру ма?

Боздатқан өзегінің қара нарын,
Сеземін көңілінде нала барын.
Базары ерте тарқар жетім қыздай,
Кім тыңдар қара судың азалы әнін.

Төсіңнен тұте-тұте бұлыт аунап
Шаңқылдар шағалаң да кетіп аулақ.

Жандар да жуымайды жуық маңда,
Жағанда отыратын балық аулап.

Өнд берген жаһұттайын өңіріме,
Көп көлді жоғалтқаным өмірімде,
Күрсінген алабөтен күбіріңмен,
Күдікті күй әкелдің көңіліме.

Дей алман баяғыдай шараң толық,
Барады күн-күн санап сабаң солып.
Жанымды жылатар деп шошынамын,
Кезекте жоғалар көл өзің болып.

Әзірге келер күннен түңілмейсің,
Толқынға толқын қосып “жүгір”, – дейсің.
“Мөлт еткен көз жасындаи күміс көлім”,
Ұшында кірпігімнің дірілдейсің...

Қара қайнар

Табанында бүлкілдеп қара қайнар,
Балтырына балауыз шәйір байлар.
Көктен шуаң тартқанда, жерден-құнар,
Қиядан қол бүлғайды қарағайлар.

Желмен бірге шуласып, жамырасып,
Ол тынғанда тынады мауқын басып.
Көзге қара, көңілге панадайсың,
Жолаушыға жол кешкен арып-ашып.

Туган жерге тіреудей қарагайлар,
Күнге таман қол созып биік бойлар.
Мен саянды сағынып келген сайын,
Тамызықтай тұтанған небір ойлар.

Бойында тарқамайтын ұлы той бар,
Жанымның қуанышы ең қара қайнар.
Мен аттансам күні ертең, саяңа кеп
Тұнығыңдан сыр тартып балам ойнар.

Өзің барда арманды құлатпайсың,
Сарқылмас қара қайнар – бұлақтайсың.
Әкесін де бір кезде аялаған,
Бөбекін де әлдилеп жұбатқайсың.

Піл қөтерген

Оқжетпестің төбесінде піл жатыр,
Кәдімгі піл түгі түскен тап-тақыр.
Сауыры сом, желкен құлақ желбіреп,
Басы анау төңкерілген ақ шатыр.

Шың сілкініп, бұлт көшсе де сабалап,
Төңкерілмес дөңбектейін домалап.
Шырқау шыңға шығуын бір шыққанмен,
Сол биіктен түсे алмауы обал-ақ.

Бұлт көшеді піл-сауырга дым бүркіп,
Шаңқылдайды сұзы бөлек су бүркіт.
Тұмшалайды шыңың басын көк мұнар,
Жалы қара, бауыры кіл ақ іркіт.

Бұлт сырғиды нәууетегін сығып ап,
Жел еседі піл-құлаққа сыйырлап.
Биіктікten басы айналған немедей,
Жатыр пілің шың төбесін сығымдалап.

Біздің уәжге сенбе мейлі, сен мейлі,
Биіктікten түскісі оның келмейді.

Піл сауырлы қасиетті қара тас.
Арман болып көз үшында көлбейді.

Тұғыр еткен Оқжетпесте тұрагы,
Төмендерге қона бермес қыраны.
Көкшетаудың тасы дағы жай жатпай,
Ту биікке піл көтеріп тұрады.

Мұң

Бурабайым, жәннәтім, жасыл алқам,
Орман - қорған болғанда, тауың - қалқан.
Көз алдымда барасың, кеміп-семіп,
Қүйігіңе күй қосып, болдым талқан.

Бурабайым, базарлыым, сандал керім,
Абылайдай бір туар ардагерім.
Көз алдымда барасың азып-тозып,
Шыбын жанға батары арман-шерің.

Бурабайым, жампозым, жасыл нұым,
Айдыныңа қонбай ма қаз бен қуың.
Оқжетпесім, ордалым, сөз жетпесім,
Жаңбыр емес, жуынсаң жаспен жуын.

Бурабайым, мақтаным, маң-маң керім
Ақ үлпадай аунақшыр самал желің.
Жадыратпай жанымды қан жылатты-ау,
От күйіктей күрсініп алған демің.

Бурабайым, айбарлыым, ақиығым,
Тонадық-ау, тойымсыз жер үйігын.
Су қашып, орман қаңсып, тас мұжілген,
Бұл шағыңа арналар өн-күйігім.

Бурабай

Бурабай!

Мен сенің сұнқар құсың ем,
Төсінен тоят татпаған.
Сұрқынды көріп бүгінде,
Оныма қалай мақтанам.
Өзінің қолат-қойнында,
Жатыр-ау арым шашылып,
Намысым жатыр таптаған,
Келемеж қылды-ау келімсек,
Андағайлап каптаған.
Осынау жалпақ даламнан
Өзіндей тұрақ таппаған,
Мінәжат етіп қағбадай,
Сыйынбай саған жатпаған.
Тасыңа таңба салуға,
Абылайдың өзі батпаған.

Бурабай!

Мен сенің қызығыш құсың ем,
Көліңе қонбай зарлаған.
Өзінен артық көрінбес,
Он сегіз мың бар ғалам.
Тұтін құсып, шаң жұтқан,
Қалпыңа қалай алданам.
Адамдар артқан азаптан,
Күйремей тасың қалай тұр,
Соныңа ғана таңданам.
Тұтамдай қалған түрің бар,
Тұс-тұсынан жалмаған.
Бұлақтың көзін шел басып,
Көлің қорыс, лай шайқап,
Аумай қапты малмадан.
Атадан қалған асылды,
Арашалар бар ма адам.

Осындай халге жетер ме ең,
Зарласа мендей бар балаң?!

Бурабай!
Мен сенің торғай құсың ем,
Талыңдан тапқан панасын.
Қазаққа біткен бір жұмақ -
Бурабай десе нанасың.
Желімен желліп тербетер,
Бауырына басқан баласын,
Жаттығың жоқ жаныма
Сен де маган анасың.
Құтқара алсам - қол создым,
Құрдымға кетіп барасың.
Жазира жалпақ даламмен
Жиһаздай тапқан жарасым,
Бір өзіңнің бойында
Бар ғажайып, бар асыл
Келер күнің неболар
Артымда қалып барасың.

Шалқар – шабыт,
Шалқар – көл

Шабыт – Шалқар,
Шат – Шалқар,
Сұлу ғажап өңірсің.
Сылдыр-сылдыр көк толқын,
Өлең болып төгілсін.
Арман – Шалқар,
Ән – Шалқар,
Көңілдегі күйімсің.
Ақ шағалаң шаңқылдал,
Қанатымен күй ілсін.

Өлең – Шалқар,
Өр – Шалқар,
Өрлігінің кемі жоқ.
Тасынба да тасыма,
Жырлап кетсем сені көп.
Саумал – Шалқар,
Су – Шалқар,
Мәлдірлігің бір басқа.
Толқындарың күй-перне,
Тіл бітірген көк тасқа,
Дария – Шалқар,
Той – Шалқар,
Бар қазықтың тұрағы.
Бір көрген жоқ сағынып,
Келіп-кетіп тұрады.
Жырау – Шалқар,
Жыр – Шалқар,
Шежірелі қарттайсың.
Қашан келсем алдымда
Сыр толғатып жатқайсың.
Сол сырынан мендағы,
Біраз жайды ұфайын.
Толқыныңда оранып,
Жырлап барып тынайын...

* * *

Табаның сенің құмқайрак,
Жағаң шымқай құм шағыл.
Суың саумал болғанда,
Ақ толқының – ақ лағыл.
Дидарынан дым бүркіп,
Тұманыңды кел, жамыл!
Серпіп жиі көрпенді,
Буырқанып қақ дабыл.

Тулап, толқып бір мезет,
Көкірегімде ал дамыл.....

* * *

Шалқарым менің Шалқарым,
Табы бар ыстық қалқаның.
Жүрекке жыр боп құйылып,
Бойыма нұр боп тарқадың.

Шалқарым менің шабыттым,
Демейсің тіттей жалықтым.
Бесіктей тербел жатасың,
Қалауын өтеп халықтың.

Шалқарым менің шаттығым,
Көңілдің басып аптығын.
Жағанда қалып жастығым,
Іргенде талай батты күн.

Шабытқа соққан қамшы боп,
Баурыңа мені алшы көп.
Қимасты күндер белгісі –
Жанарда қалдың тамшы боп.

* * *

Шалқардың шағаласы – шырайлы қыз,
Мен күзді, сен көктемді - құраймыз біз.
Жарқ етіп шыға келсең сонау тұстан,
Көшер-ау көңілдегі көксіреу мұз.
Шалқардың шағаласы - қалқа бала,
Мен сезім, сен сезімге барап сана.
Жарқ етіп шыға келсең маңдай тұстан,
Көңілден көшер еді-ау қайфы-нала.
Көңілдің көкке өрлері осы бір тұс.
Дегендей ақын аға, сабаңа тұс.

Қыырға қанат қағып ұзай түсті.
Шалқарда шағала қыз – шағала құс.

Қарағай, қайың менен теректері –
Шарайна Шалқар көлдің желеңтері.
Сыңғырлап сабағынан үзіледі.
Самалдың тына қалса кенет демі.

Еліріп көтерілсе жел өкпегі,
Сықырлар сырғауылдай терек белі.
Қарағай теңселгенде басын шайқап,
Қарт қайың жапырағын төгет тегі.

Маңқып Айыртаудай қария шың,
Сапырып етегінде дариясын.
Қара орман желмен желпіп төңірегін,
Орындар жасыл желек ариясын!

Самалдың сауыр сипар назы қандай,
Орманның сыңғыр-сыңғыр сазы балдай.
Жел тынған. Жатыр Шалқар шалқасынан,
Сабасын пісіп-пісіп қажығандай.

Сезімге маза бермес селқос, сұлық,
Мынау жұмақ. Басқаның бәрін ұмыт.
Шалқардың шарайнасын сұртемін деп,
Емінер ту биіктен ақ балақ бұлт.

Самалың жан жадыратар түптен тартып,
Тұмшалар сай табанын тұман қалқып.
Көтеріп көл төсіне алтын құман,
Дидарын көрсөң күннің шыққан қалқып.

Қайыспас, күйреместей қара қорған,
Жамырап жағасында жасыл орман.
Жақпар тас жағаласып биік кеткен,

Қат-қаттап қалағандай шебер қолдан.
Қалмастай сұлу Шалқар көрген түстен,
Жағанда ұмытылмас ғұмыр кешкем.
Сен Менің көкірегімде дамылдарсың,
Көкшениң көз жасындаі тамып түскен.

* * *

Таң келеді Шалқар көлді жағалап,
Жел желпінді көл көбігін жалап ап.
Самал – саусақ сипап кетті-ау ақ төсін.
Көл бойына діріл кірді шамалап.

Таң келеді Шалқар көлге нұр шашып,
Желектерде мөлдірейді сырға-шық.
Атар таңға мінажат қып мұлгіген,
Мынау алап, тау, құбақан қыр ғашық.

Таң келеді Шалқар көлді иықтап,
Тұн серпілді жатқан марғау ұйықтап.
Сақ-сақ күліп самғап ұшты шағала,
Ақ толқынды ақ қанаты сүйіп қап.

Таң келеді бар әлемге жар салып,
Нұрға шомды тірлік біткен тамсанып.
Жұр еркесі, Шалқар тұсқа барайық,
Алдиярлап атар таңды қарсы алып.

Мөлдір мойыл, жұпар шетен, бұйра тал –
Хас сұлұлық. Жанарыңмен жаулап қал.
Кезек тосып күз бен қысың әне тұр,
Қызу таба - қызыл құмға аунап қал.

Мақпал қына, қызыл изен, көк терек,
Қарт қарагай төбесімен көк тіреп....
Шалқар жатыр, әлсін-әлі толқыны

Қасарысқан қара тасты соқты іреп.
Қарт тобылғы, қылыш қияқ, көк арша,
Бөртегүлге жарасады бүр жарса.
Шөгіп жатыр ақ ұлпалы ақ тұман,
Шілікті сай табанына ақ нарша.

Түйіле қап аяқ асты қабагы,
Қаңғыр етті көк аспанның табагы.
Ақ саумалын иіп берер түрі бар,
Мама бұлттың желіні дертіп барады.

Кетті дейсің шелектете құйылып,
Жатыр Шалқар көк нөсерден күй ұғып.
Енді бір сәт жаңбыр жинап шылбырын,
Кемпірқосақ өрмек тартты иіліп.

Қилы жағдай аспан асты өтті деп,
Күнгей тұстан сырнайлата соқты леп.
Қызыл шақа қызыл күн де байыды,
Тандыр пештей алаулата от күреп.

* * *

Шарқ ұрып Шалқар көлдің шағаласы,
Қаңқ етіп қарт Айыртау қара тасы.
Ұмытылар әлсін-әлі жағалауға,
Шайқалмай жатқан тұнық шаранасы.

Шаңқай тұс, шағыл құмның шарпығаны,
Шалқардың шабыт тілер шалқып әні.
Киялым тұғыр тастап зау биқте,
Шағала қанатымен шарқ ұрады.

Асай бұлт желі үзіп, кетті желден,
Шалқар-қыз құшақ ашты келсең кел деп.
Жанымда осы бір сәт күй қотарды,
Әлдилі толқын – бесік тынбай тербел.

* * *

Шалқардың шымылдығын жел тербegen,
Жел тербegen Шалқарға ертеменен.
Шабыттың сарқытынан бөліссе де,
Жағаңа келіп едім еркеменен.
Кимелеп бірін бірі, жағаласып,
Жалдасып, жадырасып, ала қашып.
Кете бардық бір толқын екуара,
Шалқардың құшагымен араласып.
Араласып, алысып, айбаттанып,
Қарыштап, құлаш үрып, қайраттанып.
Ақ толқын арбап, алдаң алып шығар,
Жағаға жеттік білем жайрап қалып.
Сілтесіп, семсерлесіп, соыйлдасып,
Тартынып, тізгін тежеп, тойынғансып.
Жағада еркем жатты есін жимай,
Шалқардың құмыменен қойындасып.

* * *

Кел, Шалқар, қотшасалық, құшагынды аш,
Балам деп келіп-кетер, баурыңа бас.
Шаранда шыпылдаған саумал судан,
Мениң де жанарыма тірелді жас.
Кимас сәт соқтырдың ба сағатынды,
Қақтырдың шағалаңдай қанатымды.
Шалқарым, сені қалай ұмытайын,
Алып ең бір көргеннен тағатымды.
Көтеріп күмбезіңе көңіл туын,
Самал сипап жүзінді, бұлтпен жуын.
Көкшенің ажарындаі қайран Шалқар,
Сабандын сарқылмасын сабат суың.
Жатсаң да ірге тіреп ел шетінде,
Тамсандым, таңырқандым келбетіңе.
Қызығы бұл тірліктің тарқамас-ау,
Шалқардай жұмақ барда жер бетінде.

Жүйрікті аңсау

Тұла бойын желікті от қарыған,
Жүйрік қайда тұяғын жел жаныған.
Жүйрік қайда, жаным-ау, жүйрік қайда,
Даласындай ақ даңғыл бақ дарыған.

Бұл дала жүзді айдаған, мыңды айдаған,
Керме тартып төріне ат байлаған.
Мен сені неге бүгін жоқтамайын,
Баба түлік басыңдан бақ таймаған.

Қиганнан соң қу тағдыр қанатын көп,
Сені бабам баптаған қанатым деп.
Ат дүбірі әлдилер қазақ жанын,
Бәйге десе тыптырышыр, тағаты жоқ.

Заман бөлек, сен шабар дала тарын,
Тарын тұста шығар ма дара дарын.
Саумал қымыз тандайын жібітпеген,
Жіргіт қайдан танысын жылқы малын.

Тұрқыңа тақтан түсіп бас иетін,
Тұлігі едің елімнің нақ сүйетін.
“Баспа бас қызға бермес жануардың”,
Кемір деп кім ойлаған қасиетін.

Көрмейтін жер шалғайын бүйымдайын,
Құйғытар құба жонда құйындайын.
Құні ертең Құлагердің орнын басар,
Түсіме еніп шығар құлын дәйім.



“Хан” көлі

Абылай атын суарған,
“Хан” көлі деген сенбісің?
Жағаңда құрақ қуарған,
Жоғалтып жылдар белгісін.

Үйрек ұшып, қаз қонбай,
Тұнығың неге лайланған.
Кемерің кеміп, бір толмай,
Балдыры батпақ байланған.

Ала айран болып айдының,
Жатырсың неге құрсініп.
Құңгірттеу тартып айбының,
Ажарың неге тым сының.

Қоғалы желеқ, қом суға,
Қомсынбай келіп қоналған,
Айбарлы хандай сом тұлға,
Табылмай барың тоналған.

Хан ием ізін шаң басып,
Өрісті жайлau өшіпті.
Жылдармен жылдар алмасып,
Басыңнан дәурен көшіпті.

Жолбарыс жортқан нарқамыс,
Наладан шөгіп кеткендей.
Қүндерді қалған тым алыс,
Жел ғана жыр ғып шерткендей.

Жағасы жайдақ, шараң кем,
Панаңыз қалған жайың бар.

Тозығы жеткен даламмен,
Тоналған терек, қайындар.

Абылай атын суарған,
“Хан” көлі деген атың бар.
Құыс кеуде, құр арман,
Тірлігің - нала, затың - зар.

Қалың ел қаптай қонсын деп,
Таңдай да таңдай тапқан жер.
Қазаққа Орда болсын деп,
Абылай қазық қаққан жер.

Жебесін жардан асырып,
Желекті найза тұтқан жер.
Қалмақты қырдан қашырып,
Ұпайын түгел ұтқан жер.

Кене хан кеңес шақырып,
Наурызбай садақ иген жер.
Серілер таңды атырып,
Сұлуды құшып сүйген жер.

Билері семсер-сөз іліп,
Батырлар мақұл көрген жер.
Төрт түлігі төгіліп,
“Аңдары қойдай өрген” жер.

Желіде құлын жұлқынып,
Көгенге қозы тізген жер.
Бошалап інген, ұмтылып
Бүйдасын бура үзген жер.

Сабалы жыры сарқылмас,
Жыраулар зарын төккен жер.

Батыры жаудан тартынбас,
Қанына қалмақ бөккен жер.

Ақ орда тұсқа шабынып,
Ақ бура келіп шөккен жер.
Иесін таппай жабығып,
Бұршақты жасын төккен жер.

Тізіле көшкен керуен,
Келмес сапар шеккен жер.
Сирексіп сауық, серуен,
Түбіне қайғы жеткен жер.

Сарқылып біткен сый-несіп,
Өзекке қатты тепкен жер.
Азасы ауыр күй кешіп,
Кене хан безіп кеткен жер.

Еріне ерен ел сеніп,
Тектілік дәнін сепкен жер.
Тұрса да ажал еңсеріп,
Науанжан арман еткен жер.

Семсерлі сертке сене алмай,
Құшагын жатқа ашқан жер.
Берерін жұртқа береалмай,
Береке ырыс қашқан жер.

Өрісі көндей тарылып,
Жалыны өшіп, өлген жер.
Желісті жолдан жаңылып,
Сұмдыққа небір көнген жер.

Бұгінге сен де бөтенсің,
Аңсамас еткен дәuletті.

“Хан” көлі қалай көтерсін,
Осынау ауыр нәубетті.

Тұңғіліп түрмyn жағаңда,
Халіңнің мүшкіл сұрқын-ай.
Назалы көлім саған да,
Жар болсын жалғыз бір Құдай!

Киелі көлім нетейін,
Өзегім дерттен құрсініп....
Жағаңа егіп кетейін,
Жалғыз-ақ тұп жыр-шыбық.



Шалқұйрық- дастан

Арғын қарауылдың Жақсылық тармағынан
Тараған Дәuletбай Әбілмәнсүрге пана болды,
Жылқыдағы ең жақсы аты
“Шал құйрықты” берді.
Сол аттың үстінде ол Абылай атанды.

Шоқан Ұелиханов.

Шындыққа Шоқан бабаң іңкәр келген,
Айтыпты тарих сырын ұтар жерден:
Жонгарға Әбілмәнсүр аттанарда,
Дәuletбай “Шал құйрықты” тұлпар берген.

Кәкімбек Салықов.

Дәuletбайдың бүгінгі үрпақтары Әшірбек,
Сапарбек Құнанбаевтарға арнаймын.

Автор.

Бие бау. Жасыл жайлау. Тартқан желі,
Жалғызтау осы өңірдің асқар белі.
Шұбардың қолатына қоныстанған,
Жақсылық Қарауылдың қалың елі.

Дәuletбай топ бастары Жақсылықтың,
Ауылынан аулақ қонған қас қылыштың.

Сарқылмас қара саба қордалы қарт,
Тартпаған тауқыметін тапшылықтың.

Әкесі Қалдаманға ырыс қонған,
Шайқалмас шаңырағы дұрыс қонған.
Сол дәulet желі тартып келген шақта,
Демейді Дәuletбайға бұрыс қонған.

Әкеден байлышқ мұра баласына,
Құт болып қотарылған сабасына.
Төрт түлік жайлау керіп кеткенінде,
Сыймаған Қамсақтының сағасына.

Онынан күнде есіп самал желі,
Жататын мамыражай жалпақ елі.
Дегендей байы маңғаз, батыр балпаң,
Болмаған бір бірінен ешбір кемі.

Кей шақта түсіп кетіп елге салмақ,
Батырлар аттандаған жанын жалдалап.
Қысқа күн қырық шапсақ деп қоқандаумен,
Мазалап қоятұғын құба қалмақ.

Сол шақта Дәulet батыр ашынатын,
Атының шоқтығына асылатын.
- Әттеген, қарттық жетіп, түсады-ау, - деп,
Опынып, орта түсіп, басылатын.

Осындай алас-күлес уақыт өткен,
Дәкең де шөгіп еді қайғы-дерттен.
Елге ес, жұртқа пана болсам деген,
Жас жігіт ақ ордаға келіп жеткен.

(Тәнірім текті ұрпақты қолдасын да.)
Жол бастап Ораз деген жолдасына,

Жас жігіт еніп еді имәнбей-ақ,
Нар шөккен Дәuletбайдың ордасына.

Қаратай, өлде Алатау, өлде Сырдан,
Жолы бар ізі шандақ алыс қырдан.
Расы ма, жалғаны ма, Сабалақ деп,
Дәкеңе өзін өзі таныстырган.

Іздемес жайлыштырып, орын паналы ықтан,
Жан емес, жауынан да қорқып, бұққан.
Түйесін Төле бидің матап тастап,
Жан екен Түркістаннан қашып шыққан.

Кең иық, сұңғақ бойлы, қыран қабақ,
Ораздай алба-жұлба емес салақ.
Түйе жұн жеңіл шекпен, бөзден көйлек,
Жер соққан шалбары бар шұбарбалақ.

Жанарын тіктеп қадар тілдескенге,
Бұкпесіз жөнін айттар біл дескенге.
Сөйлесе тақпақтайды, тақталайды,
Дегізер тамсандырып жыр кешкен бе.

Болса да жұмбақ жүріс, бұлдыр дерек,
Жігітті бейгам ауыл жатпады елеп.
Даңғыл қарт даналықпен аңғарғандай,
Жігітті жіті жүріс, тұрқы бөлек.

Отырмас, қара жерге - қорсынады,
Астан да жасық жемес - қомсынады.
Тобырды теңгермейтін сырттан жігіт,
Тектімен тең болуды жолсынады.

Тапты ма Дәкең қарттың көңіл хошын,
Шешімді десендағы жөнсіз, тосын,
Сенімде селкеулік жоқ Сабалаққа,
Дәuletбай табыстаған қара қосын.

Он қосты он мың жылқы бағып жатқан,
Ықтырмас борандарда дауылдатқан.
Қотыр тай қолды болып көрген емес,
Құрса да талай ұры қасқыр қақпан.

Сабалақ жер бедерін білген анық,
Құзеткен сан жылқыны жаңын салып.
Түспейді ат үстінен көнтақым боп,
Құндіз-түн тебінгісін терге малып.

Сабалақ бай сенімін түсінеді,
Байқаңыз жас жігіттің күшін енді.
Барымта, сырымтамен келгендерді,
Тобықтан бірақ ұрып түсіреді.

Деген бар жаратылған жылқы түктен,
Қазаққа жалқы жақын сіңген сұтпен.
Үйірде Шалқұйрықтай бір күлік бар,
Шоқтығы бар жылқыдан ерек біткен.

Апай тәс, жуан сіңір, жібек жалды,
Шалқұйрық бар жылқыдан ерек мал-ды.
Кеуделеп ұмтылғанда айбаттанып,
Үйірін сан саяқтың бұзып, жарды.

Сездіріп тектіліктің асыл құнын,
Шалқұйрық топтан торай бермес шығын.
Қамалап келсе дағы қырық қасқыр,
Үйірден алдырмаған жалғыз құлын.

Жылқыны жел қанат деп өскен жастан,
Тұлпармен сан жорықтың құлпын ашқан.
Тұлігін Қамбар ата құрмет тұтып,
Сабалақ Шалқұйрыққа бауыр басқан.

Ат тағы жігіт сырын білетіндей,
Аузымен ұшқан құсты ілетіндей.

Шалқұйрық сан амалға машықтанды,
Тек қана ер Сабалақ мінетіндей.

Күтпесең күліктен де күй кетеді,
Сабалақ сан тәсілді үйретеді.
Шалқұйрық қарсы шапқан кім боса да
Кеудемен соғып барып күйретеді.

Текті мал ер үмітін ақтай білген,
Ер дағы тұлпар сырын сақтай білген.
Бір жорық тұа қалса мінермін деп,
Күліктің тілін буып баптай білген.

Намыстың иығына салып салмақ,
Арқага лап қойғанда қалың қалмақ.
Дәулетбай Сабалаққа аттан депті,
Шар тұяқ Шалқұйрықты мін де таңдал.

Болғанда тірлік – талқы, ажал – ноқтан,
Қылыш ал асфахани ұста соққан.
Шашақты көк найзаны алдыңа өңгер,
Сауыт ки қағас қылар атқан оқтан.

Сабалақ, жөнің бөлек ағалаған,
Мен дағы қарымыңды шамалағам.
Халқыңа бейбіт жатқан қалқан бол да,
Қалмақтан құтқара гөр табалаған.

Мінажат, медет сұрап жалғыз хақтан,
Тілегім сұрқиядан сақсын, сақтан.
Мойныма бүршақ байлап, зарланамын,
Бабаңың батасымен жауыңа аттан!-

Деген қарт “Е, Алла!” деп қолын жайды,
Сабалақ атқа мінді, қару сайлы.
Шалқұйрық кетті алып келешекке,
Аруақты қазақ ханы Абылайды!

Сабалақ жауга шапты “Абылайлап!”
Қалың қол ошарылды “Ә, Құдайлап!”
Бір батыр қалмақ тұстан шыға келді,
Қолда қылыш, қарына қалқан байлап.

Шалқұйрық шабыс тілеп жұлқынады,
Ет жүрек кеуде теуіп бұлқынады.
Кісінеп қоя берді қайран тұллар,
(Адамнан зият деген жылқы малы.)

Шалқұйрық екпіндеп кеп соқты қатты,
Қалмақ та көрмеген-ау мұндай атты.
Айрылған ауыздықсыз асау тұллар,
Сүрініп, қайра тұрып, лага шапты.

Сүрініп кеткен шақта жау тұлпары,
Қазақтың шүйілді кеп ақ сұңқары.
Қарманып қалған тұста қалмақ батыр,
Жарқ етті Сабалақтың зұлфықары.

Қазақтың өрге асып тепкен тасы,
Шаттанды “Абылайлап!” кәрі-жасы.
Сабалақ қылыш ұрып жібергенде,
Шарыштың шоршып тұсті ғазиз басы.

Денесі атпен кетті, басы қалып,
Барады шошынған ат қияс лағып.
Айрылдық хан ұлынан қалайша деп,
Құніренді қалың қалмақ жасы тамып.

Шарыштан айрылған жау талқандалды,
Майрылып қылыш, найза, қалқан қалды.
Абылай еміреніп сүйіп тұрды,
Шар тұяқ Шалқұйрықты жібек жалды.

Арқаның есіп майда самал желі,
Қунады қуаныштан ері, елі.

Осылай қайтып еді қазағымның,
Ата жау-қалмақтарға кеткен кегі.

Даңғыл қарт Шалқұйрықты бердім деді,
Жорықтан күнде жеңіп келгін деді.
Қазанат ер жігіттің қанаты ғой,
Намысын берме жауға елдің деді.

Абылай қарт тілегін құп көреді,
Тұлпарды бір басына құт көреді.
Сан шайқас Шалқұйрықтың үстінде өткен,
Ерлігін Абылайдың жұрт көреді.

Абылай қалың елге болат қорған,
Шалқұйрық ұлы ханға қанат болған.
Жан берген сан жорықта, жануарым,
Иесін құтқарыпты талай тордан!

Дәuletбай қарауылдың кеменгері,
Абылай бар қазақтың кемелді ері.
Тарихтың талқысына төтеп берген,
Елену керек-ақ қой еңбегі.

Бетке алып қарт қазақтың сардаласын,
Жүйткісе Шалқұйрыққа таң қаласың.
Тұлпарын қадірлекен бабалардың,
Баурыңа басқың келет бар баласын.

Ұлы көш керуеніне қалыспаған,
Тағдырын тұлпарына табыстаған.
Азат ел аршындай бер, ағындай бер,
Ежелден бәсі биік бақ ұстаған.

Білемін, арқамызда ауыр жүк бар,
Қабыл боп Алламыздан хақ бүйрықтар,
Қанатты қазағымның қазанаты,
Шалдықпай шаба берсін Шалқұйрықтар!

Қанай-дастан

Ту баста Абылайды хан көтерген,
Қамқоры қарауылдың шешен Қанай.
Магжан.

Алты ауыл Қанай ақсақалдарына
арнаймын.
Автор.

Кілт

Өксікті, өкінішті өмір-кермек,
Откенін кімдерің бар жатқан тергеп.
Бабалар ұзап кеткен көштің басы,
Жас ұрпақ кезектесіп келе бермек.
Қарт тerek қаусап, қурап құлап түссе,
Жас емен жайқалмай ма құат кернеп.
Қарт қыран зау биіктен ағып түссе,
Тас түлек самғамаспа қанат сермен.
Өлең сөз өміріме өрнек салған,
Сондықтан болған емес маган ермек.
Қарт тарих алға тартса сымбат-сырын,
Көрейін шамам кле қалам тербеп.
Қазақта батыр-батпан, билер-шешен,
Қанайдың көп көсемнен жөні бөлек.
Абылайды – хан көтерген кемеңгерім
Халқының бақытына болған себеп!

Арна

Таныған Абылайды топтан таңдал,
Жатыр деп зердесінде батпан салмақ.
Еліне пана болар зауалды шақ,
Алды аспан тіліп түсер алтын балдақ.
Лақтырсаң қай қыырга іліп тусер,
Қанды ауыз қарпуы мол болат қармақ.
Атойлап атқа қонар айбаты мол,
Қылт етсе қыр астынан қалың қалмақ.
Алқалы алты арысқа ақыл айтар,
Зерделі ой, зерек көңіл тасты жармақ.
Зар кешсе жүрек сырын күйге теліп,
Төгілтер небір сарын болды бармақ.
Бізге де бір Қанай шал қажет боп тұр,
Санаға тұскендікten ауыр салмақ!

* * *

Таныған Абылайды ардағым деп,
Қияға қанат қақса самгарым деп.
Қырық пышақ қазағыңың басын қосар,
Өзінді “Хан ием!” деп таңдадым дәп
Алдында ант алысқан әрбір сөздің,
Алтындей салмағы көп, жолғаны жоқ,
Көтеріп ақ кигізбен төбемізге,
Жолыңа жан берсек те арманым жоқ
Дей алған бабамыздың ақ батасы,
Айналған алты алаштың ұраны боп.
Бізге де бір Қанай шал қажет боп тұр,
Заманға жауап табар сұрағы көп!

* * *

Таныған Абылайды тарланым деп,
Алдырмас алысқанда арланым деп.
Тірліктің тәлкегіне кімдер түспес,

Алдау мен алдауы мол, жалғаны көп.
Халқының қамын жемес жетесіздер,
Сабандай сылдыр-сылдыр салмағы жоқ.
Тал түсте талайтындар толып жатыр,
Қазақтың іштен шықкан қалмағы боп, -
Деген сөз Қанай қарттан қалмап па еді,
Санаңды шабақтайын салмағы көп.
Бізге де бір Қанай шал қажет боп тұр,
Көре алсақ ондай дана арманым жоқ.

* * *

Таныған Абылайды арысым деп,
Шөміген шөншік емес, талысым деп.
Билікке қолын созған билердің де,
Ақиқат адал жолда шалысы көп.
Едім деп ерте аттанған есіл ердің,
Қиямет қыындықтан қалысы жоқ.
Кеңпейіл керегелі кемелдінің.
Қасында жұру де арман танысы боп,
Дегенді дана қартың талай айтқан,
Жаңылмай бұл жалғанда жарысы көп.
Бізге де бір Қанай шал қажет боп тұр,
Елімнің желбірейтін намысы боп.

* * *

Таныған Абылайды данамыз деп,
Оққағар ойран шақта панамыз деп.
Аттандық “Абылайлап!”, “Ә, Құдайлап!”
Соңынан қалай ғана қаламыз деп.
Сабылдық сар далада саяқтайын,
Аузына ажалдың да барамыз деп.
Сан сарбаз сар садағын сарнатқан-ды,
Қазақтың кеткен кегін аламыз деп.
Бізге де бір Қанай шал қажет боп тұр,
Әйтпесе жол табарлық шамамыз жоқ.

* * *

Халықтың ақ тілегін қолдау үшін,
Тарихтың тоқсан сырын толғау үшін,
Ойда орыс, қырда қытай көз сұғынан,
Қазақтың қарт даласын қорғау үшін,
Жаратқан жаппар ием жәрдемі мол,
Қазақты жаратпаған қорлау үшін,
Дей алар бір Қанай шал керек боп тұр,
Елімнің бүгінгісін бекем етіп,
Кемелді келешегін барлау үшін!

Түйін

Десек те бұл қазақта даналар мың,
Даналық Ҳақтан дарып, дараландың.
Өзіндей өресі зор жан болмаса,
Дәуірдің сарын сырын саралар кім?
Тар соқпақ тас қамалды тастан шығар,
Шамасын шамырқанса шамалар кім?
Өзіндей өрге сүйер тарлан жоқта,
Тура жол табан таймас табалар кім?
Өзіндей жан болмаса дана, дара,
Тірліктің оң мен солын бағалар кім?
Биіктен табылатын арманы асқақ,
Ақ жолын ардақ тұтып агалардың.
Дәуірдің дарабозы Қанай қарттай,
Рухына бас иелік бабалардың!

* * *

Адаспас алты арысты салдың жолға,
Болғанда үнің - мақпал, тілің - жорға.
Тұңғиық ақылыңмен түгел шарпып,
Даналық нұрын шаштың оң мен солға.
Тектінің түбін түптер дана қартым,

Иығың асып тұрды-ау сенің сонда.
Сарқылмас сабадайын сұлу сөзді,
Қотарып жатушы едің алтын қорға.
Атығай, қарауылдың қамқор қарты,
Құтқардың не тарланды түскен торға.
Ой толғап, сөз сапырып кеткенінде,
Не жүйрік ілесушіет саған зорға.
Халқыма бір данагөй қажет бол тұр,
Кезікпей әлі күнге біздің сорға.
Қанайсыз, Абылайсыз қазагынды,
Аруағы алты алаштың өзің қолда!



Қарасай-дастан

Бабам менің Қарасай
Шапқанда елді жау талай
Айырып алған батыры!

Жамбыл.

Ұры сай - Қой маңырақ, Қозы маңырақ,¹
Осы тұс ошарылған қалың қалмақ.
Жоңғардың жебей жортқан көкжайлары,
Аңғал ел - қазақ жүрттын шауып алмақ.

Қырланған жай тасындаі бір көк берен,
Қалмақта қос қонтайшы Ұса, Серен.
Бөрідей бел астында бұғып жатыр,
“Тисе, - деп, - Қарасайга жасыл жебем!”

Өйткені ол мына жүрттың қалқан-белі,
Ол барда жатқа кетпес қазақ жері.
Ол барда қолға тұтқан алаш туы,
Жығылмас сарқылғаниша ақтық демі.

Ол – заңғар қиясынан қыран ілер,
Ол – терең, кім тұңғиық сырын білер.
Ту тұтқан талыс кеуде Қарасайды,
Жоңғарда ұл туған жоқ сүріндірер.

Жортқан ол жолбарыстай қалың жымда,
Қақталған қызыл шақат бетпақ құмда.
Елім деп еңіреген есіл батыр,
Түнеген ақ кіреуке тайғақ мұзда.

¹ Қой Маңырақ, Қозы Маңырақ - қалмақ қолымен қазактардың соғысқан жері.

Тұн қатып, түсі қашып, жаннан безген,
Абыздай сырлас іздер құла түзден.
Талқы тау, Тарбагатай, Ертіс, Балқаш,
Етегін Ерейменнің екшей сүзген.

Ол батыр қақпан белді құла мінген,
Ел үшін намысы – от, ары – безбен.
Сабадай сарқылмаған қуат солып,
Көз жұмса жұрт жұтарын сергек сезген.

Қазақтың бағы да осы, таңы да осы,
Ән айтып, күй шерттірер көніл хошы.
Ол барда бақыттырақ сезінеді,
Ақ орда, жарты лашық, қоңыр қосы.

Найзага жау міндіріп масаттанған,
Сусынын сан қандырган қасат қардан.
Өзім деп өзеуреген өңезге де
Жауығып, гайбат айтып, тас атпаған.

Алды кең қазағының даласындей,
Қарасай осы жұрттың панасындей.
Сыпырып томағасын талай жасты
Соңынан ерте білген баласынбай.

Солардың бірі Ағынтай – арғын тегі.
Мекені Арқа төсі – Қекше жері.
Қарасай қосынына қосылыпты,
Күшейіп күннен күнге көніл шері.

Мазалап қазақ елін құба қалмақ,
Қапыда ебін тауып шауып алмақ.
Дұшпанның озбыр қылық сырын сезген,
Қол бастар батырларға түсті салмақ.

Ел десе намыстары шоқтай жайнап,
Сан батыр сап түзеген қару сайлап.

Үш жүзің атқа қонған атой салып,
Қыырдан қиқу шықса “Қарасайлап!”

Найзаның сағасына байрақ байлап,
Қайтарған қалың жауды “Қарасайлап!”
Сол сарын Сары Арқаны көктей өтіп,
Менің де құлағымда жеткен жайлап.

Қарасай ақ беренін айға білеп,
Қан басқан қос жанары ұрыс тілеп.
Тұяғын тасқа жаныр тастұлектей,
Сыптырып томағасын шығар түлеп.

Тас талқан, тау кетсе де қиратылып,
Қарасай танытпаған оқшау қылыш.
Жауына атылатын аш бөрідей,
Қыл арқан қуатындай ширатылып.

Батырлар бұғынбаган шатыр асты,
Сан соғыс талайлардың бағын ашты.
Солардың ортасында Ағынтай мен
Қаһарлы Қарасай бар шапырашты.

Қос батыр қатар сілтеп найза-қылыш,
Жауына ала бұлік салған ұрыс.
Ойратқа ойран болып тиер еді,
Ұрыста болмаған соң қарап тұрыс.

Қалмақтың бас батыры Доржы Цәрән,
Алапат аюдайын күші ерен.
- Жекпе жек! – деген шакта, қарсы
беттен.

Сурылыш шыға келді бір жас ерен.

- Апымай, тентек неме қанжылар ма,
Әккі жау оңайлықпен алдырап ма? –

Дегенше болған да жоқ, қапы соққан
Боздақтың басы кетті қанжығада.

Қарасай қаһарланған ыза төгіп,
Жауына келіп қалды таймай төніп.
Найзасын толғрай қадап көтергенде,
Доржының қабырғасын кетті сөгіп.

Соғыстың алды - өлім, арты – тайғақ.
Әр тұстан ат қойысқан андагайлап.
Қазақтар дабылдатып, кернейлетіп,
Лап қойды қалың шепкे “Қарасайлап!”

Сауырын тұлпарлардың қанга шылап,
Сарбаз көп ат жалына жатқан сұлап.
Көк жебе оңменінен көктей өтіп,
Жау да көп жасыл жонда жатқан құлап.

Ақырған арыстандай ыза-кеқпен,
Ағындалап біреу шықты қарсы беттен.
Қылышын қанга малған Қарасай ол,
Жау шебін көк жебедей жарып өткен.

Арылтып қазақ жерін қалың жаудан,
Асырып жіберіпті Талқы таудан.
Ашыллып Қаратаудың қарт қабагы,
Сары Арқа бір желпінді саумал сауған.

Қалың ел қайта түлеп жадырады,
Әр тұстан сүйіншілеп жамырады.
Айрылған анасынан жетім қозы,
Сай асты қалып қойған маңырады.

Босқан ел жұртын ізден сандалады,
Келер күн тірлігіне қамданады.

Шұбаган қалың қөштің ізіменен,
Қанатын қанга малған ән барады.

Басылмай батырлардың арындары,
Шоқ болып лаулап қайта жалындады.
Ағынтай аға тұтып алып келген,
Қарасай Қекшеге кеп дамылдады.

Қекшетау Қарасайды ұлым деді,
Даңқынды естуші едім бұрын деді.
Қырық жыл қырқысумен өттің батыр,
Алсанышы біразырақ тыным деді.

Ақдемін сарқа құйып көнектегі,
Ел сөйтіп Қарасайға өбектеді.
Тербетті Айыртаудың арулары,
Батырды ән-бесікке бөлеп тегі.

Жиын-той батырларға арналады,
Жан тербер серілер мен салдар әні.
Батырмен түн ләзәтін бөліседі,
Қекшениң көңіл қосып кермаралы.

Туса да қырау қабак ашулы ақпан,
Қос батыр қара орманның аңын қаққан.
Айыртау, жасыл жайлau құшағында,
Қырмызы қызықты күн бақыт тапқан.

Құс салып, ит жүгіртіп, ат жаратқан,
Жамбы атып, найза қадап, садақ тартқан.
Қарасай жалғыз қалған жадау шақта,
Аспанға қадалушет жұлдыз аққан.

Сол шақта есіне алып туған елін,
Өрісті өркеш таулы өскен жерін,

Сан тарау домбырадан қотаратын,
Көңілдің көкке өрлеген нала шерін.

Күй шертіп, жан күйікпен егілетін,
Егілетін, жас болып төгілетін.
Тұған жер сағыныштан сарғайтқанда,
Ах! ұрган жүрсे дағы емін-еркін.

-Қыс өтсін. Жазда елге кетем, - дейтін,
Бұйырса Алатауга жетем, - дейтін.
Белді ат, төрт-бес жігіт қосшы алып,
Балқаш көл, Бетпақ шөлден өтем дейтін.

Ағынтай, сен де маған еремісің,
Жұмақ жер – Жетісуды көремісің.
Бірер жыл қасымда боп аунап, қуна,
Тізгінді біздің қолға беремісің, -

Деп батыр Ағынтайға наз айтатын,
Тілегін тізгін тежеп аз айтатын.
Ағынтай сауық құрып жиі-жиі,
Қайғысын Қарасайдың азайтатын.

Ағынтай ағасына еркелеген,
Ат ерттеп, сейілдеткен ертеменен,
Ән салып, сауық құрып Қарауылда,
Көңілдің тылсым күйін шерте білген.

Әр елдің жағасы бар, ағасы бар,
Қара нар көтере алмас наласы бар.
Кешегі бір соғыста найза тиген,
Батырдың жүрек тұста жарасы бар.

У жаққан найзасына қасқөй дүшпан,
Сан батыр сол найзадан ажал құшқан.
Қарасай жекпе-жекте түйреліп ет,
Сауытын көктей өтіп жүрек тұстан.

Найзасын одан әрі бойлатпаған,
Ет қызыу жара жайын ойлатпаған.
Қақ жарып қалың жаудың қанды қолын,
Көк жорға алыш шыққан ойнақтаған.

Кетпес деп қалың жауға менің есем,
Қарасай өз қолына жеткен есен.
Жарасы жанға батып қиналғанда,
Демейтін біраз күнгө ғұмыр кешем.

Сол жара келе-келе асқынады,
Тірліктің тоқтар ма екен тасқын әні.
Қарасай ах ұрғанда елін ойлап,
Баянның¹ егіледі жас құрағы.

- Тірліктің бітер емес сұрақтары,
Ел шалғай, шапырашты жырақ қалды.
Бақұл бол алыс-жақын бауырларым,
Қайран жан Көкшеге кеп тұрақтады.

Қиялым қыырларға шақырады,
Туады енселі елден батыр өлі, -
Көз жұмды қайран батыр осылайша
- Көкшениң бүйірсын, - деп, топырағы.

Солайша Қарасайға қаза жеткен,
Ағынтай ағатайлап жасын тәккен.
Қазақтың хас батыры өтті десіп,
Қаптады ала шекпен, қара шекпен.

Сөндіріп қаудай жанған қалың өртті,
Жұректен сылып тастап нала дерпті,
Қазаққа азаттықтың таңын сыйлап,
Қарасай жай оғынданай ағып өтті.

¹Баян, Айыртау – көл, тау аттары.

Ағынтай ұзамады, ол да өтті.
Қарауыл қорғаным деп жасын текті.
Қос батыр мәңгілікке құшақтасып,
Баян тау іргесінде барып шөкті.

Баян тау Баян көлдің етегінде,
Айыртау айыр жолдың жетегінде.
Қос батыр дамылдаған жасыл төбе,
Аңыз боп келешекке жетеді де.

Қаймықпас жүрер жолдан тар екен деп,
Қөтерген елдің жүгін нар екен деп,
Сенейік көшті бастар болашаққа.
Ұрпағы батырлардың бар екен деп.

Жас елдің үміт-гүлі солмасын деп,
Басына бақыт дәуір орнасын деп,
Тілейік елін бастар ерлерімді,
Аруағы бабалардың қолдасын деп!

P. S.

Жалындай нағыз оттан жаратылған,
Қазақта батырлар көп дара туған.
Мен дағы Қарасайды толғап көрдім,
Тудырып қиялымның қанатынан.

Қазақта Қарасайдың болғаны анық,
Демейді көне күндер оны танық.
Тарихын түптеп, терең білмесем де,
Қаламды қиялымға алдым жаңып.

Айтқан сөз қайта оралмас атылған оқ,
Шындықты бүрмалаумен шатылған көп.
Әулекі әлектенген әлде кімдей,
Біреуге жағынам деп жазғаным жоқ.

Сағым-құс қиял дастан толғағаным,
Тарихты білмедің деп қорламағын.
Шындығым – бір батырын қазағымның,
Тірілітіп, шабытыммен қолдағаным.

Десек те қолым батыл, көзім қорқақ,
Келсе де кейбір тұсы шынға томпақ,
Ел болар бірін бірі батыр дескен,
Менің де бар айтарым осы болмақ!

ЛІСА

Ағыбай-дастан

Ертеде болған екен ер Ағыбай,
Ол кезде ер болмапты Ағыбайдай.
Баяғы Қенесары заманында,
Ерлігін көрсетіпті елге талай.

Білмеген Ағыбайды ел болмаған,
Тең келіп қарсыласар ер болмаған.
Ағыбайдың алапқа даңқы кетіп,
Ол барып, ол жүрмеген жер болмаған.

Ағыбай еш бір жанға бас ұрмаған,
Басынан дүшпан ісін асырмады.
Жалғызы Ағыбайды бөгеген жоқ,
Қандай жан есіл ерге тор құрмады.

Батырда бес жұз кісі нөкер болған,
Соғысқа шеттерінен шебер болған.
Шықпайтын нояндары айтқанынан,
Ағыбай не қыл десе соны қылған.

Жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы,
Теп тегіс бәрі оларда қысы-жазы.
Айт пен той, ойын-сауық неше турлі,
Және көп не секілді өнерпазы.

Жүрмеген қару аспай жігіттері,
Жалатқан алтын, күміс белдіктері.
Садақ пен сапы, қанжар, айбалтасы,
Жауына көрсететін ерліктері.

Байлаулы қорамсақтар тағы белде,
Жайы жоқ жауға тисе алмас жүлде.
Бәрі өзір күні-түні жандарында,
Ерлікпен елін сақтар қайткен күнде.

Ол кезде жаугершілік заман екен,
Халқының әдеті де жаман екен.
Батыры қүшті ерлердің одақтасып,
Өштескен елін шауып алады екен.

Қапыда дұшпанына кездескендер,
Тоналып жұттай болып қалады екен.
Кездесіп бір жорықта қалың дұшпан,
Ағыбай сол ісіне назалы екен.

Бір күні қалың қалмақ қамап алып,
Жорықта жатқан жерін біліп қалып.
Ағыбай қараңғыда ерін көрмей,
Бір батыр қолда қалды жарапанып.

Жолдасы ед Абылайдың ер Қөлебе,
Келгенде екі дайда жеме-жемге.
Жекпе жек Ағыбайдан кем соқпаған,
Сүйсінген халқы талай ерлігіне.

Туысы сұлу еді сұңқар қабак,
Айбыны Ағыбайдан артығырақ.
Софыста нояндары байқаушы еді,
Өрт міnez, аңғырт еді батыр бірақ.

Атақты Алтай атты таудан әрман,
Бар екен қалың қалмақ қоныстанған.
Батыры Қолаба атты қалмақтардың,
Сол еді Қөлебені байлап алған.

Өзі хан, өзі батыр ол Қолаба,
Қалмақ жоқ онан мықты ол арада.
Найзагер, садақ тартқыш сырттан екен,
Талайдың жанын тәннен қылған ада.

Денесі еңгезердей, түсі сұық,
Келмейтін ашуланса ешкім жуық.

Соғыста жалғыз өзі жүз кіслік,
Ерлікпен жұрттан асқан үздік туып.

Бар екен Қолабаның жалғыз қызы,
Жұлындаі құмырсқаның басқан ізі.
Онан сұлу аспанның астында жоқ,
Жаудырап қарақаттай екі көзі.

Елінде талай жігіт болған ғашық,
Жалғызы бата алмаган аяқ басып.
Қара көз қайсымызға тиеді деп,
Қоятын талайлары сыр сырласып.

Бір күні жұрт жияды ер Ағыбай,
Келіпті нөкерлері бірі қалмай.
Ақылдасып, ұнатып жиылған жұрт,
Батырга ерсін дейді ноян Таңбай.

Іріктеп сексен кісі нөкер алыш,
Аттанды Қолабага содан былай.
Қүренше жер тебініп астындағы,
Оқ бойы алдында отыр ер Ағыбай.

Көк найзасы көлденең, белде садақ,
Сауыты үстіндегі күміс жарғақ.
Өзгелердің бәрінде қос-қос аттан,
Жалғыз-ақ дара мінген Ағыбай-қа.

Бір қонып Қызыл таудан арман асып,
Шығысты бара жатыр көктей өтіп.
Хан тауы мен Қарауылдан өткен шақта,
Сыртында Шыңғыс қалды бұлт күзетіп.

Батырлар сол бетімен он төрт қонып,
Қара Ертіс өлкесіне келді жетіп.
Осы жерде екі-үш күн тынықтырып,
Қарауылдан қалмақты тұрды күтіп.

Қолаба Қөлебені байлад алған,
Мақтанып өз еліне алып барған.
Бекітіп қол-аяғын Қөлебенің,
Шұңқырлап терең қазган жерге салған.

Бұрыннан естиді екен Қөлебені,
Жас сұлу ғашық екен бір көргелі.
Үңгірден Қөлебені шығарып ап,
Отырды тәмен қарап сөйлегелі.

Рас сіз Ағыбайдың жолдасы ма,
Атақты ер Қөлебе қол басы ма?
Мен сізді босатуға ант етемін,
Төгілген қарайсыз ба көз жасыма.

Өзіңе аудардым шын ниетімді,
Ойлама өтірік деп бұл сертімді.
Қайтсе де босатамын, көңілім ақ,
Жалғыз-ақ білдір маған өз бетінді.

Қөлебе жауап берді Қаракөзге,
Бар сөзін айтып сұлу болған кезде.
Сен сүйсөң мен де сізді қабыл алам,
Ай менен аспан айғақ осы сөзге.

Қөлебе құшақтады Қаракөзді,
Ендеше мен сендікпін деген кезде.
Күміс ай көкте тұрып бата берді,
Жұлдыздар жымындағы көр деп бізді.

Үндемей тұн тұншықты көңілі толып,
Сүйсініп жан тұншықты жым-жырт болып.
Екі жас құмарланып сүйіскенде,
Кетіпті Қаракөзден жас тәгіліп.

Екеуі кетпек болды осы тұнде,
Қалмақтан құтылмақ бол сәтті күнде.

Қаракөз екі тұлпар алып келді,
Қалдырмай қару менен киімін де.

Екеуі мініп екі ақбоз атқа,
Білдірмей кетті жүріп көп қалмаққа.
Алтайдың күн батысын бетіне алып,
Көлебе бастады еркін Арқа жаққа.

Шаңқайтып егіз бозды ертеңінде,
Отты үміт екі жастың жүрегінде.
Ақтаудың Ақтау-Алқа асуынан,
Тоқтамай тагы да өтті ертеңінде.

Қолаба еліне ертең бүлік салды,
Кеткенін Қаракөздің біліп қалды.
Кетті деп дүшпаныммен дүшпан болып,
Көпіріп аузы-басын көбік шалды.

Қасына бес жұз кісі нөкер алды,
Жеке өзі нөкеріне қарамады.
Қос жирен Қосалқаның қос бедеуі,
Ішінен Арша көкті таңдал алды.

Жарысты үшқан құспен арам қатқыр,
Жетпеген Қөлебеге несі қалды.
Жаңылтпас жар тастардан кетсе қарғып,
Тау жарып жалғыз қалмақ асыр салды.

Мінгені олардың да ылғи жүйрік,
Сонда да нөкерлері ере алмады.
Бұлдырап сағым қыып Қолаба үшты,
Соңынан қарасын жұрт көре алмады.

Ағыбай үш күн жатып демін алды,
Жан-жаққа қарауылдан көзін салды.
Басына Қендірліктің шығып тұрып,
Таңбайдың бір қараны көзі шалды.

Әскерді аттандырып үлгергенше,
Жақында екі құйын келіп қалды.
Жырынды Таңбай тұшы тағы қарап,
Дәл осы Қөлебе деп айтып салды.

Көтерді ала туын Абылайдың,
Биікте қолында еді ер Таңбайдын.
Қөлебе ер Таңбайға қарсы жүрді,
Көрген соң қарауылын Ағыбайдың.

Батырлар аман көріп көңілі тынды,
Қаракөз аттан түсіп сәлем қылды.
Ағыбай риза боп келініне,
Жарқынным, көп жаса деп бата қылды.

Таңекең тағы шолып айналаны,
Көреді келіп қолған Қолабаны.
Аттан деп хабар беріп батырларға,
Майдан гып күтіп тұрды бір даланы.

Қолаба тұра қалды жақын келіп,
Сайдағы Ағыбайдың қолын көріп.
Ең мықтың жекпе-жекке тез шығындар,
Ішейін қандарынды ұрттаپ төгіп.

Ағыбай қүреңшеге өзі мінді,
Шақырып ескі аруақ-кәрі жынды.
Қөлебе мен шығатын кегім бар деп,
Өтініп ағасына жол бермеді.

Қаракөз жетіп келіп Ағыбайға,
Сауыты жоқ ініңіздің түспепті ойга.
Әжемнің ашуланған түрі жаман,
Қоймайды ініңізді енді жайға.

Айтқанша осы сөзді бітті жұмыс,
Сілкініп батырлардан басталды ұрыс.

Қолаба қылышымен салып өтті,
Тегінде Қолабаның беті дұрыс.

Көлебе тигізбеді қағып қалды,
Айналып кеп Қолаба найза салды.
Әлуэтті алып қолдың ырғауымен,
Өкпеге сағасынан найза барды.

Көлебе жер бауырлап аттан түсті,
Қолаба кегін алды, қанын ішті.
Ес кетті Ағыбайдың нөкерінен,
Қаракөз жансыз тәнді барып құшты.

Ұмтылды Қаракөзге сүм Қолаба,
Қанды бас көк найзаны алып қолға.
Ағыбай қағып қалды одан бұрын,
Тұр еді қылыш даяр сол қолында.

Қан ақты Қөлебеден дір-дір етіп,
Қара жер жұта берді есі кетіп.
Қаракөз жансыз тәнді қалды құшып,
Жетпеген сорлы жасын мөлтілдетіп.

Көп сорлы бұл секілді қалған талай,
Құн жоқта адасқандай аспанда ай.
Жас сорлыны күнәсіз отқа салып,
Рақымсыз қара пейіл сүмдар қандай.

Ағыбай Қолабага өзі барды,
Оған да өзіндей ғыпп найза салды.
Жал құшып аттан қалмақ құлағанда,
Қаракөз ақ семсермен басын алды.

Кешікпей көп нөкери тағы жетті,
Басынан Қолабаның дәурен өтті.
Қаракөзді Таңбай сақтап кейін тұрды,
Өзгелері соғысқа кіріп кетті.

Батырлар қылыштарын қанға былғап,
Топылдап аттан тұсті талай қалмақ.
Аттанып уыттанған ерАғыбай,
Тобына жалғыз кірді көзі жайнап.

Шаң кетті айқайға үқсап көтеріліп,
Құйындай ығы-жығы дұшпан қайнап.
Жығылды талай қыршын жерді қауып,
Сол топтың ішінде жүр ажал ойнап.

Сай-сала сансыз өлік дертке толды,
Жарқылдап қылыш, найза онды-солды.
Қашқаны қалмақтардың қашып кетіп,
Қашпаған мықтыларын қырып болды.

Найза мен қылышының қанын сұртпей,
Ағыбай Қаракөзге қайта келді.
Өле-өлгенше құнынды жоқтармын деп,
Құшақтап Қөлебені еніреді.

Сүйегін елге қарай алып жүрді,
Тоқтаусыз Таңбай түші жылай берді.
Софыста ту үстаган соңын бағар,
Таңбайдың үмтыйлмауы содан болды.

Еліне сөйтіп қайтып келді Ағыбай,
Көп қайғы бұл жолында көрді Ағыбай.
Тетелес Қөлебенің өз ағасы,
Таңбайға Қаракөзді берді Ағыбай.

Ел аузынан жазып алған Ортақ ауылының
азаматы, Ленин орденді дербес зейнеткер
Әлімжан Ахмағамбетұлы.

Хан Қенениң Нысанбаймен қоштасу зары

Ей, Нысанбай, қартabyз,
Тарт, қобызды, тарта түс!
Тәңір жалғыз, мен жалғыз.
Арсасы шыққан мойныма,
Қазақтың мұңын арта түс!
Күніренейін күйіктен,
Батпанды мұңға бата түс!
Тарт, қобызды, тарта түс!..

* * *

Тек жасынды көлдетіп,
Жырынды қотар селдетіп.
Құтінген тағдыр түстіктен,
Терістен шықты желдетіп.
Жалғыз қалған жәйім бар,
Тәңірегімнен ле кетіп.
Сол елменен елпенде,
Барасың міне, сен кетіп.
Сенімен кетіп барады,
Қазақтың халі кем-кетік.

* * *

Сөлем де сонау Арқаға,
Арқада қалған қалқаға.
Ермей де қалған Қенеге,
Марқасқа жігіт-марқаға.
Шемен боп қатсын жүрекке,
Шерменде шағым тарқама!
Арқалап жүргін елімнің,
Артып ем жауыр арқама.
Сөлем де Бетпақ шөлдерге,

Сыланған сұлы көлдерге.
Абылай бабам аспаған,
Асусы асқар белдерге.
Еремін деп ере алмай,
Ерулеп қалған елдерге!

* * *

Қамауда қалған жаным бар,
Талауға түскен малым бар.
Намыстың туын құлатып,
Табанға басқан арым бар!
Еркек тоқты - құрмалдық,
Нақақтан төккен қаным бар!
Үзіліп қалған әнім бар,
Ата алмай кеткен таңым бар.
Қырық пышақ қатынға,
Корлауға түскен тәнім бар.
Аспандарғы хан Кене,
Енді қандай сәнің бар!
Запыран құсқан зарым бар!
Арманым, үрпақ, аманат,
Амалдап алып қалыңдар!

* * *

Қырандай қия шолғанмын,
Ұрандап атқа қонғанмын,
Бетпақты шөлде қақталып,
Аязды түзде тоңған кім?
Тәңірім қолдап тілекті,
Толғанғанмын, толғанмын.
Жау мінгізіп найзама,
Болмас жерде болғанмын!
Жазмыштан да озғанмын!
Жағаласқан жауыма,
Жауар бұлттай торландым.

Асфахани алдаспан –
Шар болаттай шорландым!
Шаңырағын шаққанмын,
Көпір салған қорганның!
Қағынан жеріп Рүстем,
Сатып кетті Сыпатай,
Соныңа ғана қорландым.
Азаттық таңын аңсаумен,
Сарғая күтіп солғанмын!

* * *

Қарашекпен қаптады,
Қара ордамды таптады.
Қасиетті Хан көлі,
Доныздың болды батпағы.
Қанды балақ көпірдің,
Талаусыз таңы атпады.
Қанаусыз күні батпады.
Тегіміз бір қырғызды,
Қазаққа қарсы шаптады.
Манаптардың мұң болды,
Көпірлерге сатқаны!
Қарғы бауды таққаны!

* * *

Ақыл тұтып ағасын,
Тәрге оздырып данасын,
Тоқ ұйықтатсам деп едім,
Бесіктегі баласын!
Өзіне берсем деп едім,
Кең сахара даласын!
Саумал шертсін деп едім,
Бес биенің сабасын.
Тоқтатсам-ақ деп едім,
Қырық пышақ таласын.

Тапсыншы деп тіледім,
Барша қазақ жарасым!

* * *

Ей, Нысанбай,abyzым,
Қоңыр үнді қобызыым.
Ботасыз інген боздампаз,
Қараши зарды созуын!
Қоштасалық, хош енді.
Ілегрі тартсын көш енді.
Хан Кененің өксігін,
Боздаған күйге қос енді.
Қимай кетті дегейсің,
Көкшедей ғажап осы елді.

* * *

Аңсап өтті дегейсің,
Есіл мен Ертіс арасын.
Арманда өтте дегейсің,
Қосамын деп қоса алмай,
Бар қазақтың баласын.
Анадан тұган данасын,
Данадай дара ағасын.
Ен жайламай кетті де,
Сахара шалқар даласын.
Жаза алмай жылап өтті де,
Жанға түскен жарасын!

* * *

Алдияр, Алла, жасаған,
Құнәміз көп пе жасаған.
Жауыма да бұғып кеп,
Тас атпап ем тасадан.

Жетпедім сертке, нетейін,
Қайғылы шермен өтейін.
Сергелдең болған мен сорлы,
Күйікке толы көкейім!
Туған елді тапсырдым,
Тақсыр Алла, өзіңе.
Сала көрме тым қатал,
Тас талқының тезіне.
Азаттық таңын бере көр.
Қаймана қазақ халқыма.
Билете көрме елімді,
Ерлердің ессіз езіне!

* * *

Жақсылармен кеңестім,
Теңесспен теңестім.
Соңынан ердім сабылып,
Арман деген елестің.
Өрінен ассам деп едім,
Абылай аспас белестің.
Қырда қырғыз, ойда орыс,
Он жыл бойы егестім.
Халқы үшін шәйіт Қенені,
Қазақтың ұлы демес кім?!

* * *

Осы да болды өкініш,
Жанған оттың өшкені,
Бастан бақтың көшкені.
Көкірегіме дерт толдың,
Ұмтылам деп мерт болым,
Айға атылып көктегі.
Ал, Нысанбай, бақұл бол!
Бетке алыш Қекшені,

Көтер енді өкшени.
Шайнауда кеткен бармағы,
Алдияр халқым, кеш мені!

* * *

Қош Нысанбай, қош енді,
Зарыңа бізді қос енді.
Халқы деп өлген ханыңды,
Таңда махшар тос енді!
Аумин!

Мәдениет

Хан Кенениң өсиеті Немесе рухпен сырласу

Адамның басы – Алланың добы
Халық пәлсапасы.

Алдаспан-ажал көк желкеден төнгенде,
Сөулелі тірлік жалл етіп барып сөнгенде.
Тіл үшінда үйрілмей кетті иманым,
Асфахан қылыш қеудемнен басты бөлгендे!

Өлексе иттей сілейтіп салған таяққа,
Келтірмей тілді “Ағузу биллаh!..” – аятқа,
Иілмей қеудем қалғанда қаққан қазықтай,
Алдияр басым домалап тұсті аяққа!

Шашпыды қаным орданың шылап түндігін,
Мұсіркер дейсін қазама жылап кім бүгін.
Айырылған бастан мен болсам орным толар-ау,
Қазағым үшін бассыз қалған күн бүгін!

Басымды теуіп манаптар түрді мақтанып,
Сеземін сыртта “жендік, - деп, - жауды” шат халық.
Көгендер тізген сұлтандар жатты өкіріп,
Лапылдан жанған ошақта отқа қақталып.

Ендігі жерде қорғарсың әлде қорғама,
Ноқталы басым көнбеді түскен торға да.
Сүйінші алам ұлықтан деген бір манап,
Сақалдан сүйреп басымды салды дорбаға.

Жортуыл үшін деменіз ажал қайдан-ды,
Сайранды тірлік, андасам сонын ойран-ды.
Төнірге ғана иілген мынау занғар бас,
Апырау, қалай қанжығаға байланды.

Іімес көңіл кеудесі кеуік тұлышқа,
Басымды әкеп сый етіп тартты ұлыққа.
“Қарақшы басы!” Қарқылдаң күлгендік ол неме,
Апарып тықты сандықты қара құлышқа.

Қорлығын жаудың қалайша ғана айтайын,
Терісін іреп, сыптырып алған лақтайын.
Басымды менің Өрімтәж¹ деген бір үйде,
Көрмеге қойды құбыжық бір заттайын.

Көреді келіп өйелі менен еркегі,
Тентектеу бала шекемді шүқып шертеді.
Үңіліп келіп, түніліп кеткен жұрт қалың,
Құ баста қалған төрізді дүйім ел кегі.

Патша да келді бунтарьдың басы қайда деп,
Сүйегі қалған қыырда жыра-сайда деп.
Сүйіншің деп беріпті манап пақырға,
Қарғыбау сыйды мойыныңа мықтап байла деп.

Қалғандай орнап әлемдегі бар қайғы,
Қанқалы бастан заманның зары сарнайды.
Өксігін елдің өзімен бірге әкеткен,
Көрмеде тұрып, қуарып басым сарғайды.

Кеше гөр Алла! Кеше гөр жалғыз жасаған,
Тас атпап едім жауыма да тасадан.
Сұратып алған сүмдіғы іште бір ұлық,
Шарап құяр басымнан тостақ жасаған.

¹ Өрімтәж - Эрмитаж.

Күн сайын құйып тостақпен шарап ішеді,
Сол шақта тәнім аунақшып барып түседі.
Әлемді кезген азалы жаңым аңырар,
Аруақ тербер бұл неткен нәмарта күш еді.

Кеудемде кетті құмбірі құйік сан арман,
Өшпесі мәлім сандалған мұңлы санамнан.
Қылдырық сүйек қылғыта жұтқан шараппен,
Өнешке барып қандауырдай қадалған.

Қақалды ұлық жарықшақ шыққан сүйектен,
Қарғады күнді басымды оған сый еткен.
Қаралы түннің түндігін түріп, қыырда,
Сарнады қобызы сардала мұнын қүй еткен.

Біреуін салып болмай-ақ жатып табытқа,
Тағы бір ұлық жария етіп халыққа,
Қолына алды шарапсыз тостақ-басымды,
Айналсын деп күл салғыш күнсиз сауытқа.

Күн сайын ұлық тоғытып шылым шегеді,
Тұқылын қалған шекеме басып көреді.
Жібермес қарғыс жаһилдік жолды тандасан,
Шылымшыл ұлық тұтінге улап өледі!

Ол дағы өтті, тостаған қалды иесіз,
Содан соң мынау тірлікті қалай сүйесіз.
Тостаған-басты табытқа тапсыр ұрпағым,
Онсыз рухым иесіз де киесіз!

Сезгендей бәрі қанқалы бастың қаһарын,
Дурлікті көүір, қауесет жайлап шаһарын.
Тостаған-басты альп кеп тықты қуысқа,
Көбейтіп жиган қанқалы бастың қатарын.

Айрылған шақта ұят пен намыс, арынан,
Басына келіп ит екеш ит те сарыған.

Құтылам десен жер-бесікке бөлеңдер,
Көмусіз қалған қаңқалы бастың зарынан.

Қайғылы бастан қаралы күндер көшкенді,
Қаралы көшпен қызықты шағым өшкенді.
Елім деп ерте атойлад атқа қонып ем,
Елендеп болмас келмеске кеткен көшке енді.

Ұят пен арың жарамай қалып әжетке,
Тірісін түгіл, өлісін салар өлекке,
Сататын бәрін, алатын бәрін сатып та,
Имансыз елден ибалы қылышқ дәме етпе!

Ақталды дейсің уміті кімнің жалғанда,
Жеткендер бар ма асуы биік арманға.
Жеткізем деп жеткізе алмай кетіп ем,
Азаттық танын арманда, жұртым, арманда!

Арманды жолда азамат қанша зорыққан,
Зорыққан жерден өксігі бөлек зар ұққам.
Қайратымды қайрадым намыс-қайракқа,
Кезімде кейде тірліктен мұлде торыққан.

Дауылды шакта белінен сынар жас қайың,
Өксіген тұста жанаардан тамар жас дәйім.
Мәңгілік рухым тыншуды білмей кезер-ау,
Қара жер қойны көмілмей қалған бастайын.

Үранды ұрпақ арманды жолдан айныр ма,
Өткенге, жұртым, өкінбе де қайғырма.
Еңсенді ешкім езбесін десен ешқашан,
Бәсі биік басыннан, елім, айрылма!



Бопай ханым

1

Анадан асыл туған Бопай ханым,
Ешкімнен көрмей өскен қоқай ханым.
Батар деп табаныма тас ұлтаны,
Кимеген аяғына шоқай ханым.

Алты үлдің ортасында сыландаған,
Жасынан зерек көніл сыр андаған.
Тәкаппар тік мінезді, текті қыздың,
Назарын ешбір жігіт бұралмаған.

Жасынан үй күзетіп, бой бақпаған,
Мазалап небір қиял, ой қаптаған...
Ағасы Кене хандай күн кешсем деп,
Жанына жасындағын кек сақтаған.

Бопай қыз сабылғанда сағым қырдан,
Екпіні есті жанды жаңылдырған.
Жылқыдан өз тандауын мінемін деп,
Асауды бұғалықтап бағындырған.

Ойнаған ат жалында бұла шақтан,
Тұз қорып, саят құрып, аңды қакқан.
Жақ тартып, низа қадап, сақпан сілтеп,
Карына құрық іліп, жылкы баққан.

Жаратып не жүйрікті бәйге қосқан,,
Барымта, сымбыттың жолын тосқан.
Астына тоқым төсеп, ер жастаңып,
Жататын рақат тауып қара қостан.

Көн торсық, мосы, шәйнек, қара бақыр,
Жеген дәм тандайыңа балдай татыр.

Бопай қыз ат үстінен аумайтуғын,
Ақтүтек орнаса да заман ақыр.

Жылқымен бірге жусап, бірге өрген,
Табиғат талқысына тәзіп, көнген.
Жаз жайлау ойын, тойдың ортасында,
Жамбыны сұр жебеге ілген мерген.

Жаман құл жайған малды баға алмаған,
Салақ құл ошақ отын жаға алмаған.
Ерке өскен еліктеін еркін Бопай,
Өзіне лайық жігіт таба алмаған.

Бұла өскен балғын қыздың үміті зор,
Көреді былайғыны қортық да қор.
Тәнірден тілек тілеп тұншығады,
Езіліп ет жүрегі бейне бір бор.

Орынбай Сүйіндіктің басты биі,
Арылмас мейманынан ордалы үйі.
Жанайдар қол бастаған жалғыз ұлы,
Тәнірдің Орекене тартқан сыйы.

Жалғыз деп Орекен де жабықпаған,
Етегім келте екен деп тарықпаған.
Көң тасыр көп жаманнан жасын-жалғыз,
Артық деп ұлдың орнын анықтаған.

Халқының хақтан басқа жоқ жақыны,
Жаратқан жебер болса тоқ тақымы.
Кененің ұранына үнін қосқан.
Жанайдар Сүйіндіктің бас батыры.

Кермиық атқан шақта таң да күліп,
Жанайдар көз қадады, құлақ түріп.

Бопайды көріп еді жылқы ішінде,
Жас батыр елең-алаң анда жүріп.

Сол жолы екі ғашық сырласады,
Сырласып талай-талай қырды асады.
Төлеңгіт төременен тең емесін,
Сезінген екі жасты мұн басады.

Десе де дәтке қуат, үміт алда,
- Қолқа сал кәрі қатты Қасым шалға.
Жан әке, жорға мінген жортарманым,
Керегі сұлтаныңа жан ба, мал ба?

Берейін Бопай үшін жанымды алсын,
Болмаса тігер тұяқ малымды алсын.
Кемітпес қараша деп біздің басты,
Тілегін ұлыңыздың қабыл алсын.

Жанайдар осы сөзбен тынып қалды,
Жүргегі алас ұрып күйіп, жанды.
Орынбай жалғызының жүгін артып,
Қасымның ордасына кіріп барды.

Жігіттің сыйласа да ғазиз басын,
Сұлтан да жасыра алмай айтты расын.
- Қараға қыз беруім қорлық болар,
Сүйекке таңба емес пе, - деді Қасым.

Сол шешім бар шешімнің басы болды,
Үзілген қыр гүліндей үміт солды.
Бопай қыз оңашада жасын төгіп,
Жанына Жанайдардың қайғы толды.

Жанайдар өз табының тектісі еді,
Қайтпайтын шар болаттай беттісі еді.

“Қара деп теңгермеді-ауі тере мұндар!”
Батырдың жүрегіне кек түседі.

Қасымның сөзі өктем, кәрі қатты,
Есігін махаббатың қатты жапты.
Қараша қолайына келмеген соң,
Ырғыздан өзіне тен құда тапты.

- Бай байға, сай сайында құяр деген,
Жан көкем, көз жасымды тияр деп ем.
Жанай-жан, қош есен бол көріспесек,
Құшакқа емес, табытқа сияр денем.

Бопай қызы осыны айтып аттанады,
Артында өсек-аяң ат қалады.
Жасындей жарқылдаған Жанайдардың,
Күн санап көтерілді бақ-талабы.

2

Ағылды Ресей тұстан қарашекпен,
Сорлы жұрт шерменделі қайғы шеккен.
Осы тұс хан Кененің қатуланып,
Тас түйін бекінгені ескі кекпен.

Жерімді жат жұрттыққа бермен деді,
Сөзіне ақ патшаның ермен деді.
Кеткенше жалғыз көуір Сары Арқадан,
Тыншулы тыныштықты көрмен деді.

Уш жұзге хабар салды Кенесары,
(Кенеге қай қазағын тенесе алды?!)
Бодандық бұғауынан құтылмаққа,
Билер мен батырлардан кеңес алды.

Сан тұстан батыр біткен құйылады,
Рухына ұлы Абылай сыйынады.
Сары сайтан Сары Арқанда сайрандаса,
Намысты ер қалай ғана тиылады.

Ұмытыш Қасым шалға ескі кекті,
Жанайдар жүз жігітпен келіп жетті.
Алыт ұлын алға салған Бопай ханым,
Қасына еріп келді қалың шекті.

Ерлігі елге мәлім Бопай ханым,
Қалдырып ерін, елін, сан мың малын,
- Қасынан жан Қекемнің табылайын,
Жолыңа құрбан, - деді, - шыбын жаным.

От кешсөң отқа түсем өзіңменен,
Жортармын жорық жолда төзімменен.
Туған ел, қайран жұрттым не болар деп,
Ат үсті атой салып, көз ілмеп ем.

Жан Қеке, бес жүз жігіт қосыным бар,
Қасымда қос қанатым - қос ұлым бар.
Қалғаны жақ тартуға жарамайды,
Деп келдім “қалың қолға қосылындар”.

Деп солай сөзін түйді Бопай ханым,
Тегуге тартынбастай қасық қанын.
Кене де қарындасын құшаққа алып,
- Хош келдің, - деді, - аяулы жалғыз жаным.

Қекшеден қалың қосын қозғалады,
Қол алды Кене мінген боз барады.
“Хош боп түр қайран елім”, - деген жұрттың,
Сүйекті кеміреді боздағаны.

Төнсе де небір қатер хауіп алдан,
Сырт беріп кетсе дағы дүние жалған.
Тертені теріс тепкен ауылдарды,
Тартынбас батыр Бопай шауып алған.

Жау шебін талай шауып талқандаған,
Сан жендет ажал тапты талтандаған.
Қайырып қашқан жауды жылқыдайын,
Аттатпай алты адым арқандаған.

Колында желкілдеген найзасы бар,
Қойнында жұзін қарап айнасы бар,
Ақ сауыт, күміс қалқан сұлтаншанын,
Жау шебін бұзып өтер айласы бар.

Тапсам деп Жанайдармен көңіл хошын,
Жықпаған Бопай ханым қара қосын.
Жас батыр қүйіп-жанып құшқан шақта,
Сыбырлар Бопай сұлу: “сосын, сосын”.

Келтіріп келмес күннің қызық кебін,
Жапырып қиратқандай жаудың шебін.
Жанайдар бал құшақта балқып жатып,
Қайтарған Қасым шалда кеткен кегін.

Сан жорық артта қалды азабы мол,
Селдіреп селкеу тартты қаптаған қол.
Кезікті Кекілік тау кезеңіне,
Тұйыққа тірелгендей бұл қанды жол.

Көрмессің Наурызбайдай батыр мықты,
Сан тұстан қалың қолды бұзып шықты.
Науанды ала алмаған қалың қыргыз,
Тұлпарын Ақауыздай атып жықты.

Ақауыз текті тұлпар тұлігі еді,
Науандай ерге лайық құлік еді.
Оқ қағар нақ тұлпарын құлатпаса,
Сүм сыншы алдырмасын біліп еді.

Аты жоқ Науан батыр жаяулайды,
Қымылы күш сарқылып баяулайды.
Қаптаған қоки қырғыз қамағанда,
Батырдың басқа түсті қаяу-қайғы.

Қалың қол шіл қыындай шашылады,
Сан сарбаз аттан түсіп, бас ұрады.
Қан құсқан қазақтардың күші кеміп,
Дабылы барып-барып басылады.

Хан Кене, есіл Науан қолды болды,
Тәнірім қолдамады осы жолды.
Бопайдың жау шебінен өте алмаған,
Етегі еңреумен жасқа толды.

Үмтыйлды жаудың шебін жарамын деп,
Көкемді құтқарып-ақ аламын деп.
Маңдайы тасқа тиген қайран Бопай,
Егілді елге қалай барамын деп.

Жау күші қазақтарды басып кетті,
Сан сарбаз бас саугалап қашып кетті.
Алатау, Қаратауды құнірентіп,
Жетім көш Сары- Арқаға асып кетті.

Саяқтай сандалмада жоқ тұрағы,
Бопай да Ырғыз тұсқа бет бұрады.
Ақ шашты өзіз ана қайран Бопай,
Төркіндең Қекшетауға кеп тұрады.

Бұл жерде Абылайдың жұрты қалған,
Қасымның қара саба-құты қалған.
Өзінің ізі жатыр шаң оранып,
Асықтан сан жігітті ұтып алған.

Суалған Ханың көлі балдыр басқан,
Қара орман қара қайғы құшақ ашқан.
Оқжетпес күніренеді, күрсінеді,
Жас төгіп қақырадай қара тастан.

Әр түсқа Бопай ханым үніледі,
Кенеусіз өткен күннен түніледі.
Жастық шак, қырмызы кез еске түссе,
Бос кемік бордан бетер үгіледі.

Дарифой, уақыт неткен қатал еді,
Тікендей теріскейден соққан желі.
Барады жуып-шайып барлығын да
Дөуірдің буырқана аққан селі.

Көшеді не бір дәурен ғазиз бастан,
Қайғысы қуанышпен араласқан.
Еңсенді езе түсер ауырлықпен,
Барады аласарып қаралы аспан.

Анадан асып туған, асыл туған,
Ерлерше ерте елендеп, белін буган.
Қоштасқан Көкшесімен қарт Бопайдың,
Аңы жас өжім-әжім бетін жуған.

3

Елінің ар-намысын қорғаған қыз,
Сәлемін келер күнге жолдаған қыз.

Өзіндей өр тұлғасын өріп берер,
Өкініш - біз қасында болмағанбыз.

Тілегін туған елге арнаған қыз,
Киялмен сан қияны шарлаған қыз.
Кенедей алып туған ағасының,
Арманын жорық жолда жалғаған қыз.

Бәйгеге ғазиз басын байлаған қыз,
Семсердей серт үстінде таймаған қыз.
Жаулардың бірін байладап, бірін матап,
Алға сап отар-отар айдаған қыз.

Қарына күміс қалқан байлаған қыз,
Женісін ат үстінде тойлаған қыз.
Байлығын, барлығын да тәрік етіп,
Ту алып оттан бетер жайнаған қыз.

Халқы үшін жасын болып ойнаған қыз,
Ойларға небір терең бойлаған қыз.
Өмірде өзіне тең жар таба алмай,
Бармағын өкінішпен шайнағын қыз.

Алты ұлын алты арысқа қондырған қыз,
Өмірін алты алаштан оздырған қыз.
Жарым жол арманынан адасып қап,
Шарқ үрүп, барып-барып болдырған қыз.

Қанатын көк түйгүндай қомдаған қыз,
Сұңқардай зау биікке самғаған қыз.
Айрыльып асыл туған ардағынан,
Ах үрүп, сар далада сорлаған қыз.

Бір кезде басқа бақыт орнаған қыз,
Ерлікті елден ерек қолдаған қыз.
Алысқа сапар тартқан ақ тілегі,
Мерт болып, басын қайғы торлаған қыз.

Есте жоқ ерлер ісін қозғағанбыз,
Қарт тарих шертер кебін болжағанбыз.

Айбыны батырлардың ұрпаққа үлгі,
Ой тербел, қалам жебеп қолдағанбыз.
Көнілдің көксеуіндей Бопай қызды,
Біз пакыр осылайша толғағанбыз.

Ақауыз аттың ажалы

1

Ер Науан қырық жігітпен тігіп шатыр,
Ерулеп Құсмұрынды әлі жатыр.
Алаңдал Ағыбайды күткен сайын,
Ішкен бал таңдайына кермек татыр.

“Алырау, Ақке қайда, айдан асты,
Құтем деп жігіттердің құты қашты.
Өр Алтай өрең биік асамын деп,
Қор етіп қалдырmasын ғазиз басты”, -

Деген ой Наурызбайды мазалайды
Өзді-өзін “жібердім” деп жазалайды.
Күн жылжып өткен сайын тағаты жок,
Ойлайды қаза жайлыш, аза жайлыш.

Үзіліп кетсе дағы есіл үміт,
Жан сырын ешкімге де қалмас бүгіп,
Ер Науан өкінеді әлсін-әлі,
Қасына қоспадым деп бірер жігіт.

Алтайдың етегінде қалың найман,
Бошан бай сол найманда қанат жайған.
Аты бар Ақауыздай асыл текті,
Беймәлім шықты дерлік тегі қайдан.

Сол тұлпар бәйге жолда талай шапқан,
Бошан да мәпелеумен үкі таққан.
Ғұмыры ат жалында өткен қазак,
Ат үстін кем көрмеген алтын тақтан.

Ағыбай босқа тірлік кешті деме,
Ақауыз аттың жайын естігенде,
- Тұлпарды Науанжанға тарту етем, -
деді де жолға шықты іле демде.

Жігіттің болмаған соң сұрыптары,
Асаудай ала қашқан құрықтағы.
Өзім-ақ алып қайтам деген жоқпа,
Ақжолтай Ағыбай ер шұбыртпалы.

Батырдың қамшыласа бақ талабы,
Қамданған жолдан қалай шет қалады.
Айтқан сөз - атылған оқ, атқа қоныш,
Ағыбай Алтай тауын бетке алады.

Кеткендей ата жауға өшпес кегі,
Ұлғайып ер Науаның нала-шері.
Жол тосып жатыр қосын түяқ қақпай,
Өтсе де бір жарым-ай содан бері.

Талабы жас батырдың көкке өрлеген,
Әзілін құрдастырдың кек көрмеген.
Қамқоры қырық жігіттің Ағыбайды,
Ер Науан Кене ханнан шет көрмеген.

Шығады қыр басына дүрбі салып,
Қыырға қадалады көзі талып.

Шамасы бір жарым-ай өткен шақта,
Жанары бір қараны қалды шальп.

Қайтпаған берік-бекем берген серттен,
Ат арып, ұзак жолда азап шеккен,
Тұлпарды Ақауыздай жетекке алыш,
Беті екен Ағыбайдың келіп жеткен.

Тұрпаты Ақауыздың бөлек, басқа,
Мақпал түк, жібек жалды, қара қасқа.
Кең қолтық, биік шоқтық, алай тәсті,
Тәнірі сый еткендей Науан жасқа.

Кең танау, таспа бауыр, белі қақпан,
Шар түяқ болат қашау талғап шапқан.
Қанаттай қос қабырга артық біткен,
Қу басты мандайына жүлдyz тақкан.

Шашасы шаң сыптырмас биік біткен,
Қос жанар тәңкерілген тостақ түптен.
Қыл сағақ, бөкен қабак, салпы ерін,
Тұліктің нағыз өзі көптен күткен.

Деген көп топтан торай сыбға алам,
Жігіт пе жауда күшін сынамаган.
Жасындар жарқылдаған Науан ердің,
Сан тұлпар тақымына шыдамаган.

Қалдырып қанды жолда талай құрбан,
Хан Кене он жыл бойы жорық қылған.
Нар кескен зұлфықардай Науан батыр,
Зар кешкен сан тұлпарды зорықтырған.

Ақауыз жаудың шебін талай бұзған,
Қарғыған жырады сай, терен құздан.
Ер Науан сенуші еді тұлпарына,
Айқасқа кіріп кетсе оттай қызған.

Сан ерді Құлдірмамай¹ атып жыққан
Кезі жоқ ер Науанның қорқып, бүкқан.
Қажымас қайраты мол қайран тұлпар,
Иесін талай тордан алыш шыққан.

(Науанға қай қазағың тәң келіпті,)
Ақауыз сан тәсілді менгеріпті.
Ер Науан текті тұлік арқасында,
Артына талай жауын өнгеріпті.

Дұшпанға оңды-солды найза сұққан,
Наурызбай жаудың шебін бұзып шыққан.
Қалдырмас жау қолында, жануарым,
Науанның сырын сезіп, жанын үққан.

II

Картбұқа – қырғыздардың данагөйі,
Көріпкел, кемелді ақыл, терең ойы.
Түсіпті құмалағына бір күндері,
Науандай алдырмаған ердің сойы.

- Күйдірмес таңдырыңың қызыл шоғы,
Дарымас қулдірмамай атқан оғы, -
Депті карт құмалаққа көп қадалып, -
Қырғызда ұл тумаған женер оны.

Дақ тұған анасынан Науан батыр,
Түссе де тізе бүкпес заман ақыр.
Басында жүргегінің мүйізі бар,
Қырғыздың жігіті жоқ оған татыр.

Анадан оқ қағарын алыш тұған,
Жүрегін қызыл шоққа малыш туған.

¹ Құлдірмамай - сиракты, пілтелі қара мылтық.

Жолынан өлім үркіп, ажал қашқан,
Қантарда қағанағын жарып туған.

Тең келмес жекпе-жекте оған ешкім,
Тал бойдан таба алмас ешкім еш мін.
Қажымас қайраты бар қара нардай,
Сыр бермес үрысса да бір бес күн.

Ақылдың айдыныңдай қарыс мандай,
Мінезі қанды қақпан қарысқандай.
Тұрады айбаттанып, қайраттанып,
Ажалға қарсы атылар арыстандай.

Астында тұлпары бар ала бөтен,
Жел қанат сайгұлік ол дала мекен.
Науанның қалқаныңдай қазанаты,
Корғайды келсе дағы ажал төтен.

Десекте бізге күнә жылатуладар,
Үрыста ебін тауып сұлату бар.
Батырды алам десең ең алдымен,
Тұлпарды астындағы құлатындар.

Жалғыздың арты так та, алды тақыр,
Ол үшін бар тірлігің қара бақыр, -
Деді де өкінішпен қалды отырып,
Науанға өлім кескен сорлы пакыр.

III

Майданға шықты Науан-нар кескенім,
Ұмытып кеше ғана от кешкенін,
Есіне алмайтындей қайран батыр,
Өнірін шекпенінің шоқ тескенін.

Жекпе-жек! Жекпе-жек! деп емінеді,
Тұлпарын қос өкпеден тебінеді.

Жалт беріп шалт үрғанда қарсыластың
Аузынан қара қаны төгіледі.

Осы сөт кетті қызып қанды майдан,
Ер Науан жау шебіне салды ойран.
Қалың қол жарға соққан толқындайын,
Шегінді қайраттыға болмай қайран.

Сүм ажал сұғы қатты зәрін төккен,
Тасада құлдірмамай жалын сепкен.
Тұлпарды тар қолтықтан толғай атып,
Құлатты қорғасын оқ балқып жеткен.

Тәлкегі дағдырыңның неткен күшті,
Бақ құсы ғазиз бастан зарлай ұшты.
“Мен неге өлмедім деп сенен бұрын!”
Ер Науан Ақауыздың басын қүшты.

Ажалдың осы болды алжасқаны,
Ұрыс сап, қарсы шауып, қаржаспады.
Қимылсыз тұрып қалған Науан ердін,
Қолынан түсіп кетті алдаспаны.

Наурызбай бар қазақтың төтен ері,
Айқасып өлсе армансыз өтер еді.
Жабылып жан-жағынан қырық қыргыз,
Найзага түйреп алып көтереді.

Соңына таялғанда осы бір кеп,
Санамды қарып өтті күйік бір леп!
Ер Науан көзін жұмды ақтық рет:
- Сендерден найза бойы биікпін, - деп.

Ақауыз Науан ердің серігі еді,
Серікке ер Науан да сеніп еді.
Жасында жарқылдаған қайран сабаз,
Қаймықпай қалың топқа еніп еді.

Айта алсаң жетпіс өрім жыр осында
Шерте алсаң тұңғиық бір сыр осында.
Даригай, қалды тұлпар мәңгілікке,
Қырғыздың белгісіз бір жырасында.

Қамықла, жетер енді, токта жаным,
Сүйемін ер қанатты - жылқы малын.
Жырымның мәні де сол, әні де сол,
Тұлпарын бар қазақтың жоктағаным!



Азамат

60 деген асқардың
Асуына жеттің бе?
Қының-қыстау жолдардан
Қиналмай-ақ өттің бе?
Елім деген ұл едін,
Маңдай терді төктің бе?
Тайғанақ тұста тас табан -
Төзімінді жектің бе?

Абылайдың үрпағы, Республиканың
еңбек сінірген дәрігері, “Құрмет” орденінің
иегері Қайырлы Хамзәұлы Құрмановқа.
Автор.

1. Шабыт шақыру

Шабыттың мініп тарланын,
Қиялым қайда бармадың.
Толғадың тірлік толқынын,
Жырладың өмір жалғанын.

Шабыттың мініп тұлпарын,
Қиядан қия шырқадың.
Толғаудың тоқсан тірліктің,
Өзіңе мәлім іңкәрін.

Шабыттың мініп тұлпарын,
Қиядан қия шүйгідің.
Толғауды тоқсан тірлікте,
Сүйдің бе сұлу сүйрігін.

Шабыттың ерттеп еренін,
Толтырып кемел кемерін,

Бойдағы жырдың жылудын,
Бәріне бөліп беремін.

Ширатып шабыт шабысын,
Лаулатып отты намысын,
Жырлайын бүгін бір оқшау,
Көкшениң асыл арысын!

Айналып кеткен сағымға,
Күндерді өткен сағын да,
Жырымды – шертер сырымды,
Қабылда, достым, қабылда!

II

Жігіттік дәурен тұрағы,
Қол бұлғап жиі тұрады.
Азамат аз ба біздерде,
Алаштың болар ұраны.

Солардың бірі Қайрекем,
Бес қаруы сайлы екен.
Қырандай самғап келеді,
Құшағынды жай мекен!

Қызықты думан жәй қалып,
Тұғырға қонсын жайланаң.
Кетпесін құлап бірақта,
Мақтаудан басы айналып.

Қайреке, мықты, мығымсын,
Шешімің шапшан, шұғылсың.
Біз білгенмен, басқа жүрт,
Қәдірінді үғынсын!

Ұғынсын да қуансын,
Жанардың нұрын суарсын.

Тектіден шыққан тентек ең,
Өзің де сирек туарсың.

Бітімі бөлек марқасқа,
Айналып кеткен алмасқа.
Ағаға арнар сез бөлек,
Шырқатып салар өн басқа.

Қиялыш үшкыр қанатты,
Қамтығын қыыр тарапты.
Алдыңды орап ақылы,
Аузына көпті қаратты.

Мінезі қылыш жүзіндей,
Қуаты батпан гүрзідей.
Абылай тартқан соқпақпен,
Келеді қоры үзілмей.

Қылышы өткір қияқтай,
Желісі жіті құр аттай.
Көзіме жылы көрінер,
Асылдан қалған түяқтай.
Тұрпаты бөлек – нар қасқа,
Қылышы қылыш әр басқа.
Қабыргам күйреп кетті де,
Түсіп бір кетсөң жамбасқа.

Еңсеріп салмақ құлаған
Кезі жок, емен бұл ағам.
Тентектеу тарпаң мінезге,
Мәрәш женгем ғана шыдаған!

Намысты қолдан бермеген,
Ел үшін маңдай терлеген.
Аға едің асу тұстарда,
Еңсеріп жүкті ерлекен.

Мыңдардың тілін таба алған,
Мәртебе тұстан баға алған,
Баянды ғұмыр барында,
Шыға да берсін бақ алдан.

Жасай бер, жаса, өз ағам,
Кемдігің жоқ бағадан.
Президенттің өзі орденді,
Өніріне өкеп қадаған!

Батырлар мінген қазанат,
Шайқаста бауыр жазалат.
Өзінсің десем артық па,
Кекшеге керек азамат!

Бас тағы қамшы намысқа,
Бәйгелі жолда қалыспа.
Қуанып біздер тұралық,
Тарта бер, аға, алысқа!

III

Алпысқа келген нар ағам,
Бурадай бауры жараған.
Береке, ырыс сарқылмас,
Кордалы қара сабадан.

Алпысқа келген арысым,
Ширак та жіті шабысын.
Алқалы топтың алдында,
Бермендің елдің намысын.

Алпысқа келген түлегім,
Ақ алмас жүзді түренім.

Жақсылық десе жарқылдаң,
Жөргек қып жайды жүрегін.

Алпысқа келген әз ағам,
Кемдігің жоқ бағадан.
Кіндікті тұста желбірер,
Абылай туын қадаған.

Алымды туған жасынан,
Асырмас сөзді басынан.
Шақпақ шаққан шар болат,
Көкшениң кесек тасынан.

Ақ берен сауыт кигендей,
Жауына шабар именбей.
Сексен қол жатыр сыңғырлап,
Сексен қыз келіп сүйгендей.

Қымбат қой Көкше әр төбен,
Арналар оған мәрт өлең.
Оқжетпес тектес, беу ага,
Биіктей берсін мәртебен!

Қабыл боп сөзі батаның,
Шарықтай берсін атағын.
Мінгізген атым бұл жырым –
Иыңқа жапқан шапаным!

ЛСЛ

II Бөлім

**Драмалар,
әңгімелер**



Хан Кененің қазасы

тарихи трагедиялық драма

Қатысуышылар:

1. Хан Кене - қазақтың соңғы күрескөр ханы.
2. Наурызбай - Кенеханның інісі, батыр.
3. Ағыбай - батыр.
4. Нысанбай - жырау.
5. Кәрібоз - қыргыздың манабы.

Бірінші көрініс

Айдала, құла түз. Әр жерде ошарыла, үйліға отырысқан, сұлап жата қалысқан жорықшылар. Бәрі қансыраған, қажыған. Қоңыр тәбеде найзасына сүйеніп күзет түр. Бұлар кешегі қыргызбен соғыстан сыйтылып шыққан Кенехан қосынының жүрнағы.

Беріректе от басында екі адам отыр. Бірі үстінде жағасы жыртық сауыт, белінде сапысы бар Ағыбай батыр да, екіншісі жәніл желең жамылған Нысанбай жырау. Екеуі де ауыр ой, терең күйзелісте. Сәлден соң Ағыбай сілкініп, сөйлеп кетеді.

Ағыбай:

Ей, Нысанбай, қарт абыз,
Толғашы, толға жырынды.
Сахара жайлай, сар дала
Егілсін естіп мұңынды.
Мұң менен қоса сырынды.
Мен бір жортқан көк бәрі,
Алдырдым үя-жатақты,
Кекілік тауда қалдырдым,
Арман, Абырой, Атақты!
Қалдырдым қалқан қаруым –
Қалың қол қайсар жасақты!
Бастан ауып бағымыз,

Боялды қанға таңымыз.
Енірген ел анау,
Иесіз қалып тағымыз!
Көп қырғызға қор болды,
Тұтқынға түсіп ханымыз.
Кене ханнан айрылып,
Мүшкіл болды халіміз!
Қағынан безген құландаі,
Бетпақ шелге қамалған,
Шығар-шықпас жанымыз!
Қосылыш жауға қандасым,
Тасада тұрып тас атты,
Ат көтінен сыптырып,
Қанды көбік асатты.
Науанжаннан айрылып,
Шыққыр көзден жас ақты.
Ақауыз атқа оқ тиіп,
Науанжан жаяу қалғанда,
Жете алмай желкем қиялыш,
Есімнен мұлде танғанда.
Лағнет айтып жалғанға,
Отырмын міне арманда.
Жанымда жара жазылmas,
Өзіммен кетер жалғанда.
Кетер-ау сірө, бақиға,
Серейтіп көрге салғанда!

(Батыр ауыр күрсініп барып, үнсіз қалады. Нысанбай қобызынан мұнды бір сарын төгіп, егілте толғайды).

Нысанбай:
Ей Алла, ей Алла!
Нақ мұсылман пенденін,
Хақ тағала панасы.
Артымда - қырғыз,
Алдымда қазақ даласы.
Шерменде қүйді шертер-ау,

Шерлі көңіл наласы.
Күйігім – Кене тұтқында,
Жұртының алтын жағасы,
Даламның дарапанасы.
Алдаспан сынып сағадан,
Тұллардың тозды тағасы.
Сетінеп сауыт шығыры,
Жыртылды тонның жағасы.
Қанына қазақ қақалды,
Аспара, Талас сағасы.
Шерменде болып шегіндік,
Жауына келмей шамасы.
Иесіз қалған елімнің,
Кеміді сүйтіп бағасы.
Орга апарып құлатты,
Ағайынның аласы,
Иттен бетер таласы.
Еңірер күнің ілгері,
Ей казақтың баласы!
Қолдамады бұл жолды,
Абылайдай бабасы.
Жанымда батты бәрінен,
Көрібоздың тобасы!

Ағыбай (катуланып).
Көрібоз дедін, Нысаным,
Басы болды емес пе,
Біздегі барлық құсаның.
Қолға түскен кезінде,
Ат көтіне салсақ ет,
Қақшандаган неменің,
Басын қағып алсақ ет.
Тоқымын тіліп, талқандап,
Ерін отқа жақсақ ет.
Тұтқынға алып Кенені,
Бар қазақты жүдettі.

Науанжанды кісендеп,
Қайғымызды үдettі.
Айбарлымды құл етті,
Айдарлымды күн етті.
Ағарып атқан таңымды,
Тас қаранғы тұн етті.
Ақсарыбас шалсам да
Бермеді құдай тілекті,
Бермеді құдай тілекті!
(Күрсініп барып тынады).

Нысанбай:

Алдында жатыр далиып,
Қазақтың Сары Арқасы.
Тұтылып қалды қырғызға,
Жігіттің небір марқасы,
Сұлудың небір қалқасы.
Өрт күйіктен кепкендей,
Нысанбайдың анқасы.
Қосылып қара қобызға,
Боздаған зарым тарқашы.
Абылай аспас асудан,
Асамыз деп сүріндік,
Қарсыдан соққан дауылдан,
Ат көтіне сырылдық.
Туырлықты көп қазак,
Жырым-жырым жырылдық.
Найза тіреп дүшпанға,
Аш күзендей бүгілдік,
Сауырлап қанга жүгіндік.
Сыпатай, Рұстем сатқан соң,
Ғазиз жаннан түнілдік.
Өлейін десен жан тәтті,
Кірейін десен көр қатты.
Қоки қырғыз қорлығы,
Шымбайыма тым батты.

Ағыбай:

Біз Арқада жүргенде,
Қыран құстай самғадық.
Самғаудан бір талмадық.
Сол Арқадан кеткен сон,
Тайып кетті бағымыз,
Терістен атты таңымыз.
Кескілесіп қырғызбен,
Су бол ақты қанымыз.
Шығар болды жанымыз.
Алатаудан асқан сон,
Ауыр тартты халіміз.
Сонау асыл Арқадан,
Неге де көштік жосылып,
Бетпак шөлде сандалған,
Сайғактарға қосыльып?

Нысанбай:

Адыра қалған Арқаны,
Көүір кеуlep алыпты.
Шұратты жерді шимайлап,
Қала, қыстақ салыпты.
Босағанды шапқылап,
Керегенді жағыпты.
Ойран салған сүм көүір,
Шаңырағынды шағыпты.
Ат тұяғын тарылтты,
Мойынға салды қамытты.
Желдей еркін қазақтын,
Сөйтіп те көнілі налыпты.
Ен жайлауға ендеген,
Донызды тұстан мал үрікті.
Ата жүртүн жау алған,
Көріп пе ең мына жалғанда,
Біздей де сорлы ғаріпті?!

Ағыбай: (Күніреніп).
Нокта қосақ Науанмен,
Неге де бірге өлмедім.
Уа, Нысанбай, қарт абыз,
Ақиредсіз, аятсыз
Бірге неге көмбедің?
“Ақке!” деген дауысы,
Құлағымнан кетер ме.
Азалы үні қалқамның
Ақиред күнге жетер ме?

Нысанбай: (Толғанып).
Көтерген тағдыр талқысын,
Опат болған халқы үшін,
Кене хан мен Науанның,
Пейіште нұры шалқысын.
Хан Кенеден айрылып,
Кетсе дағы сәніміз.
Шіл боғындай тоз болып,
Кетсе дағы мәніміз.
Таңда махшар болғанда,
Кене ханның қасынан
Табылайық бәріміз!
Әмин!

Ағыбай: (Қолын жазып, бетін сипайды).
Айтқаның келсін, абызым!
Қолындағы қобыздың
Айтары ауыр, сазы - мұн!
Сыймай сары Арақаға,
Күнін кештік, қайтейін,
Жапанды кезген тазының!

Нысанбай:
Артта – қырғыз,
Алда - орыс.

Адыра қалып көп қоныс,
Сойыл тиген бөрідей,
Ата жүрттан безіндік.
Зілмауыр батпан тағдырдың,
Тақсиретін сезіндік.
Тұнделетіп кетелік,
Межелі тұсқа жетелік.
Ажалың жетпей өлім жок,
Өткелектен өтелік,
Біздей саяқ сайғаққа,
Жалт бұрылған жалған не?
Ата жүртта жан берсек,
Одан өткен арман не?!

Ағыбай:

Аттаналық, абызым,
Байлауда қалды қазығым.
Көкшетауға жөнеп бер,
Алдыңда Арқа жазығын.
Шұраты жок шандатқан,
Топырағын қандатқан,
Ақадыр деген ата жүрт,
Өзінде талай дәм татқан,
Шұбаты қаймақ бал қатқан.
Шұбыртпалы ұраным,
Сонда болар тұрағым.
Елім азат болсын деп,
Басына бақыт қонсын деп,
Ат жалынан түспедім.
Өрісі малға толсын деп ,
Көшіп еркін қонсын деп,
Атысқанмен алыстым,
Алысқанмен шабыстым.
Намыс болса жүректе,
Елдің қамын жерсіндер.
Бірлік болса басында,

Жатпен иық тенсіндер.
Еңселі тұста езілмес,
Еркіндік алсаң елсіндер.
Осының бәрін армандал,
Ағыбай өтті дерсіндер!

Нысанбай:

Бетпақты шөлден өтейін,
Кенеканның арманын,
Арқаға альш жетейін.
Оқжетпес шоқы, Қекшеге,
Ұлынан тағзым етейін.
Ұлытауға жол бойы,
Сөлемдесіп кетейін.
Науанжанның қазасын,
Жеткізе алса көкейім,
Ақжолтайлы Ағыбай,
Жаспен жумай нетейін.
Хош болып түр қарағым,
Жорықты жолда жарадын.
Қолыңнан түсіп көрмеген,
Ақ алмасты жарагын.
Аянып қалмай жанынды,
Жауыңа наиза қададын.
Қырырда қалған қазақтын,
Қайғысын алып барамын.

Ағыбай:

Бақұл бол, ұлы жырауым,
Келтірдің қүйдің бұрауын.
Шет жайланаң мені де
Дұғаныздан тастама
Сізден соңғы сұрауым!

(Екеуі тәс қағыстырып қоштасады).

Екінші көрініс

Киіз үйдің сахнаға қараған жарты бөлігі ашық. Қос бүйірінде қарулы құзет. Төрде шөге түсіп тұтқындағы Хан Кене отыр. Иығында жалаң шекпен. Өзі терең ой үстінде басын тәмен салған қалпынан селт етер емес. Анандай жерде қыргыздың манабы Қәрібоз тұр.

Босадағы құзетке қарап Қәрібоз тіл қатады.

Қәрібоз:

Көп асқанға бір тосқан!

Ха-ха-ха!

Қарт емен де бір құлайды,

Сұлтаның да бір сұлайды.

Тым шалқақтап кетіп еді,

Ұмытып көктегі бір Құдайды.

Кіргіз үйге

Тентек, телі Наурызбайды!

Хан Кене: (Селк етіп, басын көтеріп алады).

Не дедін, Қәрібоз!

Науан да қолды болып па?!

Қәрібоз: (ызбарлы мысқылмен).

Болған!

Болған, хан Кене!

Тұтқындалп алдық інінді,

Батырдық сөйтіп күнінді!

(Қос қапталдағы құзетшілерді кейін серпіп жіберіп, баса көктей екпіндеп Наурызбай кіреді).

Наурызбай:

Оттапсың, Қәрібоз!

Ажалдан Науан қорқа ма?

Өзім келдім ортаңа!

Хан Кене:

Бекер болды Науаным.

Киястау кетті табаның.
Арандалғаның неткенін,
Ісін істеп баланың.

Наурызбай:

Жан Қөке, мені жазғырма.
Адамдық жолдан аздырма.
Үстара кірер түсіне,
Айна тақыр таздың да!
Қисық біткен бұтақ ем,
Сол қылышқтан жаздым ба!
Тастап қалай кетейін,
Өзінді жаудың қолына.
Жан Қөке, мені жазғырма!

Хан Кене:

Асып бір туған ардағым,
Қанатты тұллар тарланым.
Қосаққа неге қосылдың,
Шайнауда кетті-ау бармағым!
Енді қалай көтерем,
Тас керең тағдыр салмағын.
Тайып та кетті-ау табаның,
Тағасы тозған тарланым!
Қадалды жанды жеріме,
Кәрібоз, салған қармағың!

Кәрібоз: (мысқылдал).

Тентек бұқа күл шашар,
Ойнақтаған от басар.
Ха-ха-ха!

Наурызбай:

Табалама, әй қырғыз,
Жамаулы жаным жаралы,
Ханзада басым қаралы.

Захар жайлап барады,
Сандалған сарсу сананы.
Елірме, қырғыз, елірме,
Теңедің тентек, теліге.
Табалау қатын кәсібі.
Табалар осы жерің бе?
Өзім келдім ордаңа,
Қорқытартың өлім бе!
Ноқталы басқа бір өлім,
Кірейін өзім көріне!

Кәрібоз:

Пай, пай, Науан, өктейсің,
Артық кетсем сөкпейсің.
Тізелеп тұрып алдымда,
Несіне маған шөк дейсің.
Билерімді өлтірдің,
Мақалай етіп сүйегін.
Құдайдың ұлы болсан да,
Сені қалай сүйемін!
Келсөң да патша қасынан,
Басымды қалай иемін.
Көп асқанға бір тосқан,
Келді енді кезегім.
Найзаға басың қадалып,
Боқтықта қалар тезегін!

Хан Кене:

Жә, Кәрібоз, кәрленбе,
Тиді деп билік бәлденбе!
Қолында шыбын жанымыз,
Мойнында қасық қанымыз.
Алауыз қазақ адасып,
Ауыр тартты халіміз.
Арқардай аудық Арқадан,
Былғады доңыз шалғынды.

Жататұғын шалқадан,
Ұлытау, Көкше арасын,
Көре алмаспын қайтадан.
Қоса алмадым қатарға,
Жұртым қалды жапанда,
Енді қалай жай табам?!

Наурызбай: (Көрібозға қарап).

Орыспенен отастын,
Қоқанменен матастың.
Теріс теуіп қазақты,
Көрібоз, қатты шатастың.
Қадірін білмей жақынның,
Сөлжебайға сатылдың.
Бәйге тігіп басыма,
Сатылдың қырғыз, шатылдың!

Көрібоз:

Жауыммен қалай қабысам,
Төремен қалай табысам?
Алышқың келді. Алысам!
Шабыскың келді. Шабысам!
Не қылмадың біздерге,
Қыл бұраудай қарысам!
Керден кеткен ей, Кене,
Дүшпаныңмын - танысан!
Бітіспей кеткен кегім бар,
Қаныңа қан,
Жаныңа жан алышам!

Хан Кене:

Айтарынды білгенмін,
Қоки қырғыз сөзінді.
Қолға түскен кезінде,
Ойсам етті көзінді,
Келтірсем етті тезінді.

Сорлы қазақ шатылды,
Бірікпей басты қатырды.
Рұстем кетті сыйтылып,
Ұмытып шыққан жатырды.
Қоңырқұлжа, Тұрлыбек,
Ыбырай, Ерден, Шалғынбай,
Қарғыбауға сатылды!
Деп едім қырда қырғызда.
Бауырға тартып елдесем.
Ата жауым ақ патша,
Беттесем де белдесем.
Сөйтіп те бір орыспен,
Тереземді тендесем!
Көкшетаудан көшірді,
Қала салып әр түстан.
Қарашекпен есірді.
Абылай қонған орданы,
Ойрандады, өшірді.
Ұлытау бойын шаң қылды,
Көкшениң басын лан қылды.
Шұратты жерді тартып ап,
Есіктің алдын қан қылды,
Еркіндіктен айырып,
Киіз үйлі қазақтың,
Қара басын дан қылды!

Кәрібоз:

Жалған сөйлеп хан Қене,
Ақылынан алжаспа!
(Сөзге араласа кетеді).

Наурызбай:

Ұлтарақ етіп тілінді,
Кесіп тұрып алармет!
Отыз екі тісінді,
Артыңа апарып қағармет!

Хан басымен жан Қөкем,
Жалған сөйлеп нетеді.
Қызыл тілі қынапсыз,
Кесілген баспен кетеді.
(Хан Кенеге қарап).
Мұндай итке жетесіз,
Сөз шығындалп нетесіз.

Хан Кене:

Мойныма төніп түрғанда,
Қолыңдағы алласпан.
Кәрібозым сене алсан,
Арам сөйлеп адаспан!
Жұмсасам елші еліне,
Елдескенім емес пе?
Татулыққа шақырсам,
Селбескенім емес пе?
Айтқаныма көнбедің.
Өрекпідің, өрледің.
Сырық сілтеп сыртымнан,
Жылқыма маза бермедің.
Тортөбелді үрладың,
Хан басымды қорладың.

Кәрібоз:

Зордан шығып істерің,
Тайғақ жолда күштедің.
Енді міне, зауал шак,
Бармагынды тістедің.
Жауар бұлттай торладың,
Аяшымды зорладың.
Талқан етіп тамымды,
Аруағымды қорладың.

Наурызбай:

Елшімізді қамадың,

Жылқымызды таладың.
Елдеспегің жок қырғыз,
Теріс неге қарадың.
Хан Қенені қорладың,
Бір тілекте болмадың.
Қашып кетті қаншықтай,
Хансымағың Орманың!
Енді несін кейисін,
Дүшпаныңа телисін.
Тұбіміз бір туыс ек,
Неге бізден жерисін.
Бар бұліктің басымын,
Жаулыққанның қасымын.
Тыңдар болсаң, Кәрібоз,
Айтар сөздің ашығын.
Басымды алсаң мінеке,
Мықты болса тақымың!

Хан Қене:

Қаймана сорлы қазактың,
Ұлдары кетті құл болып,
Қыздары кетті күң болып.
Ата жұрттан айрылып,
Қанатынан қайрылып,
Алдыаспаны майрылып,
Кенехан отыр алдында,
Кәрген күні мұң болып.
Қоқан қылыш қорлықты,
Орыс салыш зорлықты,
Туган елім тозғанда,
Қоқи қырғыз озған ба?!

Халқында алар құным жок,
Орман ханың сатылды,
Өзің де Кәрібоз шатылдың.
Қылар болсаң қылыш қал,
Тілімді кес те басымды ал!

Наурызбай:

Көрібоз, енді қорлама,
Кінәласып зорлама.
Тағдыры тас Тәңірдің
Әмірі екі болма ма?
Он жыл бойы алыстық,
Алыстық та шабыстық.
Абылай салған соқпақты,
Үзбесек деп қарыстық.
Қосағында өлсем арман не,
Кене хандай арыстың!
Кіндік қаным тәгілген,
Тұлымым желге өрілген,
Көкшетау сені сағындым.
Қызығымды бөліскен,
Тай-құлындаі тебіскен,
Құрбылар сені сағындым.
Таласып таймен жарысқан,
Тең құрбымен алысқан,
Сары сені сағындым.
Етегі суға малынған,
Төбесі күнге шағылған,
Оқжетпес, сені сағындым.
Үкісін самал тербеген,
Қолатын думан кернеген,
Меніреу, сені сағындым.
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Хан көлі, сені сағындым
Бесігі болып тербеткен,
Еркелегем, ер жеткем,
Елім сені сағындым.
Көре алмастай соларды,
Тәңірім саған не қылдым!

Хан Кене:

Науаным, асыл бауырым,

Сорлы ағаңа ерем деп,
Не салса да көрем деп,
Өлсем бірге өлем деп,
Көтердің салмақ ауырын.
(Бауырына басады).
Қара өткелдің қамалын,
Қиаратамын, аламын,
Деп шапқанда бір өзің,
Іліп кеттің наизана,
Он екі орыс адамын!
Құтты болып қадамын,
Он жетінде алып ең,
Үшбүрүлдың аралын!
Жекпе-жекте талайды,
Найзаңменен қададын!
Кешермісің қылышын,
Сорлыда болған ағаңын?
Басыгара батырдың,
Қаны тамған жері ет деп,
Көп қазакқа бел ет деп,
Шабуылдан қамалдан,
Қалың жауды қашырдың,
Ерлігінді асырдың!
Көзсіз туған тарланым,
Ерлігінді барладым.
Шолақ наиза қолында,
Жауың жайрап жолында,
Есімде ойран салғаның.
Тау бекінген қырғызға,
Жалғыз шапқан өренім,
Ақ алмастай еренім.
Бассыз қалқан қазакқа,
Мәлім боп тұр бұл шакта,
Мен емес, сенің керегің!

Наурызбай:
Бермеді құдай тілекті,

Қоки қырғыз қоқандап,
Жұндей түтіп жүдettі.
Терістен туып айымыз,
Қан жылатты жүректі.
Сағындырып Сары Арқа,
Қайғы шерді үдетті.
Ескерер ме есті үрпак,
Наурызбайдай түлекті?!

Хан Кене:

Ерте келер, кеш келер,
Елім есен тұрганда,
Есіркөр де ескерер!
Шіл боғындай шашылған,
Сорлы қазақ бірікпей,
Зауалына заманның,
Дей алмаймын дес берер.
Азаттық деп аттандық.
Қол құрадық, шаттандық.
Нысанбайға қосылып,
Шеменді шерді актардық.
Зарын қырғыз үғар ма,
Біздей де сорлы пакырдың.
Ортақ жауың осы деп,
Үш жүздің ұлын шақырдым.
Сонынан ерді қалың ел,
Небір сойлы батырдың.
Жасырмаймын, жауымды
Қара қанға батырдым.
Терістен таңын атырдым.
Өзектен өткен найзадан,
Қан түкірік қақырдым.
Шәлжиіп жатқан кезім жок,
Ішіне кіріп шатырдың.
Тілеп едім тәнірден,
Азаттықтың ақ таңын,

Ат үстінде атырғым!
Аруағымды шақырдым!
Салғыласып нетесін,
Ей, Көрібоз, сөзді қой.
Не салсаң да мақұлмын!

Көрібоз:

Мен де енді аянбан,
Елім қанға боялған.
“Кене!” деген бір сөзден,
Сәбиім шошып оянған.
Иманыңды үйір, хан Кене,
Ажалың келді таянған!
Тартындар!

(Көрібоз иек қағып жаналғыштарына белгі береді. Осы сәтте Кенесары қолын көтеріп “Токта!” дейді. Дейді де кісесін мойнына салып толғана сейлеп кетеді).

Хан Кене.

Ей, жасаган бір Алла!
Мен Қасымның ұлы едім,
Мұсылманның құлы едім.
Азаттық еді тілегім.
Естірмісің есіл ел,
Өзің деп соқты жүрегім.
Қансырады, қажыды,
Найза ілген білегім!
Абылай аспас асудан,
Ассам-ау деп алыстым.
Талай ермен табыстым,
Талай елмен шабыстым.
Соңынан ердім елпендер,
Нар көтермес намыстың.
Бермеді тәнір тілекті,
Тас бауыр тағдыр жүдегетті.
Қансыратты жүректі.

Бабадан қалған кіреуке,
Жағасынан тозғанды.
Ақ патшаға сатылып,
Талай төре озғанды.
Ботасынан айрылған,
Ботасыз інген боздарды.
Қайдағы шерді қозғарды.
Жақсылармен кеңестім,
Теңесспен теңестім.
Көтерсем деп ем беделін,
Қазақ деген белестін.
Қырда қырғыз, ойда орыс,
Елім деп он жыл егестім.
Халқы үшін шәйтіт Кенені,
Қазақтың ұлы демес кім?!
Бабадан қалған тағымды,
Қорғамай сонша не қылды.
Қырық пышақ қазақтың,
Бірі орысқа жағынды,
Бірі Қоқан бағынды,
Қырғызға бірі табынды.
Сейтіп те сейтіп сормандай,
Қашырды бастан бағымды.
Тұған жұртым мен тоқтың,
Шыбындай жаным садақа.
Құрмалдық ет те шала бер.
Үлеске салар нем қалды.
Қорлауға тусер тәнімді,
Жыртыстай жыртып ала бер.
Алдияр Алла жасаған!
Құнәміз көп пе жасаған.
Елім деп атқа қонып ем,
Жауыма да бұғып кеп,
Тас атпап ем тасадан.
Жетпедім сертке, не етейін,
Қайғылы шермен өтейін.

Сергелдең болған мен сорлы,
Күйікке толы көкейім!
Тұған елді тапсырдым,
Тақсыр Алла, өзіне.
Сала көрме тым қатал,
Тас бауыр тағдыр тезіне.
Азаттық таңын бере көр,
Қаймана қазақ халқыма.
Түспесе тозаң жарады,
Баянды баба салтына.
Жат пигылдан сақтай жүр,
Жетім қалған жұртыймы.
Көрсете көрме, ей халқым,
Бірі қан да бірі май,
Алауыз біткен ұртыймы.
Сыздық жанды тапсырдым,
Жаратқан, жалғыз өзіне.
Жебей жүр де демей жүр.
Түсе қалса көзіңе.
Науан жаным бақұл бол,
Болған іске мақұл бол.
Таңда махшар кезікsec,
Бір табан маған жақын бол!
Ей, Алла! Ей, Алла!
Кеше гөр біздей пақырды,
Абылайдай қарт бабам,
Қасына мені шақырды.
Осылай өлсө хан Кене,
Жаратқан ием, мақұлды!
Өлтіре білген хан Кене,
Өле де білет, Қөрібоз!

(Хан Кене қонышына жасырып салып жүрген сапысын суырып алып жүрек тұсына қадай құлайды, Наурызбай ышқынып келіп басын сүйейді).

Көрібоз:
Дарақтай біткен дүр еді,

Тоқтады, тынды жүрегі.
Шарт сыңды да сұлады,
Қазақтың қара тірегі.
Бүйдалы ноқта үлегі.
Өзекті жанын өрт шалған
Өлімді өзі тіледі!
Үздік шыққан шығандап,
Үзілді күміс белдігі.
Ерлігінің жоқ еді-ау,
Жарты елі де кемдігі.
Осымен тынып қала ма,
Қалың қазақ елдігі.
Елінің еңсе жазарын,
Үрпактан күттік ендігі!
Дін мұсылман баласын,
Жауластырма жаратқан.
Сұрайық соны зар тілеп,
Хан, қараша, манаптан!
Бәрі де бітті!
Әкетіндер! Болды енді!

(Көрібоз шәге түсіп күбірлеп, бетін сипайды. Құзет На-
урызбайды алдарына салып алыш кетеді.
Аңы күй сарыны сұнқылдайды).

Шымылдық

Маж

Алдияр
Төрт көріністі тарихи
трагедиялық драма

Қатысушылар:

Хан Кене - қазақтың азаттық жолында құрескен соңғы ханы

Нысанбай - жырау, ақын.

Наурызбай - Кене ханның інісі.

Ағыбай

Бұхарбай

Жәүке | батырлар.

Сыпатай

Рұстем - тәре.

Көрібоз - қыргыз манабы

Қоңыр Құлжа - Қараткөлдің сұлтан правителі

Арыстанбай - ақын.

Хабаршы

Төлеңгіт

Сарбаздар

Бірінші көрініс

Хан Кененің ставкасы. Шатырдан аулақтау тәбеде бір топ батырлармен Кененің өзі тұр. Алыста зенбірек, мылтық дауысы, от жарқылы, адамдар айғайы, жылқы кісінесі естіледі. Ұрыс болып жатқанға ұқсайды. “Аруақ! Аруақ! Абылай! Ақ жол! Олжабай! Қарақай! Қарқабат!” деген ұранды үндер қоса естіледі.

Шатыр іргесіне келіп тоқтаған ат түяғының дыбысы естіліп барып тынады.

Желен, женіл киінген Наурызбай ентелей басып сахнаға шығады. Тәбе түбіне таянады. Өні сұсты, өзі әлденеге алаң кейілте.

Наурызбай: Жан Көке, мыналар маңайларат емес. Алдырмай тұр. Зенбіректен доп атып, мандарына дары-

тар түрі жоқ. Жаңа ғана бас батырының Басығара оққа үшты.

Кене: Не дейді?! Алла ғана, ардағым-ай! Иманы сөлемет болғай. (Бетін сипайды). Не ғамал бар?

Наурызбай: Басығара батырдың қасиетті қаны тамған топырақ кәпірлер табанында қалмасқа керек. Қамалды қиратып ішіне енегін, болмаса қақпа түбінде өлейін! Маған мұрсат бергейсіз. Бес жұз жігітпен аттанадайын. Құдай қолдап, Абылайдың аруағы жебесе аңғарылар бұл тілек. Беріндіз батаңызды, жан Қеке!

Кене: Өнешінен от шашқан зенбірекке жалаң қолмен қарсы шауып не таптақсың, Науанжан. Әлде бір тапқан ғамалың бар ма? Соғыс ойын емес, өнер ғой...

Наурызбай: Қамалға қос бүйірден тисем деймін. Басты күш желке тұс-тасада тұрмақ. Өзім қақпа түбінен шығармын. Әлсін әлі от тастап, қамалға іштен бұлік салған жөн.

Кене: Ғамалыңа қаныққандаймын. Есілдің Қараөткел тұсынан өтер таязды суынан басты күшінді өткізіп ал тездетіп. Ішке түскен бұлік ірітпей қоймайды. Садақтың от байланған саржасын қамал ішіне қадай атындар!

Жолыңа ақсарбас, Науанжан. Жаратушым жар болсын! Абылай бабаңың аруағына тапсырдым! Аттан, ботам, аттан! Басығара батырдың қасиетті қанын аяқасты ете көрме.

(Наурызбай жалт бұрылыш жүгіре басып шығып кетеді. Ат тұяғының дүбірі алыстай түседі. Ұрыс дала-сынан жаңа сарын үдей естіледі).

Бұхарбай: Хан ием, Науан анау бір тұста кетіп барады, жарқылдал! Онғара гөр Тәнірім!

Жәүкे: Зенбірек добы тап қарсыдан тұсті-ау. Мерт болмаса жарады. Көzsіз ерім-ай! (Кене белдігін шешіп мойнына салады. Әлсін әлі дұрбі салып, ұрыс даласын бақылап тұр. Аруақтаған ұранды үн үдеп барады).

Бұхарбай: Өрт! Өрт шықты қамалдан.

Жәүкे : Науан бастаған бір топ сарбаз қамал қақпа-

сының тубіне есен жеткендей. Дабылдатып, ойқастап жүр. Өрт өршіп барады!

Бұхарбай: Анау не қамал қабырғасынан көтерілген?
Жәуке: Ақ, ақ ту ғой!

Бұхарбай: Берілдік деп түр ғой. Женілдік, тізе бұктік дегендері ғой, ақ ту көтерсе.

Кене: Жасаған тілекті оңғарды.

Бұхарбай: Қакпа ашылды. Наурызбай бастаған қол ішке еніп барады, атойлад!

Жәуке: Қәпірлерге сенім бар ма. Айла-шарғысы болмағай!

Бұхарбай: Қол керіп кетті. Енді не қылмақ дейсін тәйірі.

Жәуке: Қамалдан бір қара бермен қарап салып келеді. Сүйінші ҫураған біреу болмасын.

Бұхарбай: Бердік сүйіншісін, бердік.

Кене: Біздің жігітке ұқсамайды. Жүрісі суыт. Қашқын болмағай.

Жәуке: Қамалдан қашып шыққан біреу болды ғой. Екі-үш жігітті жіберіп алалық. Жігіттер, анау жалғыз аттылы кім екен, осында алып келіндер.

Бұхарбай: Сақтықта қорлық жоқ. Сатқындар көбейіп түрғанда қос құлақтың түрік болғаны, қос жаңардың қалғымаганы дұрыс.

Кене: Қараёткелге иек артқалы анау сай, мынау жыра дегендеріңде тәбелері қылтылдаپ бой көрсетіп қалып жүрген жансыздар қарасы көбейе түскендей ме, қалай? Сақ болайық дегендерің жөн. Күзетке күшті көбейте түскен жөн. Өзің қадағала, Бұхарбай!

Бұхарбай: Ақ патша өз қолын жансыздарымен ұзартып отыр емес пе, Кенеке? Тау-тас көз, дала құлаққа айналып кеткен бе дерсің.

Жәуке: Ұзартса ұзартып жаткан шығар. Соларға өз ауылымыздың иттері қосылып, діңкелетіп түр емес пе?

Бұхарбай: Жөн айтасың, Жәуекесі. Кеше ғана Жантөренің Ахметі жіберген екі жігітті ұстадық емес пе?

Қоңырқұлжаға хат жеткізбек ниетпен шығыпты. Ішке бүккен сырлары тағы бар...

Кене: Жен ұшынан жалғасқан өз ағайындарымыздың бір үртү май, бір үртү қан болып шықты. “Туыстың тасы бас жармас” деп анқаусынар күннің ауылы алыста қалғандай. Орыс көрәтілінен де Қоңырқұлжа мен Күшік баласы Құлжаның жауалығы жіті болып шықты.

Бұхарбай: “Қосакталған бір есек қырық түйені жолдан шығарады” деп. Талай жігіт соларға ереміз деп елден безіп, ерліктен қалды. Жол кесіп, жапан кезіп, тезек терген иттей тіміскілеумен күн кешуде. Сондағы аңдары біз, хабардар етері орыс көрәтілі.

Жәүкө: Апырмай, деймін! Өзімізді өзімізге жау етіп қойған неткен сайқалдық десейші. Имандылық, мұсылмандық қайда!

Кене: “Құдай-құран тіл ұшында, алтын-күміс жен ішінде” демеп пе еді бұрынғылар. Оларға имандылығынан да, қазаки ар-намысынан да жен ішінен жалғасқан сылдырмак сөлкебай қымбат!

Бұхарбай: Дөп айтасың, алдияр! Жерін жыртыстай жырымдаң, тапа-тал түсте таспадай тілгізіп тонауға беріп қойып бұлк етпейтін “ел қамын жеген Едігелерге” не айтарсың.

Жәүкө: Есіл бойын ен жайлаған елдің өрісі тарылып, өресі қызылып тұрганда Құдайменде баласының қонекті сыртқа салғаны несі. Түсінбедім, түге!

Кене: Атама! Ақ патшаның мойнына қарғыбау тағып, иығына оқалы шепкен жапқанына марқайған неме сұлтан правительмін деп шыға келді. Осы елдің ендігі қожасы менмін деп ісіп-кепті.

Бұхарбай: Қараөткел қамалын өткен көктемде-ақ алатын едік. Осы Қоңырқұлжаның түлкі салған құйтырқылығы емес пе. Жаастырам, келістірем деп ақыры үлкен ұрысқа өкеліп ұрындырды. Қолға түссе кәлләсін қағып алу керек. (Осы кезде екі-үш жігіт Қоңырқұлжаны алдарына салып алып келеді).

Кене: Кімді айтсаң сол келеді деуші еді. Сапарың оң болсын, Коңырым!

Коңырқұлжа: Өлей, Кенеке!

Кене: Есіл бойын ен жайлап ешкімге дес бермеген сабаз ен, қандастарынды тастан қамалға келіп тығылыш жаным қалады дедін бе? Орыс шекленінің астынан шыға қашқаныңа жол болсын.

Коңырқұлжа: Несіне қашайын. Өзіңізге бет алып келе жатқаным осы еді.

Кене: Жә, Коңырым! Біз деп келгенің рас болса, тыңдалық. Өлде елдеспекке бет түзеген жайың бар ма! Болмаса тағы да жер соқтырып кетпекпісін.

Бұхарбай: Осы жолы не бұк, не шік! Жетеді бұлан құйрық құйтырықтылығың!

Коңырқұлжа: Батырекесі, бізде не билік болсын. Ақ патшаның адамы болған соң соның өмірі мен үшін зан екендігін несіне бүгейін. Адалмын деп берген антым тағы бар. Антты аттап неткенім...

Кене: Па, шіркін! Семсер үстінде серт жүргенін сенен көрдім. Патшаңа берген антың елді талау, жерді тонау екен фой (зілденіп). Артында тұрған қалың қазағыңың дағдырынан да ақ патшан жапқан анау шапаным қымбат десенші!

Жәуке: Қарғыбауы тағы бар!

Коңырқұлжа: Елді неге ойламаймын, ойлаймын. Бір жаратушы куә!

Кене: Айтқаныңа болайын! “Ұры тойғанша жеп, өлгенше қарғанады” деген осы-ау! Елінді ойласан Есіл мен Ертіс арасын, анау Ереймен мен Қорғалжын өнірін ен жайлаған елің неге еңірейді. Асқақтата сойлеп тұрған Ақ патшан мал тұяғы жетер жердің бөрін құрсаулап, бекініс қамал салып жатса еркін жайлар жағдайың қайсы? Күні ертең Есілге етегінді де мала алмайтын халге жетесің. Шұратты өнірінді доңыз жайламасына көзің жетті ме, Коңырым!

Коңырқұлжа: Астағипирилла! Атамаңыз доңызды.

Кене: Көкшетау өнірінде казак орыстың наиза қадамаған пүшпағы қалмады. Ұлы бабаң Абылай ту тіккен өнірді жыртыстай жырымдап жатқаны анау. Тінәлі-Темеш, Алтай-Қарпық, Өлкө-Байдалы болып аузын бұған өгіздей үнсіз отырғандарың мынау. Соның зілді заары сенде. Аққошқар мен Ахмет, Нөгері мен Құлжан, сендерде жатыр! Үнсіз қалсаңдар үндемес ек, жігіт жасактап, кәрәтілге жол нұсқап, жансыз жұмсал, жаулық ізден тыным табар түрлерің жок. Жаумен жағаласудың орнына олармен ауыз жаласып араласып кеттіндер, түге! “Еділінді алғаны, етекке қолды салғаны, Жайығынды алғаны, жағаңа қолды салғаны” деген баба зары тап сенің зердене жетіп, селк ете қояр демеймін. Ашынған соң айтамын да! Мына тұрған сен, анау Қүшіктің баласы Құлжан, Кішкентайдың Аққошқары мен Жантөренің Ахметі, Сарының Нөгерлері сырт беріп қана қоймадындар. Ұлықтармен ылышқан иттей ауыз жаластындар! Ұлы арман, асыл мақсат жолына бел буып шыққан мені Ақ патшаның ғана емес, ормандай орыстың жауы етіп көрсеттіндер. Соңыма зенбірегін сүйреткен кәрәтілді салып қойғандарың мынау. Ата қонысымнан аударып тастаса мен патшанмен қалай пәтуә, бітімге келмекпін. Ұясын алдырған көк бөрі де бір, мен де бір. Қазақ дала-сын кезіп кетсем саяхаттаң жүргенім жок, халқым үшін қан кешіп жүрмін. Көне, сондағы шығысқаның, ұғысканың! Көне, білекке білек, тілекке тілек қосқаның?

Абылайдың елге берген антын аттадың! Орыстың сөлкебей сылдырмағына сатылғаныңмен қоймай ашық бір, жасырын екі - жаулығынды жұмсал отырсың.

Қоңырқұлжа: Арым таза, Кенеке! Тым таусыла сөйледің фой, жарқынным.

Кене: Ардан садаға кет!

(Осы кезде дабыл қағылып Наурызбай бастаған бір топ сарбаз келеді).

Наурызбай: Көке, көке-тай, сүйінші. Ақмола бекінісін жермен жексен еттік. Басығара батырдың қаны

тамған қасиетті топырақтан жөйіттерді тазарттық!

Ағыбай: Кенеке, Науанжан осы жолы жасындей өткір, оқтан шапшаң қымыл көрсетті. Ақауызben секіртіп келіп топ ете қалғанда бір топ солдат қоршап-ақ қалып еді. Апырмай, жазым болар-ақ шығар деп иман үйірдім. Жанұшырып жеткенімше наизаға түгел іліп кетті ғой, сабазым. Артынан санасам жайрап қалғандар саны он екі түп-тура!

Кене: Жарадындар батырларым. Жортқанда жолдарың болғай, кашанда.

Наурызбай: Көке, мына неме қайдан сая болған. Манағы бір жанталаста қамалдан біреу бүкпантайлай қашып шығып еді. Соным осы болды ғой.

Қоңырқұлжа: Қой, кой, Науан. Өзім келдім Кенекене.

Наурызбай: Өз аяғыңмен келгенде бізбен құда түсейін деп пе едін. Шауып тастайын ба, тексіз неме!

Қоңырқұлжа: Тегіміз бір тере екенімді ұмытып тұрсың ба сен неме!

Наурызбай: Қазір тәремін деп тәбеле шығар, төленгітпін деп тәмен бұғар кез бе. Жыра тартып теріс кеткен өзіңнен гөр. Текті болсаң қағынан жерір ме едін! Кенекемнің алдына келгенде мына мойнындағы қарғыбауынды алышп тастасаң етті.

(Қоңырқұлжаның мойнындағы патша белгісін жүлшып алышп табаны астына тастайды).

Қоңырқұлжа: Корлама, Наурызбай! Жетер өктемдігің! Сен туған анадан мен де туғам! Ақ патшага қарсы шауып арандалар жәйім жоқ. Сендерге де айтаратым сол. Тиылындар! Тоқтаңдар!

Наурызбай: Мына кеше не дейді?!

Кене: Қазақ даласының кеудесіне орыстар қаққан қазық өз кеудемізге қағылсын, деп ат жалында жортуылда күн кешкелі де талай жылдың жүзі болды. Кәне орысындың қонысынца қол салмағаны, көне ақ патшаның өрісінді тартылтып, жаутаңқоз етіп құлдан өрі қорламағаны? Өз қонысынды өзіңе билетпеуге бет алған

қожалық асқынып болды. Қараөткел басына орнап қалып жатқан бекіністерің мынау. Үргызың мен Торғайың, Қекшетауың мен Ұлытауың, Есілің мен Нұраңың қай пүшпағы казак орыстың ойқастаған ат тұяғының астында қалмады. Бәрінде бекініс, бәрінде қамал!

Ол қазак сорлыны қия бастырмаудың ғамалы! Соны сезіп білмей отырған басырлығың ба, әлде тасырлығың ба?

Ел тағдыры ерге түсіп мынандай шақта шатқаятап шалыс басқан сендерге енді артар сенім де, қадай айтар сөзім де жок! Арылдым!

Қоңырқұлжа: Мен де арылдым!

Наурызбай: Іштен шыққан ірің ғой мынау. Сығып, сылып тастар ма ет! Өттең!..

Қоңырқұлжа: Сығып тастар бит-бүрге деп пе ең мені. Онысы несі екпіндеп.

Наурызбай: Балақтан төске өрлеген биттен нең артық. Қазақ үшін деп қан төгіп, далам үшін деп айқасқа шықсақ, шет қалар не жөнің бар еді. Әлде сен бұл елге жат, некесізден туған арамза ма едің?

Қоңырқұлжа: Болды, Науан! Осы жерде турап тас-тасаң да көнбедім де илікпедім зәріде! Жетер енді корлығың! Мен де ереккін. Маған да қатындар қалжа же-ген.

Кене: Жә, Қоңырқұлжа, сол намысынды жауынча жүмсасаң етті. Жөніце жөнел. Азатсың! Енді қайтып кездеспейтін болайық.

Қанынды арқалап нетейін. Бар, бар, жаркыным! Ақ-қарамызды бір Тәңірге тапсырдым. Сатқындығынды тимасаң анау өртеніп жатқан көпірлердің қамалындағы басқан ізің қара шалаға айналар! Антым сол! Ақ жолыма кесе көлденең тұрғандардың бәріне де айтартым сол, тартқызыар жазам қатал болмақ! (Теріс айналады). Айта бар, адымымды андып отырған опасыздарға!

Ал Науанжан! Ұрыста шәйіт болғандарды ақ ару-

лап жерге тапсырып, дүға оқытып, ас берелік. Тәндери рахатта, жандары жәннатта болғай!

Бәрі қосылып: Әумин! десіп бет сипасады.

Екінші көрініс

Кене ханның ордасы. Ордадағылардың бәрі елең-алаң халде. Құбірлей сөйлесіп, өлде неге елеңдегендей. Бәрі тәр алдында тұңжырап отырған Кенеге жаутаңдай қарасады. Содан бір ауыз сез күтетіндей.

Осындай сәтте есіктен хабаршы кіреді. Тізе бүгіп хабар жеткізеді.

Хабаршы: Алдияр тақсыр! Дат!

Кене сөйле деп белгі береді.

Хабаршы: Құнімжан ханым келе жатыр. Ханымды әкеle жатқан орыс елшілігінің басы поручик Герн деген көрінеді.

(Ордадағылар дабырласа, жарқылдаса, сөйлесіп кетеді. “Бәрекелді! Ақ, акқа Алла жақ! Жақсы болды-ау! Есен келгені- ел қуанышы!”)

Кене: Жә! Ақшиге жетті ме? Жетсе сол жерде қарсы алындар. Герннің не сөлемі бар еken? Біліндер!

Бұхарбай: Елдеспекке елші сеп дегендей, Гернді қабылдаған жөн болар осы жолы.

Кене: Жоқ, жөн болмайды! Долгов сияқты ол да кетеді! Орыс елшілігінің ондырғанын көрген емеспін. (Орнынан тұрып кетеді) Бәрі де елші атын жамылдып келер жансыз емес пе? Қой терісін жамылған қасқыр де де қой!

Наурызбай: Иә, қой терісін жамылған қасқыр!

Кене: Ақши жазығындағы ойранның орыны әлі күнге үңірейіп жатқан жоқ па? Өлгендердің азасы әлі басылған жоқ! Қаншама ауылдың шаңырағын ортасына түсіріп, керегесін отқа жақлады бұлар. Бәрінен де бет-перде етіп менің туымды көтеріп, алдарқатып келген

кәрәтілдің женіл етекті қатыннан өрі өткен жетесіз сай-
қалдығын айтсаңшы!

Күнімжан ханыммен бірге шырылдатып бесіктегі
балага дейін ат артына өңгеріп кеткен қорқаулық қылық
ұмытылар ма?

Ханымды алға салып келіп тұрса елшінің, генерал
губернаторлардың ар жағында бұқпантайладап жатқан
арамдығы жоқ деуге кім сенбек. Сонымыздан шиі бөрідей
шулай ерген кәрәтілдің бар мақсаты мына мені мен
сендерді қолға түсіру емес деп көр! Басымызға тігілген
бәйгені қайсымыз бұрын алар екенбіз деп отырган
қорқау туыстардың сиқы анау!

Ағыбай: Жөн айтасыз, Кенеке! Қөзіміз жетті ғой
оган. Ендігі жерде құлағымыз түрік болмаса болмайды.

Бұхарбай: Апрай десейші, жазығы жоқ ауылдар-
ды ойрандап, адамдарын қынадай қырып, жан естімеген
жауыздыққа барды-ау.

Қалай ғана ашынбассын!

Наурызбай: Құлжан мен Аққошқар, Нөгер мен
Қоңырқұлжа жазалаушыларға аяқ артар көлік беріп
қоймай, қазақтан жігіттер сайлап, қарсы шаптырды-ау!

Қазақты қазаққа қарсы айдал салып бітіспес кек,
өшпес өкінішке ұрындырады! Сол “ерліктері” үшін ақ
патшадан шен, шекпен алыпты имансыздар! (Кекесінмен
куледі)

Кене: Менің де күндіз-түні ойлайтыным да, ой түбіне
бойлайтыным да солардың сатқындығы емес пе. Қайғы-
ма қайғы қосып, мұнымды арылмас қара бұлтпен түмшаш-
лап алғаны сол сүркия сатқындық қой. Өттең дүние-ай!
Тере бірігіп төбе бола алмадың, қазақ бірігіп ел бола ал-
мадың. Жанға батар қайғы да, сүйекпен кетер азабың да
осы! Осы, Науанжан, осы! (Осы кезде сырттан хабаршы
енеді.)

Хабаршы: Алдияр! Жансызды ұстадық!

Наурызбай: Тағы да жансыз ба? Дала түгел жау,
түгел жансыз! Бұл не деген сүмдық! Басын кесіп қадаға

қағайын! Көне, кайда! (Үмтүллып сыртқа шықпақ болды).

Кене: Тоқта! Тілдеселік алдымен. Басын алу қаш-
пас. Кіргізіндер! (Ордага артында құзетшісі бар жігіт
кіреді).

Кене: Уха, жарқыным жөнінді айт! Кімсің?

Наурызбай: Кім болушы еді, жансыз да.

Жігіт: Жансыз да, арсыз да емес, мен көдімгі Арыс-
танбай ақынмын.

Наурызбай: Па, не дейді. Көне таныт ақындығынды.
Нысан аға, байқастап көр мынаның аяқ алышын.

Нысанбай: Жөн, Науанжан, көрелік! Бағасын біз де
берелік! Көне Арыстанбайым, ағыт тілдің тиегін, Асыл
болса сүйегін, сонынан бір еріп көр, өлең деген киенің!

Арыстанбай: (іркілмейді)

Кенеке, жақын көрсөң қарашыңмын,

Алыс көрсөң аңдысқан алашыңмын.

Атаңа алты қатын алып берген,

Атығай-қарауылдың баласымын.

Баласы би Тобылбай әкем аты,

Мағұлым Орта жүзде оның аты.

Кенеке, білмесеңіз мен айтайын,

Орта жүз руы Арғын арғы затым.

Сұрасаң Арыстанбай мениң атым,

Айтамын өлтірсөң де сізге батым.

Естігем үлкендерден туысынды,

Жаралған жатырынан қалмақ қатын.

Ат қойған азан айтып Арыстанбай,

Келбетім көріп тұрсың арыстандай.

Төренің тұқымына қатысым жоқ,

Көріп ең не жамандық қарысқандай!

Кене: Жә, болды! Тілің кесілгір!

Тіл өзімдікі деп тесілдің ғой түге!

Наурызбай: Сонша түптеп нең қалды. Тілін табанға
салып кесіп тастар ма еді. Ақын, ақын дегенге аспандап
барасың ғой. Қонарың жер емес пе?

Нысанбай: Науанжан, сабыр ет. Ақын деген ақ ал-

мас. Айта алмаса несі ақын. Жалғаны жоқ сөзіңнің.
Ақын екенсің, Арыстанбайым!

Кене: Нысан абыз, үнің шықпай отыр еді, мұндасын-
мен жолығып шабытыңың шабына шоқ түсті-ау, өзі.
(Зілді жимыяды). Ал Арыстанбайым, қасындағы қапта-
ған орысың кім? Олар мына кең далада не бітіріп жүр
тентіреп? Кезгенде кезіктіргендерің біз болсақ
жүрістерінде жымысқылық бар-ау.

Арыстанбай: Қонырқұлжа жол білесің деген соң...

Наурызбай: Қонырқұлжа! Тағы да Қонырқұлжа сүр
жыландаі ирелендеп алдымыздан шықты ма? Айттым
ғой бұл да орысқа ерген жансызы деп!

Арыстанбай: Сұлтан айтқан соң бізде не билік бол-
сын. Оның үстіне жол ақынды берем деген соң, отрәтті
Ұлытауға қарай алып шығып едім.

Кене: Бұлардың кәсібі не сонда?

Арыстанбай: Кәсібі жаулық та, жансыздық та емес.
Жер бедерін қағазға түсіреді. Өлшейді, өлде нелерді жа-
зады.

Кене: Жансыздықтың жолы осы. Қағазға түсіргені
- картасы, өлшесе - жол мөлшерін есепке алғаны. Бар
қазақ даласының ұнғыл-шұнғылын, адыры мен асуын,
өзені мен көлін, шұбырған жолын, шаң ораған белін ала-
қандай қағазға көшіріп алып, уысында үстамақ қой. Түяк
қыбырынды бағады да отырады десейші. Құні ертең осы-
лардың дерегімен оңтайлы ұрымтал түстан бекіністер
салады, бізben соғыстың төте жолын табады.

Арыстанбай: Апымай, алдияр тақсыр, онысын мен
бейбақ білмедім ғой. Алтын берсе де көнбейтін едім...

Нысанбай: Білмеген у ішеді.

Наурызбай: Білмеген емес, біліп істеген. Қонырқұл-
жа әдейілеп тапсырса несін бүгіп қалды дейсіз. Іштен
шыққан жау жаман. Шауып тастайын ба, Зәнталак!

Кене: Сабыр Науан, сабыр! Осы сенің сөзіннен қолын-
ның бұрын жүгіретіні-ай. Бұдан енді залал жоқ. Отряд
түгел қолға түсіп, жазаланыпты ғой. Бірақ жансыздық,

мұнымен тиылып, жаулық мұнымен тоқтар ма? Тағы бір анқау Арыстанбай табылmas деймісің бұл казақтан. Откен жылғы қанды қырғынға жол сілтеп жіберген де, Ақшидегі ханымның ауылының үстінен түсірген де өз қазағым емес пе. Жауласу барда жауыздық алға шығады, жазықсыздар жапа шегеді. Сатқындық қосақта жүреді. Ашық келген дүшпанинан бұғып келген жау жаман. Бұғынып келу батырлықтың жолы емес, корқақтар мен ездер еншісіндегі дүние. Сатқындық басы соларда!

Наурызбай: Көке, онда мына Арыстанбайға не жаза бүйірасыз? Сатқын деп бас терісін сыпартасыз ба, жансыз деп отін сұртасыз ба?

Кене: Екеуі де емес! Азатсың Арыстанбайым! Тура еліңе - Көкшетауга тарт! Сәлем де ата жұрт, асыл мекенге! Кенесары өлі аттан түскен жоқ де! Елден ауа көшсе де күндіз ойында, түнде түсінде - Көкшетауы еken де!

Енді көріспесбіз, бақұл бол, ақыным!

Арманым - аманат, зарымды жеткіз Арқаға! Хош! (Арыстанбай бас иіп шыға бергенде, хабаршы кіреді).

Хабаршы: Алдияр! Орыс елшісі Герн келіп тұр.

Кене: Қабылдамаймын. Бұйымтайы болса тілмәштан жеткізсін. Өкелген хаты бар деп еді генерал губернатордан.

Хабаршы: Мына хатты өзінізге тапсырсын деді. (Кене тілмашқа мензейді. Ол алыш хатты оқи бастайды).

Тілмаш: Орынбор генерал-губернаторы Обручев мырзадан еken.

Кене: Көне, оқып көр!

Тілмаш: (қағазды оқи бастайды). Сұлтан Кенесары Қасымов!

Кене: (тіксініп). Жә, тоқ етерін оқы! Әлі де хандығымды мойындағысы келмейді, ит неме!

Тілмаш: Сүйікті жарыңыз Құнімжан ханыммен есен-аман табысқаныңызға бек қуаныштымын.

Кене: Қуанбай қалғыр! Оқы, әрі қарай!

Тілмаш: Бұдан бұрын да ескерткенімдей аса жоғары мәртебелі патша ағзамның қалауымен Ұлытау мен Орск маңына бекіністер салуга кедергі жасамауынызды сұраймын.

Кене: (жұлып алғандай) Неге кедергі жасамауым керек. Арқаның терісікей бетін түгел бекініске толтырып болды. Ол мандағы қазақ ауылдары іргедегі өзен-көлдерден малын суара алмайтын халге жетті. Баяғы өріс, жайлау адыра қалды. Станицалардың ірге бекітіп жатқаны анау. Қарашекпендей, жөке аяқтылар шұбырып келіп жатыр. Ата-бабасының жұрттындай тайрандалап барады. Басынып болды, түге! Жердің шұрайлышын, жайлаудың отты, сулысын табан астымыздан сұрырып өкетіп жатқанына қалай шыдарсың? Мен бұл шартпен қалай келіспекпін? Ата-баба жұрттың көпірдің табаны астына қалай ғана қалдырамын! Аруаққа шет, ата-баба қарғысына қалғанша, қасық қаным неге төгілмейді! “Арқада қыс қатты болмаса арқардың ауып несі бар?” дегендей ата жұрттан аумасқа, бетпақ шөлге безбеске не амал қалды. Жел айдаған қанбақтай қазақ даласын кезіп жүрсем солардың тақымға салған қылбұрауынан емес пе? Сайын далада симай емес, сиыса алмай жүрсем, зәбірдің зорлығы да! Қор етті ғой Ақ патша! Қазақ сорлы қайда барып жан сақтамақ. Басар жер, шығар тау патша ағзамның ғана билігінде болса қазақ бейбак қайдан келген. Жері жоқ, елі жоқ көктен түсе қалып па. Бұл қазақта кеудесіндегі шыбын жанынан басқа өзімдікі деген ештененің қалмағаны ғой сонда?

Обручев оттамасын! Горчаковке де осыны айтқанмын кезінде. Тартыс, талас емес, татулық Абылай бабамнан қалған мұрат еді. Мен де сол мұрат жолындағын. Бірақ бабалар қоныс мекенін ешкімге де қолжаулық ет-песке берген сертім бар. Сол жолда өлімге де бармын! Біздің орысқа еш жаулығымыз жоқ. Ақ патшана да со лай айт. Тек қазақ иелігіндегі қонысқа қол салмасын, бекіністерін түгел өкетсін қазақ даласынан. Жау шақы-

рып, соғыс тілеген біз емес. Осы айтқанымды орындаңа-са бар күнім қанды шайқаспен өтеді. Бұл менің соңғы сөзім. Мәміле деп мәймәнкелейтін, пәтуа деп “ләппай, таксырлайтын” мен емес! Оған арым жібермейді. Серт бұзар сердебе - сайқалдық! Ол менің жолым да, қолым да емес!

Осы сөздерді генерал-губернаторға жеткізе жаз. Елшіге хат ертең табыс етіледі де. Жүре берсін. Қуықтай басы бүріскен, ешкідей көті шүрішкен сары жаудың бәрі жау деген осы екен! Жаумен жағаласпасам ауыз жала-сар жөнім жок!

Тәмам! Сөз бітті!

(Кене орнынан тұрып, теңселе кезіп кетеді шатыр ішін).

Ұшінші көрініс

Хан Кененің шатыры. Он жақта Нысанбай қоңыр қобызын алдына өңгеріп алып бір мұңлы сарынды толғап отыр. Бір шетте Наурызбай отыр түнеріп.

Кенесары шатыр ішін кезіп жүр. Бір кезде абыздың алдына келіп шөгө түсіп отыра қалады.

Кене: Уа Нысанбай! Менің шеменді шежірем. Ақыл қосар данагәйім, толғап кетсе таусылmas айыр көмей абызым. Ұлы бабам Абылай қысылған сөттерінде алдымен Тәніріне, одан соң өулие көмей Бұхар жырауға та-бынады екен, соларға қарап тіл қатады екен. Онтайлы ақыл, кемелді кенес қосар карт жырау Абылайды талай тығырықтан алып шықты дегенді кешегі әкем Қасым айтушы еді. Ой кезіп ұшығына шыға алмай, қиял шар-лап шегіне жете алмай қажыған түрім бар. Сандалтқан арман бос сағымға айналды. Төгілген қан күнөмді ауырлатып, санамды езіп, тұралатып барады. Шегінер жерімді өрт жайлады, кәпір қыспаққа алып, шебін бұзар жер қалдырмай түгел шегендей құрсал тастады. Қекірегімді өрт жайлады, бір қосақта өлсек десіп ант алысып, анда

болған талай батыр, сандаған сұлтан тәрелер сатып кетті. Оларға халқым деген қара бақыр, ата жұрт дегенім қу тақырың болып шықты. Ұлы арман, асу бермес жарқын мақсат деп атқа қонған менен ірге бөлді, көнектерін сыртқа салды. Ортақ жауға қосылып сатқындық жасады. Ол жыл бойы сергелденмен септіней-септіней селдіреп қалған елімнің түрі мынау. Қоқаның қокандаған Құдиярынан бұл күнде маған аспандағы ай жуық, тұмсық тіресіп, сіресіп жатқан қырғызың анау. Екі рет жіберген елшімді елемеді. Елегені сол - бастарын алып қорлады, хан басымды мазақ етті.

Манап біткен ауыздарына түкіріспей қойғандай жоталаңып сала беретінді шығарды. Қосылар, ұдықтасып ұрандас болар деген үмітім кесіліп тұр. Ендігі істемегендегі үрлік еді. Кеше ғана іргемдегі кермеде түрған тор тәбелімді қолды етті. Едіренде еркінсіп болды. Мұнысын қоймаса қойнымдағы қатыныма қол салып, аяқ артпас па? Бұнысын көргенше, күнде қорлық-намыстың өлгеннеше, орыстың оғына ұшырасам етті! Құдайменді мен Ержанның ауылын шауып, қос саяқтың үйірін бақанға тізіп оны өкетті. Жобасы сонау Абылайдан қалған араздық салқыны бүгін ушыққандай. Истік үстіне шығып, ширығып болғандай. Қосылmas, ұрандас болмас! Арамыз алшактап барады.

Нысанбай: Әр ханның тұсында бір сүрқылтай. Бұхарекендей болмасақта жыртығына жамаулыққа жарасам деп едім. Құрес жолы қансыз, қайғысыз болғанба, Алди-яр! Біле тұра қосынына қосылып едім. Батырың безсе бетсіздігі, сұлтаның сатса қара басының қамы да! Аузындағы сөзінен басқа қауқары жоқ ақынға бетсіздік таңсық емес, сатқындық мансұқ.

Сөйле, Қенекем! Қөнілінді алаң еткен бір қауіп бар-ау.

Кене: Кешегі өткен әкем Қасым ес біліп, етек жапқан шағымда Абылай орда тігер меніреу ішіндегі аланда отырып бір кеп шертіп еді. Сондағы айтқаны көрген түсі екен.

Анау тұрған Оқжетпес қиясына тұяқтарын тасқа жаныған бір қара бүркіт келіп қонды деді. Орақ тұмсығын тасқа жанып-жанып алғанда кәдімгідей шоқ бүркіп, жалын төккен түрі бар.

Апырай, мынау елге келген пөле болмасын. Мынау өнірді өртке ұшыратар түрі бар ғой өзінің. Көпірдің көзін құртып, атып алайын деп арқар мүйізді садағымды алдым да сырлы жебені зырқыраттым емес пе деді өкем. Сол кезде екі көзінен қан шашқан қара бүркіт зырлаған жебені жол жөнекей қағып алыш алды да ортасынан қақ бөліп, қайра өзіме атты. Жебенің ұшы көкірегіме қадалып, шошып ояндым. Ояндым да ойға қалдым.

Кеп ұзамаспын, балам! Абылайдан туған бізден басқа ел қамын ойлап, сол жолда басын бәйгеге тігер ешкімді көре алмай түрмүн. Үелі де бір, үйіп қойған бір арба көн де бір. Қарақалпақ тауының тасасынан әріге мойнын соза алмай бұғып отырды да қойды. Хандықтың қос тізгін, бір шылбырына ие бола алмай ақыры айрылып тынды. Қазір одан тоқалы атығай Сарғалдақтың қызы айғанымның аты зор, абыройы биік. Абылай тақтан тайған соң нар шөккен, бақ дарыған қазақ даласынан да құт қашты. Батырлары баянсыз, билері пәтуасыз болды. Әке тағына ие болсам деген менің кеудемді басты, тілегімді кесті! Ендігі үмітім өзіңсің, балам. Елінді ойла, Абылай салған сара жолдан табан аударма деп еді, жарықтық!

Қалған тірлік өзіне мәлім, Нысаным!

Нысанбай: Сонша тұңілер күн дей алмаймын. Кешелер ұлы жүзден Сыпатай батыр мен Рұстем төре он екі мың қолымен қосыныңа келіп қосылмақ ниетте деп естідім. Ертендер қыргыздан Қәрібоз бастаған елші келмек.

Осының бәрін жақсылыққа жорылық, Кенекем!

Кене: Арқа тірер Сарыарқа артта қалды. Табан тірерім Алатаудың азаматтары емес, тарғыл тасы ғана ма деп шошынам!

Нысанбай: Өл рахман - сабыр, би рахман - шай-

тан деген, Кенеке! Қүйікке күйремей, сабырға ерік берініз.

Кене: (зілді құлқімен) Тамыр берген түйеден, тәнір берген тоқты артық, абызым. Артын тоссақ тосалық, алтықпай!

(Осы кезде хабаршы енеді).

Хабаршы: Алдияр! Рұстем сұлтан мен Сыпатай би келіп тұр.

Кене: (орнынан тұрады) Еңсін!

Рұстем мен **Сыпатай** қосарлана:

Алдияр, Кенеке! Ұлы жүздің жеріне табан тірегелі төбе көрсете алмай ұятты болып жатырмыз. Соның бәрін актап алмаққа 12 мың қолмен қосыныңда қосылмаққа келіп тұрмыз.

Кене: Қалың дулат дабылым дауыл қосып кеп тоғысып жатқанда екеуін шет қалмас деп едім. Ортақ жауға бірігіп ойран салсақ, сөйтіп Жетісу бойын өз иесі - қаймана қазаққа алып берсек арман не?

Сыпатай: Біздегі арман да сол ғой, Кенеке.

Рұстем: Әлбетте, Кенеке, әлбетте.

Кене: Қоқан мен қырғыз ауыз жаласып жатыр дегенді естіп, біліп отырмын. Одан не хабарларың бар?

Рұстем: Ормон мен Жантай тұрганда қырғыз бұлан құйрыққа салмас па. Қоқан ханы Әлімханға қырғыз елшілігінің “Ләппәйлек” барғаны кеше ғана емес пе! Жобасы жең ұшынан жалғасып, жасырын мәмілеге келген де болар.

Сыпатай: Сіздің бермен ауып тұсуіңіз қырғыз маңаптарын жүдә ауыр ойға ойыстырған ба деп қалдым. Ормон да, Жантай да өз биліктерінен айрылғысы жоқ қой, тегі.

Кене: Олардың қуыршақ билігіне кім дәркөр. Тек бізге ұрынбай, обыр жау – Ақ патшаға қарсы тұrap күш қосса болды емес пе.

Наурызбай: Сол ғой біздің тілек. Жауырыншыны жау, есепшіні жүт алады деп, келте пішіп, кем сөйлейтін

қырғыз ханының тағына несіне қызығайық.

(Осы сәтте хабаршы келіп кіріде).

Хабаршы: Алдияр! Қырғыздан Кәрібоз бастаған елші келіп тұр.

Кене: (Рұстем мен Сыпатайға кезек қарайды. Анау екеуі абыржып қалады).

Ал іздегенге, сұраған. Не дейміз?

Рұстем: Сіздің жауап - жауап! Серт осы!

Сыпатай: Біз қайда кетер дейсіз, жүдө.

Кене: Олай болса сезіміз де, сертіміз де бір жерден шықты дейік. Кірсін Кәрібоз. (Кәрібоз кіреді. Жұзі сұсты. Кек түйіп келген тұр байқалады).

Кәрібоз: Алдияр!

Кене: Бар бол, жарқыным! Нендей ниетпен келдін, Кәрібоз? Елдестірмек елшіден, жауластырмак жаушыдан. Соның қайсысын, аңы да болса ашығын айттар кезін бұл.

Кәрібоз: Елшімін, алдияр! Елшімін. Елдестіру қолымнаң келсе несін аянайын.

Кене: Кәне, сөйле. Тыңдалық! (бәрі жайғасып отырысады).

Кәрібоз: Сейлесем, қырғыз қан төгіске қарсы. Бірақ сіздің тараңтан ондай ниет байқалар емес. Күні кеше ғана әкем Қанайдың сырлы тамын шағып кетті тентек інің Наурызбай. Бұдан өткен қорлық болар ма?

Кене: Үйірлеп жылқы барымталауың бір басқа, кермеде тұрган торы төбелімді үрлауыңды қалай түсіндік. Науан тамыңды талқандаса үрыңа тиым салмаған сенің басынғаныңа жауап та! Алмақтың салмағы, тентекке тез бар! Орынсыз кінә іздегеннен де табысар жол неге ізdemейсің, Кәрібоз? Екі рет елші жіберіп елдеспекке шақырдым. Дұрыс жауап берудің орнына түктерінді дүрдитіп, теріс теуіп шыға келдіндер. Елшіге өлім жоқ деуші еді, сендер сол қағиданы бұзып, елшілерімнің басын алдыңдар. Мен қорлансам сенің бетке салық сала айтып отырған

сөзінді тыңдаудан қалар едім. Мен кәрленсем табан аузында басынды қағар едім.

Кәрібоз: Озбырлығың еттен өтіп, сүйек сындыра尔 болды хан Кене.

Кене: Озбырлығым сол болса 100 жігітімен Қалша биінді неге босаттым. Кеше ғана Келдіғұл бастаған елшінің қылышының қисайтпай оны жібердім қайтарып. Озбырлығым сол болып па? Сақау қырғыз, халалдық пен харамдықты айыра алмас халге жеткен түрің бар. Жаман ханың Ормонға хат жолдадым. Құш қосып Қоқанды қырғыз жерінен тазартайық дедім. Саудың тамағын татып, акылы кемістің сөзін бұтып шататын ханыңдың бері қарап ниеті жок. Қырыс мінез, қисық мойын қабандай қара жылымға бастап барады.

Құдияр лақтырған сүйекті қақшып алғанына мәз! Ертең етегінді Қоқан басса, Ресей патшасы кенірдегінді шайнайды. Сонда қалай бұлқынып, қалай құтылар екенсің. Екі кеменің құйрығын ұстаған кім бар. Екі жаққа да жағамын деп жүріп бармағың шайнауда кетпесіне көзің жетті ме? Соны неге түсінбейсің, Кәрібоз. Әлде туған халқыңа, кіндік қаның тамған жерінде жаның ашымай ма?

Кәрібоз: Бір маңқа қазактай біздің де жеріміз бен елімізге жанымыз ашиды-ақ. Сол үшін де елдескенмен елдесіп, селбескен мен селбесіп, курескенмен белдесіп жатырмыз емес пе. Әулекі төре ат үстінде төрелік айтады деген осы Қенекем!

Кене: Жә, Кәрібоз! Менімен арылуға емес, араздасуға келген түрің бар. Ендігі жерде ел боламыз ба, жау боламыз ба. Кесімді сөзінді айт.

Кәрібоз: Іргемізге келіп алып маза бермесендер жаумыз, тыныштықта болсандар елміз. Бірақ, хан иемізге жолдаған хатыңыздағы шарт орындалмайды. Бұл Орманның мен арқылы жеткіз деген жауабы. Ток етері осы, Қенехан! Бізден қолдау да, қоштау да болмайды!

Науан: (ызалана сөзге ораласады). Қап, мына сақау

қырғыз сарттың бақалшысындай саудаласуға келіпті ғой, өзі. Бақалшыдай саудасалар, бетпак қатындей салғыласар жер ме бұл! Неге көнбейсің, неге үқпайсың мән-жайды! Құйтыркы Құдияр қашан құйрығын ұстатьп еді. Бар пәле төріңе озып, тұндігінді тілмек ақ патшада ғой. Кеше болмасаң үғар едін.

Кәрібоз: Әй, Науан! Тебер тұяқпын деп тасыма, таңынды айырар мүйіз бар! Төбемізге тоқпақ ойнатып болдың ғой, түге! “Жерінен ауганға жеті жыл қоныс жоқ” дегенді мен емес, бабаң қазақ айтқан. Соны неге ұмыттың!

Наурызбай: Мүйізінді бұрап алып артыңа қағайын ба осы! Қәке, жібер еркіме!

Кене: Жә, Науанжан! Кәрібоз елдестірмек пе десем жауласпаққа келген еken ғой. Тағы нең бар бізге айттар?

Кәрібоз : Қорланған соң айтам да!

Кене: Қорланғаны несі. Сонау Сары Арқадан келсем қырғызды қорлау үшін келіппен бе. Қорғау, қолдау үшін емес пе еді.

Кәрібоз: Қорғағаның қорлау болса, қолдағаның қайсы?

Кене: Неше рет елші жібердім. Шатқаяқтап шалыс басқан өздерің. Қолдасайық, ортақ жауға қарсы тұралық дегенімді қай қырғыз үктындар. Ұқпадың! Қоқанға бір, орысқа екі – жалтақтаумен келесін. Тұптің түбінде екеуінің қорлық, мазағында қаларыңа мен кепіл. Халқын сатқан Ормоның да, жалпақ шешей Жантайың да, мына тұрган сен де сол халқынның қарғысын арқаларсың ба, арқаларсың. Кесімді сөзің сол болса біз біттік.

Рустем: Аптырай, шарт кеттің-ау, Кенеке.

Сыпатай: Ауыл итінің құйрығы қайқы деген. Ерекіс елдікке жеткізбес. Кек қан төккізбей тұрар ма!

Кене: Екеуің неге күмілжи қалдындар. Кәрібоздың кәрлі сөзі жаңағыдай болса хан басыммен кеудемді қалай имекпін. Онда әй десе өретін, шәй десе жусайтын көгендеулі қойдан нем артық болмақ. Сөз кесімі күшке

тірелді. Кәрібоз, көнбесең күшке салам, түзелмесең тез-
ге салам, сынбасаң тізеге салам, бұғілмесең белге салам!
Сөз соны осы. Тәмам! Ұрысқа дайындала беріндер!

Рұстем мен *Сыпатай* қосарланып: “Ләппай, тақ-
сыр. Болмады, жарамады”, - десіп шығып кетеді.

Кене: Хош, Кәрібоз! Сені мен, мені сен ұғыспадық.
Күндердің күнінде ұғыспау жетер түбімізге! Хош жар-
қыным, жөней бер!

(Кәрібоз шығып кетеді. Хан Кене ауыр ой құшагын-
да тұрып қалады).

Төртінші көрініс

Кекілік таудың етегі. Ел абыр-сабыр. Ұлы майдан
қарсаңындағы қам-қарекет.

Төбе етегінде Рұстем мен Сыпатай.

Рұстем: Әкесі Қасымның қыңырлығы мұны да
дұрыс жолдан бұрып әкетіп бара ма деймін.

Сыпатай: Кешегі Кәрібоздың сөзі кесек шықты.
Өліспей беріспес деймін, жүдә!

Рұстем: Е, қырғыздар өз жерінде отыр емес пе. Әр
тас, әр бұтасы қорған ғой бұларға.

Сыпатай: Байқадың ба, жүдә, Қоқанмен қойында-
сып қалған-ая.

Рұстем: Қоқаның бергі жоба. Құрықты Ақ патшаға
да салған түрі бар қырғыздардың. Талай рет етегінің ас-
тына барып тығылған генерал Вишневскийдің әскерімен
де жен ұшынан жалғасып қалыпты деген хабар шынға
айналған түрі бар-ая өзі.

Сыпатай: Енді не істедік. Ертеңгі ұрысқа кіреміз бе,
қайтеміз.

Рұстем: Есің барда елің тап. Ендігі жоламыз Кене-
сарымен түйісе қояр ма екен. Бас, бас қамын ойлайық
та, Сыпеке!

Сыпатай: Кене, келер, кетер. Біз қаламыз осы жер-

де. Ирғеміз бөлінбеген қыргызбен қырғи қабақтығымыз келісе қоймас, тегі!

Рұстем: Анау Саурық барымтада кеткен жылқысына ара түсем деп жүріп осы қырғыздың наизасына ілінді емес пе. Бүгін Кенеге шығыссак, ертең қырғызбен үғысуымыз қынға соқпақ. Не де болса бүгін түннен қалмай хан қосынынан бөлінелік, ендеше. Жөні сол!

Сыпатай: Жәй кетпей өз абыройымызды да ойлай кетсек қайтпек.

Рұстем: Не істе демексің? Түсінбедім.

Сыпатай: Ормонға жансыз жіберіп алалық Кек бөріні майдан даласына жалғыз қалдырық, енді не істесең де өзің біл делік.

Рұстем: Жөн-ак. Мен Вишневскийге шапқыншы жіберейін. Ертең Ормонның алғысынан да Ақ патшаның илықта тағар шені, үстіне жабар шекпені өтімді болмас па.

Сыпатай: Жұдә, дұрыс бұл сөзің. Ал уәде осы болсын. Түнде сыптырыла қошелік. Мен өз қолыма кеттім.

Рұстем: Мен де. (Екеуі де жоқ болады).

Хан Кененің ордасы. Төңірегі толы батырлар. Наурызбай, Ағыбай, Бұхарбай, Жөуке, ақын Нысанбай да осы арада. Төрде ауыр ой үстінде Кене отыр. Сөлден соң басын тіктеп сейлеп кетеді.

Кене: Үрыс алдындағы ақырғы кеңеске шақырып отырмын. Ой бөлісініздер. Екі құннен бері Кекілік таудан төмен құйылған қырғыз қолы таусылар емес. Шаңдатып басылар түрі жоқ.

Жөуке: Мұнша қол бұларға қайдан қосылды еken?

Наурызбай: Көз қорғақ, қол батыр. Шебін жарып өтемін!

Ағыбай: Баяғыда Абылай бабаның ат құйрығына жапырақ байлап құба қалмақты үркіткені болушы еді. “Шаңды жорық” атанға сол тәсіл болып жүрмесіп бұлардікі.

Кене: Мына сөзіңің жаны бар, Ағыбай. Бірақ кешегі

Кәрібоздың салмақ сала сейлеген сөзіне қарағанда тыңнан күш қосылып, құнап қалған түрі бар қырғыздың. Тыңнан тартқан күш бар-ау осыларда.

Наурызбай: Шаңды болсын, қанды болсын, қырғыз шебін бұзудан басқа амал жоқ. Құдай тілекті қолдаса Арқаға ат басын бұралық!

Кене: Атымыз әлді сені мен мен құтылармыз. Сонымыздан ерген ел қайда қалмақ. Сеніп ерген елден айрылып не опа таппақпыш.

Наурызбай: Қасыма 500 жігіт қосып беріңіз. Елге жол ашпасам маған серт. Не өлейін, не жол ашып берейін, Көке. Енді шегінер жер жоқ. Уақыт тығыз! Ала-таудың жырасында қалғанша, Арқаның адырына барып өлеңік!

Кене: Әлгі Сыпатай мен Рустем қайда болды екен. Біз шеп бұзбакқа ұмтылғанда, олар қос бүйірден тимес пе!

Жәүкे: Бізben араласпай өз қосындарында жүреді той, бөлініп. Мына кенеске келмегендері құдік шығарғандай екен.

Наурызбай: Қоқандаған Қоқанның қолтығына тығылған қырғыз манаптарынан ол екеуінің несі артық. Тығырыққа тірелген түрімізді көріп жалт берсе таңданбандар!

Кене: Кеше ғана келгенде бір төбеде басымыз, бір сайда сүйегіміз қалсын деп ант-су ішпеп пе еді, мұндар. Жеме-жемге келгенде жемтіктеріне жығып бергендері ме? Сенейін бе, сенбейін бе?

(Осы кезде хабаршы енді).

Хабаршы: Алдияр! Жау таудан төменге түсіп Майтөбеге беттеп келеді.

Кене: Не дейді! Соғыс! Соғыс қой, мұнысы. Ал батырлар, атқа қонындар! Алла жар болсын!

(Батырлар ортадан шығып кетеді).

Кене: Да, Нысанбай, абызым. Анада бір оңашада қалғанда өкем Қасымның түсін айтпап па едім. Кешегісін сол түстің түп-тура қайра енуі қалай?

Нысанбай: Ойпырмай, ә. Тап сол тұс дедің бе, Қенеке?

Кене: Иә, тап сол тұс! Тек жебені кері атқан жоқ. Шалқамнан ұйқыда жатқан менің кеудеме қонып алып жүргегімді сұыра шұқып, шанқ-шаңқ етеді. Аяқ-қолымды өлде кім керіп байладап тастағандай қозғала алар емен. Қозғалмақ тұрсын тілім таңдайыма жабысып, үн де шығара алмаймын. Сол зілді қара бүркіт жүргегімді сұырып алды да бұлтпен араласып көз жетпес биікке көтеріліп кетті. Жай кеткен жоқ! Бауырымда жатқан Науанды да іліп өкетті ғой, Нысаным!

Қара тер көмген қалпы қиналып ояндым. Қиналып емес-ау, шошып ояндым! Әкем Қасымның ажалы болып келген қара бүркіт менің жанымды да алар-ау дедім. Ұзамас! Тају! Тају қалды, Нысанбай! Мына ұрыс соңғысы болар ма?!

Нысанбай: Атак, данқысыз зілді бүркіттің қанатына ілесіп без пақыр бойлап бара алмас зау биікке көтеріліп кетеді екен, Қенекем! Қамықпаңыз, Жаратқан ие жар болгай!

Кене: Ой, абызым, мен атак, данқ үшін құресіп жүр деймісің. Ел, сорлы болған ел үшін емес пе еді осының бәрі. Он жылға созылған сергелдең соны осы болды. Неткен баянсыз, бақсыз, сорлы едім! Соңымнан ерген сорлы жүрт, кінәлімін, күнәлімін алдында! Кешермісің, үгармысың хан Қененің арманын. Өлде лағнет, лағнет деп тасатып, күл шашармысың соңымнан! Ар алдында да, дар түбінде де айтарым – адалмын! Бар ғұмырым өзінің елдігің, азаттығың, еркіндігің үшін өтсін деп едім...

Құдай ол мақсатыма жеткізбей, желкемді қиғалы тұр, орта жолда. Мен де Ақ патшаға малай болып шен, шеклен алуды білмеді деймісің. Бірақ менің жолым сатылған сұлтандар мен ұлтан болған төрелердің жолы емес еді. Мен басқа жолды таңдадым, Нысанбай! Сен де ердің соңымнан. Жанағана жан алысып, жан бермекке бас тігіп серттескен қайран сабаз батырлар табылды

қасымнан. Мен неге сорлы болмақпын! Жоқ! Жаңылма хан Қене! Сен елдің соры да, қоры да емессің!

Елім деп шаһит кешкеннің басы да соны да мен бе екем. Жоқ, мен емес! Жалғасады! Ұласады ұлы ерлік. Дабыл қағады батырлар! Ұлы шайқас, ұлан асу алда, алда, абызым! Мен өлсем сол ұлы сеніммен өлермін! Азаттық күресі менімен ғана тынарма! Тынбас, жалғасар!

Көнілімде бір ғана күдікті арман кетіп барады, Нысанбай! Ол анау Сыздық қой. Бөріден қалған бөлтірік деп сонына шырақ алып түсер тексіздер аз болмас! Қөрген күні не болар. Қөрінгенге көз түрткі – жаутаңдаумен күн кешер ме? Әлде Қенеден қалған түяқ деп тектілер табылып есіркеп, елер ме? Бар үміт, тірегім сол перзентімде еді. Жеткізе алмадым, жете алмадым сол тілекке! Мына жалғанда қай тілегі орындалған пенденің! Уа, дариға!

Нысанбай: Егілме де мужілме, Алдияр! Алласы жар болса, Сыздық-жан өз жолынды жалғар-ақ!

Кене : Айтқаның келсін, Абызым! Он жылға ұласқан ұлы жорықтарым сенделткен сердебемен бітпегі қалай? Әлде залал, заар, зәбірім ел қарғысына қалдырыды ма мен бейбақты? Сонымнан қалмай ерген мына ел мен батырлар не үшін жүр сабылып. Әлде олар да өнбес қиял, орындалмас арманға алданған пөруана ма? Жоқ! Олай емес шығар. Олай емес! Маған сенді, менің ұлы арман арқалаған адалдығыма сенді! Шүкіршілігім де сол емес пе! Сол, абызым, сол!

Қол жиып жүріп Қарауыл Қанай ұрпағы Итқараның ауылына келгенімде алдыымды ораған тоқпақтай қара шал не деп еді. Құні бүгін көкейімнен кетпейді:

Әй, хан Қене!

Өзімізді ығыр қылдың,

Сөзімізді сыйыр қылдың,

Көзімізді сыйыр қылдың.

Малымызды айдал алдың,

Жігітімізді байлас алдың.

Енді бізде не құның бар, -

деді-ау тіліне шоқ түскір ділмар неме.

Бұл менің тізе батырған зәбірлігім болар. Зәбір бар жерде ашыну бар, ашу бар! Солай істейін деп істеді деймісің? Атама алты қатын алып берген Атығай-Қарауылға артар өкпем жоқ! Абылайға қонысын қиған Қекшетау елі кендігін, кіслігін көлденен тартты, батырлары қасымнан табылды. Ел болған соң тентек-телісіз болған ба? Тіні берік, серті адал елім үшін жан пида! Теріс азулының тісін қағып, тезге салсам, қолдасар, білекке білек қосар жұртқа барап жол тапсам деген әрекет емес пе еді соның бәрі. Бірақ қара шалдың сөзінде зіл, жанарында мұң бар еді. Ат басын бұрып кері қайттым. Енді ойласам ондай райдан қайтарған шегіністерім аз болыпты, Нысанбай!

Еменге қарсы біткен бұтактай қайсар, қыңырлығыма бағып артық та кеткен кездерім аз болмапты. Жаратқан ием, өзің кеш. Басына мұнша көтерген асыл елім өзің кеш! Бәрі де өз тілегің, өз қамың еді! Жаным да, қаным да, малым да, тағым да, бағым да сенің жолыңа құрбандық болсын деп едім! Сол тілектін орындалар сәті де таянғандай! Разымын, халқым! Сендің, сонынан ердің! Әттең есіл еңбек, он жылға созылған азапты құрес өз мәресіне жеңіспен емес, жеңіліспен жеткелі тұр! Өкінішім де, өзек өртер өксігім де сол!

(Хабаршы енеді, аптығып).

Хабаршы: Алдияр! Зенбірек жау тобына үш рет допатып, тәртіншіде қақ айрылды. Наурызбай топқа кірмекке ат үстінде тұр сұранып.

Кене : Апрай, зенбірек қақ айрылды дегенше бағымыз теріс айналды демеймісің түге! (Ордадан шығып тәбе басына көтеріледі ентелей басып. Дұрбі салып ұрыс даласын байқастайды).

Наурызбай : Жан Қеке! Қырғыздар керіп, келіп қалды. Жібер, жіберіңіз. Ақырғы рет алысып өлейін. Бұл тұрысым не тұрыс!

Кене : (белдігін шешіп мойнына іледі). Ей, Алла, Науанымның жолын онғара гөр. Бар, бар, ботам! Аялдама, аяна! Ағыбай, әй, Ағыбай, бірге, бірге аттан Науанмен. (Қолындағы дүрбісіне жармасып қадалады). Бұзындар шепті. Жол ашындар еліңе!

Бұхарбай : Өне, өне кетіп барады. Науан батыр.

Жәуке : Іліп кетті, төңкеріп кетті біреуін.

Бұхарбай: Ағыбай қайда, Ағыбай! Аттан ауып қалған жоқ па жазған неме.

Жәуке: Ол да өне, ілесе түспек. Әттең аралары алшақтап барады. Бөлініп қалмаса жарады. Керіп барады қырғыздар!

Бұхарбай: Бай қайсын ба, біздің бір сарбазға оншақтысы жабылып, аттан түсіріп алып қалып жатыр. Әттең құштің кемдігі-ай! Кешегі құйылыс тегін болмады. Жау қарасы қалындал барады.

Жәуке: Тас түбінде бұғынған мергендер қарасы да баршама. Құлдірмамай гүрслі үдең түр. Бәрінен де сол қатер.

Бұхарбай: Рұстем мен Сыпатай неге кіріспей түр мына үрысқа.

Кене: Мана кеткен шапқыншы да жоқ. Қайда жүр. Оққа үшқан болар, жазған!

Жәуке: Сыптырылып, сыйтылып кеткен түрлері бар. Әйтпесе мына үрысқа 12 мың тың қол тиіссе жауды таудан түріп тастар едік қой.

Бұхарбай: Япрай, деймін. Бұдан өткен сатқындық болар ма? Сатып кетті-ау, тексіз немелер. Түн жамылып өкше көтерген болды.

Кене: Альрмай, ана арада не болыш жатыр. Қөзім жасаурап көруден қалдым. (Кене дүрбісін Жәукеге ұсынады).

Жәуке: Ойбай, Ақауыз ат құлады ғой. Оқ тиді-ау, жануарға. Науан жаяу үрыс салып жүр. Ағыбай қайда, Ағыбай!

Бұхарбай: Ағыбай, Ағыбай қайда қалды? Неге құтқармайды? Бөліп өкетті-ау. Тізе қостырмады. Жырылып қалды. Әттегене!

Жәүкө: Оны да қоршап алыпты. Жетер емес, жеткізбейді. Әттегене, дүние-ай! Енді не амал бар? Алдияр!

Кене: Аттаныңдар! Құтқарыңдар Науанды. (Тенселіп келіп тасқа отыра кетеді). Кеш, кеш қалдыңдар. Құтқара алар ма екенсіндер!

(Кос батыр тәбеден тұсіп, ұрыс даласына аттанады).

Нысанбай: Е, Алла, жасаған! Шыққыр көзім не көріп тұр, Кенеке! Шынымен-ақ хан иемнің жығылды ма ақ туы. Тіктей түсер кім қалды.

Кене: Ешкім де Нысан абыз, ешкім де қалмады. Жусап қалған қол анау. Науан қалды қолды бол. Құш бермеген Ағыбайдың жырыла қашқан тұрі бар. Майтөбеде екеуден екеу қалдық елбесіп. Жау ентеп кеп қалды. Берік бол ақынным. Сырыңды берме, сұстана тұс, жарқынным. (Кәрібоз бастаған бір топ қырғыз қолы Кенені қоршап тұра қалады).

Кәрібоз: Бармысың хан Кене! Қөп тосып ем, кемерден төгілер кезің келген-ақ шығар. Бер қаруды, алға тұс.

Кене: Кекетер жерің бұл емес, Кәрібоз! Жалғыз ғана тілегім – босат мына абызды. Жазығы жоқ жан еді азаттық бер басына! Әттен дүние-ай! Орыстың оғынан өлсем етті! Қандас қырғыздың қылышына желкемді қиғызғанша. Ойраны бөлек орыстан өлсем етті!

Кәрібоз: Ақынныңда жұмысым жоқ. Қалаған жағына жүре берсін. Азат!

Кене: Ал, Нысанбай абызыым! Хош болтайсың, Бақұл бол! Қалың елге сәлем де. Алдияр жұрттым кешсін де. Тілегім сол ақырғы! Ал бастай бер, Кәрібоз! Бақұл бол, жұрттым, бақұл бол! Мен бақұл! (Белдігіндегі қылышын анадай жерге атып жібереді. Кәрібоз бастаған жаушы топ Кенені алға салып кетіп қалады. Шөгініп отырып қалған Нысанбай ақын қобыздың өксікті, мұнлы сарынына қосылғып зар толғайды).

Нысанбай:

Дүрі Жауhaar данасы,
Әркімнің алла панасы.

Жан біткенге несібе –
Дарияның аққан саласы.
Үйсіздерге үй болған,
Би – отанның ханасы.
Кенесары, Наурызбай –
Абылай хан-ды бабасы.
Өуелгі мекен тұрағы,
Көкшетаудың даласы.
Жазғы жайлау қонысы –
Ұлытаудың саласы.
Өте залым болмаңыз,
Мұсылманның баласы,
Ақырында олардың,
Қырғыздан болды қазасы.

Қоғамы күшті ер еді,
Қиімді бала тудырған,
Ықпалы жүрген ер еді,
Алтынды қылыш будырған.
Абылайлап ат қойып,
Дүшпанды көрсе қудырған!
Көп сарғайтып келмestей,
Кене хан, саған не болды?

Патшада бар алтын так,
Жасынан Жаппар берген бак,
Зілді қара бүркіттей,
Шабытты туған сұғанық.
Қанаты жок, құйрық жок,
Бір анадан жалғыз так,
Көп сарғайтып келмestей,
Наурызбай, саған не болған?

Шынылдық.

Ағыбай батырдың үш арманы (Хиқая)

Сыйынады батырлар,
Аузы кетпей тілектен.
Шұбыртпалы Ағыбай
Талайды шанышты жүректен.

Нысанбай.

Етегін шаңға малып, үшар басын ақ үлпа бұлтқа батырған арса-арса адырлы тәбелер азу тістей ырсиган қызыл шақат тасы, күрен бояулы тырбық тобылғыдан басқа шыр бітпеген шырайсыз қалпымен көңілге жүдеушілік халін, көзге сүркай сұсты сипатымен ұрады. Ақ орданың шаңырағын шайқалтар Қарабастың қатулы желі терістік түсқа шекелей шығып алғалы сүркай өнірдің былай да өніп кеткен кескінсіз ажарын одан өрі тонап, талай түскендей ме дерсің. Үшарын жел, қонарын сай білер қаңбактар ғана қалбаң қағып, ұшықыры жоқ шексіз даланы армансыз адақтай кезіп-кезіп барып, болдырған халда тобылғы балағына оралып, ошарыла аялдал қалып жатқаны болмаса мына өнірде өлдіге есеп өлі тыныштықтан басқа иектеген ие жоқтай.

Ақ адырдың қолтығына кіріп жатқан бес-алты үйлі шағын ауыл төбесінен тіктеп барып түспесен жаудан бүкілан жымысқыдай жымын білдірмес жып-жылмағай дала қойнына қапысыз сіңіп кеткендей ме дерсің.

Бөрі бүлкекпен Ақ Адырдың иығына көтерілген үш салт атты сұықтан бүрісе бүйігіп жатқан ауылдың шұбыртпалы Ағыбай батырдың ауылы екендігін бірден таныған. Оны жазбай танытқан ортадағы ақ шаңқан ажарынан айнып, бозға айналып өңе бастаған сегіз қанат үйдің мандай тұсына ілінген сарыала таудың мен мұнда-лаган желіпінісі болатын.

– Е, жарықтық-ай, сен өлі бар екенсің гой, - деген

есік пен төрдей жиран айғырдың үстіндегі еңгезердей бұжыр қара еңсеріле толқып барып қайра түзелген. – Ағекенің ауылсы осы болды. Жүрелік анау сары ала ту Ағекенің туы ғой, әлі жығылмаған екен. – Бұжыр қараның үні тарғылдана құмығып шықты.

Ит арқасы қияннан ара қонып жеткен межелі тұстың адырдың іргесін иектей қонған шағын ауыл екендігін сезінгендей сергек мінезді жирен айғыр оқырана пысқырып алып жіті желіп кеткен.

Ат дубірін бағып отырғандай үйден ширак шыққан косеу қара мұртты жігіт ер үстінен төбедей болып төңкеріле түсіп жатқан бұжыр қараны қолтықтай берген.

– Есен болдың ба, шырақ? Ағекенің ауылсы осы болар? – деді жігітке айран көзін тіктей қадап.

– Ел есендікте. Ағекемнің ауылына дөп түстіңіз. Қош келдініздер, - деген жігіт жирен айғырдың шылбырына жармасты. Үш атты киіз үй сыртындағы кермелі ықтасынға апарып жеделдете байлаған соң жол бастаған.

Киіз үйге кіріп келген бұжыр қара ортадағы ошақтан көтерілген шала жансар от жалының үсілесі жетпеген төр алдындағы тұсқа үніле қадалған. Іздеп келген асылын енді байқап бағдар дұрыстағандай.

– Ассалаумағалейкүм, Ағеке. – деді. Үні қалтырап шықты. Сырт пошымы қына басқан қарабұжыр жартастай алып адамның үзіле шыққан үні көніл толқынын қалысыз танытқандай еді.

Төрде құс төсекте жатқан адам мына бір дауысты қайдан, қашан естіп едім, тым таныс, тым түис, тым жақын жанның үні ғой деген ой шарпылысының шырмауынан шыға алмай аңтарылып қалған екен. Жұмулы көзін ашып есік алдында ілгері басуға ұлықсат құтқандай кідірістеп түрған алып адамға сүзіле қарал барып көрпе үстінде жатқан оң қолын көтерген.

– Таныды, таныды-ау, жарықтығым-ай, – деп күбірлеп бұжыр қара ширак қимылмен төсек қасына келіп тізерлей шөге қалған.

Сөйткен де қарт батырдың әлсіреп қалған қолын қос қолдай қысып, ернін науқастың мандаійна тигізген.

– Жарқыным, Тос-тосқауымысың? Жеттің бе жампозым? Ағекең аттанғалы жатыр қайтпас сапарға, – деп өзіне әлсіз де болса икемдей тартқан.

– Ағекесі, қойыңыз. О не дегенініз.

– Иә, Тосқауым, солай. Әттең дүние, арман-ай. Сонау Қекілік таудың етегінде Науан-жанмен бір қосақта өлмегеніме өкінумен өтіп барамын, жарқыным.

Тосқауыл батыр бой түзеді. Төсек салған ошақтың көмескі от жалынының шарпысып қалып тұрган сәулесімен көзге түсер үй ішіне сүзілді. Қарт батырдың қанды жорықтарының қуәсіміз дегендей екі-үш масақ жебесі бар қорамсаққа сұға салған қос арқар мүйізін сірімен сірестіре біріктірген адырнасын қылдан ескен көн садақ, қынабына күміс шекіп зерленген асфаһани алдаспан, емен сапты шолақ найза, жез шығырлы шолақ жең ақберенді бұл құнде ауру женіп төсекке бөлеңіп қалған мына шалдың бір кездегі бес қаруы болды дегенге сенбегендейсін. Қалмақ хонтайшысынан жекпе-жекте басын кесіп тұрып тартып алған қанды ауыз қара мылтық та кереге басына бүгін ілінгені болмаса әлі қунге ұнғысынан қорғасын бүркіп, жаңағы көсеу қараның аңшылық сапарларынан қалып көрмеген. Ақ адырдың он сан арқар, киігіне балқи үшқан құмалақтай қорғасынды қапысыз дарытар қара мылтықтың мұлт кетпес тұзулігі шүбесіз еді. Малайсары батырдың белоямртқасын үзіп жіберген қанды ауыздың тап осы екендігін естіп білгеннен бері Ағыбай қара мылтықты киелеп ұстайтын, ешкімнің қолына бермей де келген бір оқшау қазыналы қаруы еді.

Енді міне, есігіндегі күтушісі қалаған уақытында алып қажетсінбесе кереге басына іліп қолжаулық затына айналдырып алған.

Дүние, деген сол, бәрі де өтпелі, бәрі де көшпелі. Киеліңнен кие қашып, қымбатынан ие безді деген осы.

Тосқауыл жас шамасы өзінен біржарым мүшелді үлкен астай жонды Ағыбай батыр қатты науқасқа килікті дегенді естіп, үйде тыныш жата алмаған, Ағекесі қалың қырғыздың қамауында жалғыз қалғандай сезініп сұыт атқа конған. Бірақ Ағекесі жаудың өтінде емес өз үйінің төрінде, аурудың қыспағында жатқаны мынау. Жау болса жағаласа кетер еді, аурудан қалай арашалап аларсың. Қайран сабаз-ай. “Кекілік” таудың етегінде неге өлмедім” – деді. Дүбірі жылдар құшағына сіңіп барып басылған есте елесі ғана қалған сол бір ұлы майданды кезендер қарт батырдың ойына қайра-қайра орала бергені өткенге салауат, бүгініне қанағат демегені-ау, сірө. Неге өлмедім дейді. Әлде жастайынан баулып өсірген жас жолбарыс Науан-жаның сағынды ма екен. Алды ашулы ақ боран үскірік, соны жаймашуақ мамырдай мақпал Науанның “Ағеке” деген әдемі үнін, ашуын ақылға, ызысын жойқын әрекетке жалдар алдаспандай жарқыл мінезін ұмыта алмағаны да.

Тосқауылдың өзі де Ағыбай іріктерен қырық жігіттің бел ортасында болған. Сонау Құркіреуік өзені арнасына симай езуінен көбік атқан Атырау түбегін бұзып-жарып Ханшайым қызға қолқа салғанда Науаның қасында еді. Арынды өзеннен ат жалдап өткен өлермен қылышқ, қызың қасынан табылған қызықты құндер, Наурызбайдың қырық жігіттен бір оқшаша төтен ерлігі, жүрек жүтқан қаһарман қайратты асауды ат үстінде омақа асырар темір тегеуірінді Тосқауылдың да төбе қүйқасын шымырлатып, жон арқасын сан тершіткен. Қайран Науан жүрек басына қыл байланған жігіттің жолбарысы еді.

Көзіне құм құйылып, сансы сергелдеңмен өткір қырғыздың жүз бестегі Қарабұқа әулиесі Науанды бір көргеннен-ақ қатты шошынып “мынау ұмтылғанын ұрып жықпай қоймайтын, жауын қанша бауыздаса да таймайтынның нақ өзі екен. Артынан қарасаң енкек, алдынан қарасаң шалқақ түрпаты қажымас қайрат,

темірдей тегеуірінгे қоса жүрек біткеннің көк бөрісі екен, – деп сипаттай келіп, екі иығында екі жолбарысы бар, атқан оқ, тартқан жебен дарымас, шамаларың келсе астындағы Ақауызын құлатындар” деп сөугейлік айтыпты. Бұл өншейін бір айтыла салған өнгіме емес, көреген өулиенің кісі танып, қасиетін қапысыз болжай алар дاناлығы болар. Ағыбай Кекілік тауда Науанмен бір қосақта неге өлмедім деп өкінсе, өкініш түбінде қимас жаның өксікті сағынышы, өзімен бірге кетер ұлы қайғысы қойындастып жатар демеске шамаң қайсы.

Ағыбайдың ат жакты, сопақша біткен карт жүзін сонау деңес мандаймен қаусырылған қошқар қабақтың астынан жылтырай көрінген қос шамшырақ – қос жаңардан тарамдай жосылған заһар жасы үйісіп қалған ақ қыраулы сақал, мұртқа сініп жатқан.

Сәлден соң карт батыр қайрат тілегендей талпынып барып басын көтерді, беліне көпірте қасқыр ішік таста-тып түзеліп отырды.

Ақ шәжімді кең сабалы көйлегінің ашылып қалған өнірінен арсаланып қалған кеудесі мен атан жілікті бұғана сүйегі білеуленіп байқалып қалды. Екі иіні атан түйенің қос қапталды өркешіндегі өрлене, жондана, жалдана біткен еңсөлі тұлғасын сексен жылдың жымысқы уақыты қанша жырымдап үрласа да Тосқауыл карт батырдың ерекше бітім пошымын қапысыз танып отыр. “Сыры кетсе де сыны кетпеген асылым-ай” деп елжірей түседі.

– Көкшетауың не күйде, Тосқауылым? - деген карт батыр еңсеріліп барып бұжыр қараға қадалды.

– Ел тозды, құл-құтан озды. Хан жайлауы қараң қалды. Патшага қарсы соғыстың деп менімен оралған атығай, қарауылдың бірсыптырасы тепкіге ұшырадық. Әйтеуірі кенеше жабысып ата жүртты жағалап жүріп жатырмыз. Аруағынан айналайын Абылай баба жүрттың жырымдап келіп қалалар қонып жатыр, Ағеке. Мал тұяғының барап ерісі тарылышп, еркін жайлар кең

жайлау ақ тақырға айналды. Сырттан торығандар сырттанынан айрылған елді іштеп іреп-сойып, талап жатыр.

- Осы сүмдүкқа өзі кінөлідей Тосқауыл батырдың үні тарғылдана шықты. Іштегі ашуын жасыра алмағанда осылайша қара бұжыр өні де, үні де тарғылданып сала берер еді, қазіргі қүйі де сол сипатын андатып отыр.

– Қолдан келер не қайрат бар. – Ағыбай ауыр күрсініп үнсіз отырып қалған. Апан әуыз зеңбірекке сүр жаба төтеп бара алмады. Көкшетаудан көтерілген жорықты шеру қазактың қай қиырын шиырламады, шарламады. Тұн жамылып, түсі қашқан Кенесары қосыны ұясын алдырған көк бөрідей көп жортты ақыры... Ақыры Ақ адырдың бір қуысына келіп қоныс тептік. Көкшетаудай көз сұқтанар қүйқасы қалың көрікті жер емес, Бетпактың бетінде отырғандықтан орысынаның одырандауынан аулақпаз.

Шұбырған шұбыртпалыны шетқақпай еткізбей ата қоныста отырған жайымыз бар, шырак.

Осы кезде сырттан дүбірлі сарын естілді. Сарын үні мың сан тұяқ дүбірінің ауыл үстіне төніліп келіп қалғандай тым тосын, тым сұсты еді.

Үйде отырғандар кәдімгідей елегізісіп, елеңдесіп қалған. Ағыбай батырдың тұла бойы қалшылдаپ, өзін-өзі ұстай алмаған халге көшіп, иығына жапқан қасқыр ішігі сызырылып түсіп қалған. Жұзі қуара қатуланып, қошқар қабағы астынан қос жанары шытынай от шашып, мұрты жыбырлай қозғалып, түгі сыртына тепкендей сұстана қалған еді.

Сарын дүбірі ауыл үстіне төніп келіп, жарға соғыла кері серпілгендей ұзай түсіп барып, барып басылған.

– Бұл қай ит. – Көсеу қара атылып тысқа шыққан. Сөлден соң қайтып оралды.

– Бәйбіше ауылы қос аударған ба, соның жылқысы екен ірге сөгіп көшіп бара жатқан.

– Солар-ақ сабылады да жатады екен, – деген жас келіншек жаратпаған сыңай танытқан. Қысырдың

қымызын сабадан сорғыта қотарып жатып. Тұяқ дүбірі шықса өзін-өзі ұстай алмай селкілдеп кетер Ағыбайдың екі жігіт екі етегінен басып зорға ұстап отыргандарын сан көрген Тосқауыл мына көрініске таңданбаған.

Тосқауыл қарт батырдың бәйбішеден ірге бөліп, жас тоқалдың үйіне ірге тепкенін енді анғарғандай еді. Бөлкім Ағыбайдың аруағын қоздырып қалшылдатып кеткен тосын сарын бәйбішенің іргедегі ауылда отырып қыр көрсеткен өрекеті болар. Әйтпесе беймезгіл ауыл үстінен кім жылқы айдатсын.

Төбел тай сойылып қазан көтерген қарт батырдың үйі үш күн ығыр болған. Қияқ тартқан қобызының жігіт үш күн, үш түн “Наурызбай-Ханшайым” дастанын қайта-қайта толғата төгілтіп қарт батырды ағыл-тегіл еніретіп алып, Нысанбай сарынына бүтіндей бет түзеп, жасып қалған. Ағыбайды қайра ширатып, алдаспандай қайрадан қылпыта қайрап алып, аруағын аспандата көтеріп ұзак сарнаған.

Дүрі жауһар данасы,
Әркімнің Алла панаы.

Жан біткенге несібе –
Дарияның ақжан саласы.

Үйсіздерге үй болған,
Би – отаның ханасы.

Кенесары, Наурызбай
Абылай хан-ды бабасы.

Әуелгі мекен – тұрағы,
Көкшетаудың даласы.

Жазғы жайлай қонысы –
Ұлытаудың саласы.

Өте залым болмаңыз
Мұсылманның баласы.

Ақырында олардың

Қыргыздан болды қазасы, – деп басталған ұлы тоғау ұлан белдерге, асу бермес шөлдерге беттеген қанды із, қатулы қосын жорықтарын жосылта жырлап Кене

мен Науан шыққан текті түптей түгендеп біраз отырып алған.

Кенесары ер болды,
Ел ішінде бір болды.
Қашқан, босқан жиылыш,
Өз алдына қол болды.
...Қырғызға барып қырылыш,
Ит пен құсқа жем болды,

– деген күйікті тұста Ағыбай қатты күйзеліп кеткен. Тұла бойы қалшылдаң барып жастығына құлаған. Жүзін жуған жасына ие бола алмай екі іні селкілдеп “ah” ұра терең күрсініп, өткен күндер өкінішін өксікті зар үнімен жеткізген.

Патшада бар алтын так,
Жасынан жаппар берген бақ.
Зілді қара бүркіттей
Шабытты туған сұғанақ.
Қанаты жоқ, құйрық жоқ,
Бір анадан жалғыз так.
Көп сарғайтып келмestей

Наурызбай, саған не болды? – деген тұста еңреген қобызыға егіле қосылған жырау үні үзіліп, ұздігіп, құмышып, тұншығып шығып еді. Отты күйікті леп сыртқа лықсып шыға алмай көмейде кептеліп, қызыл тілде байланып қалғандай қатты қиналыш, құніренген күйзеліс білдірген.

Қобызышы жігіт ак тер, кек терге түсіп болдырып барып тоқтаған. Жаңағы бір жосылған жойқынды жорық жосынын сыртта ұлыған қарабастың қабаған желінің зарына қоса құніренткен қыл қияқтың заһар сарыны мына отырған көптің көнілін бор кемікше үгілтіп, егілте еңіреткендей, Кенесары, Наурызбай қазасына апарып соққан сойқанды соғыс сорабының қайғылы, қаралы қанды ізін қайра бір еске түсіріп кеткендігі қапысыз еді.

Ағыбай батыр басын көтерді. Уш күн бойғы ығыр-

лы жан, үш түнге созылған хиссалардан хиссаларға ауыса толғаған ауыр да азалы сарын сорабы өбден қажытып тастағандай екен.

– Жә, жарқыным, өлгенді тірілтіп, өшкенді қайра жандырдың. Бітеулі жарамның аузын қайра тырнап, жазылар ма деген жан жарасын жазылmas күйге келтірдің. “Науанжан кеткен соң бастан ауды бағымыз. Кенесары кеткен соң иесіз қалды тағымыз” деді-ау Нысанбай абыз. Рас болды сол сұрқылтайтың сөзі.

Аз тыныстаған қарт батыр он тізесінде отырған Тосқауылға бұрылды:

– Тосқауылым, сонау адыра қалған хан ордасынан ат арытып келгеніне разишилықтамын. Абылайға алты қатын алып берген, өзі қалаған жерден ойып коңыс қондырған Ағытай Қарауылдың еліне сөлем де. Нысанбай жыраудың қабіріне менен арнап дүға оқы, сапарлас, жорықтас серігі еді. О дүниеде дидарласуға жазғай.

Елің алдынан шығар, шұбыртпалы Ағыбай шалдан не алып келдін дер. Алдыңа үйрлеп жылқы салсам айып па, оны бермеген тәнірден тартып алам ба.

Мына ішігімді иығыңа жамыл, мына еменсалты найзамды босағана іл. Ағекемнің көзі дерсің, өйтпесе шолақ найзаң сылдыр сирек оғы бар орыс зенбірегіне қарсы салар кару ма. Құні өткен көне де.

Қасыңа ерген жолдастарыңа бір-бір ат байлаттым. Жорытқанда жолдары болсын.

Бұл басы қайырылған бірінші кебім еді. Кеіншісіне құлак түр, көкірегіне құйып ал. Еліңе Ағекеннің көкірігінде үш арман кетіп барады екен дегейсің. Сен енді соны тыңда.

Қарт батыр ұзак сонар өңгімеге желі тартты.

* * *

Сайдың тасындағай саяқ жүрген қырық жігітті бөліп алған Кенесары аруақты Ағыбай, ақжолтай Ағыбай батырдың осыларға үстаз боларын қатты қалап еді. Жасы

жағынан үлкендігі бір басқа, иығында аш құрсақ жаралған ақ бурасы Ағыбай хан қосынындағы бар батырдан аруағы басым түсіп тұратын, ақылға кең, парасатын парыққа жұмсар жігері сарқылмас жігіттің сырттаны саналатын. Қалың қолға жалғыз өзі шабардай шабынғанда ақ бурасы аруаққа айналып, алабөтен, аспандатып, биіктетіп, тұлғаландырып әкетер еді, жау қарсыдан шапқан жалғыз батырдың соңынан ерген қалың қолды көргендей, бәрі де езуінен ақ көбік шашқан ашулы бурадай буырқанған топанды күшті сезінгендей жігерлдері табан асты жасып, қаһарлары қаймыға қайырылып сала беретін.

Сол Ағыбайды Науан батыр қатты қадірлеп есті, еркелігін есерлікке жендірген тұсы көп болса да Ағекесі де жас жолбарыстың жігерін жаңымаса жасытпай, өзімен таң ұстап ұстанды ұлағытынан жазбаған.

Ұрынарга қара таппай ат құлағында ойнайтын жігіттер соғыс ойынынан бос уақытта барымта-сырымтасыз отырмайтын. Осындай бір құрықты тым әріге сілтеген тұста бес бақанға тізіп жылқы айдал қайтып келе жатқан жігіттердің соңынан жалғыз қаралы құғыншы көрінген. Он сегізге жаңада жеткен Науан ат ойнатып анды орады. От мінезділігіне басып.

– Ағеке, мен тосқауылда қалайын, жылқыға ие болындар, – деді шолақ найзасын онды-солды үйріп.

– Осынша топқа жалғыз шапқан осал болмады мынауын. Өзім бастап келіп ем, өзім тостым жолын. Сен жөнел, Науанжан, – деген Ағыбай ат басын бүрьип, көлденеңдей берген.

Көз үшіндағы жалғыз қара сары жазықпен зарлатып-ақ келеді. Ағыбайдың қиядан шалар жанары жалғыз қараның көлденең салған найзасын анدادы, күн нұрымен жалт-жұлт етіп шағылышқан дұлыға, сауытын байқап үлгерді. “Осал болмады, – деп түйді батыр, – әйтпесе осынша топқа жалғыз шауып не көрініпті. Жаңағы Науандай ашуы алда жас береннің бірі болды.

Ұрынса қатты ұрынар. Бұған не амал-айла таппак. Қай қаруды қолданғаны еп”.

Ағыбай абыржыңқырап барып бой тұзегенше құғыншы төніл келіп қалып еді. Шолақ сапты найзасын онталай ұстап қарсы тұрған. Шырылдаپ келіп ұрынған құғыншы қарағай сапты шашақты найзасын бұның кекірек тұсына төндіріп-ақ қалғанда өзіне тән ептілікпен он қапталында жасырын ұстап тұрған емен сапты шолақ найзасымен қағып жіберіп, тар қолтықтан көтере түйреп ұлгеріп еді. Ағындаі өткен ат екпіні болды ма, әлде Ағыбай сілтеген найза ұрымтал тұстан тиді ме ерден сұырыла сыйырылып барып ат артынан бірақ түскен құғыншы анадай ұшып кеткен. Шошынъып аспанға шашыған атының тізгінін шірене тартып шыр айналған Ағыбай құғыншы құлағын тұсқа таянған.

Тұла бойын осып өткен өткір сұық лептен қалышылдаپ кеткендей болған батыр аңырып тұрып қалған. Мәңгіріп ұзак тұрды тесіле қадалып.

Қалың қауды жапыра құлаған құғыншының басындағы дұлығысы анадай ұшып кеткенде астынан қос бұрым шашы төгіліп түсіп еді.

“Жаным-ау, мынау қыз бала ғой. Мені қай құдай қара бастырды” деп күнірекен батыр ат үстінен сүйретіліп құр сүлдері түскен.

Алдында айдай болып жарқырап ару қыз жатыр. Ашық қалған мойыл жанарлары қас пен көздің арасында болған мына сүмдүкты әлі байыптап ұлгерменгендай, бір түрлі таңданысып пен бейкүнә қарап жаудырап жатыр. Жүзінде ашу, жанарында кек жоқ. “Ағеке-ау, еркелеп едім ғой, мұның не қарындасынды ажалға байлардай неден қорықтың”, - дейтіндей ме, қалай. Өлімнен шошығандай жүзінде қорқыныш лебі болсайшы, бар әлемге таңданыспен ғана қараған қалпы жаудырап қалыпты, бейбак бала. Өліміне неге асықты екен. “О, жасаған. Бұл қай мазағың? Одан да мына баланың найзасының ұшына неге ғана байланып кете бармадым.

Қарым сыңғыр, қалай ғана қолым көтерілді екен.
Обалай, опасыз жалған дүние-ай”.

Ағыбай осы бір тосын оқиғадан кейін көпке дейін онала алмаған. Талай қырғын ұрыстарда осы бір бейқунә қызы қалқасының қос жанары көк желкесінен төнеді де тұратындаидай, кінәлайтындаидай қатты қинайтын.

Енді, міне, о дүниеге аттанғалы жатқанда бір арманым сол қызы баланы қапыда өлтіріп алғандығым еді дегенді қарт батыр қамыға айтып ауыр күрсінген.

Тосқауыл Ағекесінің аузынан алғаш рет, ақырғы рет шықкан мына арманының арғы жағында есерлікпен өткен ессіз күндердің ескексіз қайықтай асау толқында тізгін бермей жартасқа соғып жайрап қалған жастығының көкірегін күйдіріп келген күйік-шерден арылмағандығын еске салғандай еді.

Кекілік таудың етегінде кескілескен соңғы шайқас Кенесары қосыны үшін қан құстырган қатерлі болғандығын өз көзімен көрген Нысанбай қалай толғап еді.

Алты ай шауып жол болған
Шу менен таудың арасы.
Бұл сапарда қазактың
Болмады қабыл тәубасы.
Рұstem менен Сыпатай,
Дулаттың нағыз баласы.
Үндес болды қырғызбен,
Әне, ауыздың аласы.
Он екі мың дулатты
Қашырды тұнде, расы.
Жамандық қылған мұндардың
Мойнына болсын жазасы.
Қазактың көбі қырылды,
Қанды ма екен табасы?

Қылыш үстінде серттен тайған сатқындар жай кетпей, тұн жамылып қашарын айтып кеткен. Жау жағы түгін сыртқа теуіп шыға келген.

Ақауыз атқа тар қолтықтан оқ тиіп құлап қалғанда

Науанжаның аяусыз арпалысып жатқанын сонадайдан көріп тұрса да Ағекесі жау қолын жарып өтіп жәрдем көмек бере алмай күйінгені бүгінгі күнде естен кетпес ұлы арманға ұласып еді. Жиырма беске жаңада толған Науан жай оғындаид жарқылдал, топты жарып өтер ерен қуатымен бұл жолы да жаяу жүріп ұрыс салған. Тірідей қолға түсірсек деп жаңыға ұмтылышқан жау шоғыры үсті-үстіне қатар сиретпей шабуылдал қос өкпеден қыса берген.

Шыққыр көз өлім алдында алысқан Науанжаның мәрттігін көрді, керен болып бітеліп қалғыр қос құлақ “Ағеке, Ағеке” деп дауыс салған Науанжаның аңы үнін естіген, Ағыбай мұжіліп қалған бармағын көрсеткен Тосқауылға. “Ақауыз ат мерт болып, Науанжан қоршада қалып, мен болсам жебе-жетер жерге жете алмай желкем қыылышп жылап тұрғанда ызыдан бас бармағымды шайнай беріппін, шайнай беріппін” дегенді қазір айтып отыр.

Өзіммен бірге көрге кетер өкінішті арманым – Науанжаным бір нокта қосақта өлмегенім еді”, дегенді қарт батыр қөкірек тұсын қақ айыра отырып ауыр қүйзеліспен айтқан.

“Науанжаның кегі деп генерал Черняевті үш шаптым, Науанжаның кегі деп қырғыз Көрібоздың басын алдым. Бірақ, Науанымның кегі қайтпады, орны толмады, арманым арманға ұласты, бүгінде қалың қайғыға батырған шерлі дертіме айналды, Тосқауыл шырақ. Ағекенің екінші бір ешкіммен енші бөліспес арманы осы деп ұқ” деді дауысы дірілдеп, көз алды күлкілдей іріңдеп.

Тосқауыл неге ұқпасын, ұққанда да жақсы ұқты, шалды одан әрі жасытқысы жоқ көнілмен “Ұқтым, жарықтым, ұқтым” деді дауысы тарғылданып.

Кенесары жарықтық “Жақсы жігіт тұз қариды, жаман жігіт қыз қориды” деп отырушы еді. Осы сезі қамшы болды ма Ағыбайдың қырық жігіттік қосыны қызықырқынның қыздырмалы қызығына көп ұрына бермей

өздерін жарау аттай жалқы ұстайтын. Сонау Құркіреуік бойынан түбек бұзып, саяқ үйірін алға салып айдағанда ғайыптан ұшырасқан кіші жүздің батпанды байы Тілеуқабақтың қызы Ханшайым Науан батырдың бозбала жүрегіне от тастап кеткені, некелесіп үйленгеннен кейін үш күннен соң Кене ханның сұғына ұрынып қаза болғаны қырық жігіттің қайсысын да ойға қалдырмай қала алмаған. Басы Ағыбай болып жүрегін қанға малып Науандай құсалықпен зарлап өткенше таяқ жесе де саяқ жүргенді қалаған. Бірақ өзінен өзің қашып құтылармысың, тағдыр тертесі қақпайлап жүріп бір сұлуға ұрындырған. Қырықты матап бермесе де қырық жігіттің басшысының тайтұяқ бастаған бір тоғызына разы көнілмен қайын жұрты құрақ ұшып, құшақ ашқан, бұл бірақ күйеу болып ұрын барып, күйеу келді салтын сақтай қоймаған. Ат жалында күн кешкен жаугершілік жағасы жайлана отыз күн ойын, қырық күн тойға мұрсат бермеген. Әйтсе де қыздай қосылған бәйбішемен дәм-тұзы жарасып бір күн тату, он күн қату күн кешіп келген. Бауырынан ұл ұшып ұяға қонды, қыз ұшып қияға кетті.

Қырғыз қылышының астында қара қуырдақ болып қырғынға ұшыраған қайғылы кезде Ағыбай өз қосының ертіп шегініп кеткені рас еді. Жүректеріне қаны қатқан қарсы жақтың бұларды аямай кескілері ақиқат болғандықтан ноқталы басқа бір өлім деп өнмендей беру ессіздік еді. Жігітке көзсіз ерлік жарасқанмен бостан босқа мерт етер төтен ерліктің жараспасын білген де сондай бір ауыр да болса ақылды шешімге келген. Сол шегініспен азып-тозып ел шетіне де жетіп еді. Жүртта қалған шұбыртпалы жұрты батырының жаралы жанын жұбатып, қансыраған жүрегіне қамсау болсын деді ме сегіз қанат ақ боз үй тігіп, ақ боз атты құрмалдыққа шалып ас берді, алдына отарлы қой, үйрлі жылқы салып осы төніректің таңдаулы сұлуын тоқалы етіп құшағына тосқан.

Қазақтың “бір қатын – ырыс, екі қатын – ұрыс” дегені шындыққа айналды, батырдың он жыл бойы ат

жалында өткізген жорықты шақтарында қасынан табылып, қайғысына жұбаныш, күшағына қуаныш болған бәйбіше қалған тірлікте Ағыбайды көлденең көк аттыдай орта жолда қосылған тоқалмен төсек бөліскісі жоқ еді. Бірақ жас қүшақтын қызыу бар тілектен де асып түсті, қарт батырдың қансыраған жүрегі осы қүшақтан жұбаныш тауып, жанына тоқал төрінен табылған шуакқа жылығандай болатын. Бәйбіше төсегі сыз тартып, ол үйдің төрі етегі ашылып қалған тесік көрпедей Ағыбай жанын қонылтақсыта бергені де рас еді. Екіге бөлінген көніл, шере-шөреге түскен өмір тыныштықты тіледі, ошактан өшпес шоқтай маздаған қызу қуатты ансады. Ақыры қарт батыр бәйбіше ауылын Ақадырдың желкесінде қалдырып қоныс аударған. Оған де төрт-бес жылдың жүзі болды.

– Кешегі сарынды байқадың ба, Тосқауылым? – деген қарт батыр бұжыр қараға жұмсаған жүзін бұрып. Ашылмастай қатулы қабақ, мұз қарыған дидар енді ғана шуакқы шырай бергендей еді.

– Женешемнің қосы көшті деді ме?

– Иә, мына күзде қос көшуі ме еді, сендердің келгендеріндегі сезіп ауыл үстінен әдейі жылқы айдатып отыр ғой. Менің қарт сүйегімді осылай бір қалшылда-тып алсам дегені де. “Қатын ашуланса қазан қайнатар” деген сол. Өзінің маған деген өкпелі көнілін осылай білдіріп қояды, онсын неге теріс дейін. Ат үстінде өткен жылдарымда қасынан табылған халал жардың қызметі қатты өтіп еді. Оны жас болсан да өзің де талай сездін емес пе, Тосқауыл шырақ.

Мен әлсіз бол шықтым. Өлігім мына отырған тоқалдың үйінен шыққалы жатыр. Өмірдегі соңғы өкінішті арманым бәйбіше үйінен шыға алмағандығым болып отыр емес пе, жарқыным.

Азуын айға білеген, өлімін жаудан тілеген Ағекеннің көріне ақиремпен бірге оралып түсер үш өкініш-арманы осы еді, Тосқауыл. Ертең еліңмен есендерекенде Ағекен не

деді дегенде осы үш арманымды айтар ма екенсің, айтарсың-ақ. Бірақ тұсінер жан табылса.

Тұсінеді, Ағекем, неге тұсінбесін.

– Ал батырым, жортқанда жолың болсын, жолдастың қыздыр болсын. Абылай мен Кене ханның иесіз қалған жұртына сөлем де, сұраған жанға бақұлдығымды жеткіз. Атығай, Қарауылдың сан жақсысымен дәмдес болып едім, көзі тірілеріне басынды игейсің, сақалынан сүйгейсің жарқыным. Өміріме разы емен десем асылығым болар, бірақ сүйекпен кетер өкініш жөні бір басқа.

Қарт батыр үш күн, үш түн қара бурадай күркірей шабынып, бірде еңкілдей, енді бірде тұңғиық ойдың тереңіне тұнере үңіліп, үнсіз қалып, киялды өзі өткен өмір белестерін адақтай армансыз кезіп, кетілген кенеулі көнілін қобыз сарынымен демеп алып қайра күніреніп қаққан қазықтай тіктеп отырған қалпынан жазбаған, қисайып дем алуға өзіне де, өзгеге де мұрша-мұрсат бермеген.

Міне, енді ғана қисайды, көсіле тұсіп көз жұмды, тыныс тілеп тыншу алды. Тосқауыл қарт батырдың кеудесінде жатқан қос қолын елжірей қысып, ернін тигізді.

* * *

Үш салт атты Арқаның сары жазығын бетке алып сүйт жүріп келеді. Қос қапталындағы сапарластарынан құрық бойы алда келе жатқан бұжыр қара жирен айғырдың майда желісімен терең ой бесігінде жұмсақ тербеле тұсқен сайын сол ойын одан әрі бойлатада батырып түбіне жеткізер емес.

Ағыбай батырда да арман көп екен-ау. Қанды қасап қырғының ортасын бұзып-жарып аман шықты. Елі шеттетпей тәбелеріне хан көтеріп отырғаны анау. Арманда десек мақсатына жете алмай қырық бесінде опат болған Кенені, жиырма бесінде мерт болған Науанды

айтсақ керек еді. Иә, армансыз құдайдың құлы бар ме екен мына жер бетінде. Әй, жоқ шығар. Жоқ қой. Бірақ Ағекеннің арманды жосығы бөлек арман гой.

Анау ғайыптай жұмбақ қыз баланың ұрынбасқа ұрынып, қапыда мерт болуы батыр жүргегін күні бүгінге дейін жа阿拉ған қалпында қалуы желкілдеген шағының өкінішпен өткендігін елестеткендей екен.

Науанның жолы бір бөлек. Елім деп еңіреген ерлер өлімі тым биік, тым асқақ қасиетті тұғырда еді. Оған деген аяныштан гөрі марапатты мактан сезім, құрметке ғана құзырлық етер ұлы жігер ұрандал шығар еді. Ал Науанның өлімі тым аянышты, қайғысы қара бұлттай зілді, аса ауыр өлім болды. Ағекеннің өзімен бірге кетер арманды өкініші де осында жаткан шығар-ау. Қол созым жерде аттан жығылып жатқан қарулас бауырынды жау қолынан арашалап алып қала алмағаннан өткен батыр үшін қорлық, ауыр қайғы болар ма. Хан Кененің туы астынан табылған Ағекеннің құреспен өткен өмірінің бар түйіні өзімен кетер өкінішті арманға айналғаны да ауыр қайғысънан-ау, біле білгенге.

Тоқалдың босағасынан шыққалы жатырмын, бұл да болса өкінішті арман дегенді айта алған Ағекеннің қарт жанын шуаққа малып, жарасына жұбаныш болды дегенің жәй бір алданышты, болмашы тірліктің қас қағым қуанышы ғана екен гой. Қарт батырдың өз өмірін түйіндең келгендігі ой тұғыры былайғы пенде қол арта алmas тым биікте болып шықты.

Адам баласының табиғаттың төрт кезеңі - көктем, жаз, күз, қыс аталатын шақтарымен еншілес сәбілік, бозбалалық, жігіттілік, қарттылық аталатын кезендерін өкініші мол, “ah” ұрғызар аңы арманмен өткізгенінен ауыр не бар екен.

Тосқауыл байыпташ қараса Ағекесінің сәбілігін айтпағанда, бар ғұмыры күйікті өкініш, өксікті арманмен өткен екен-ау, жарықтық. Соның бәрі ішкүса шеменді

дертке айналып барып, өлерінде бірақ ақтарылуы Ағекеңнің асылдығынан болар.

Ақ адырдың арса-арса қойнауын артқа тастаган сүйт жүргіншілер қазақ даласының тағдыры үшін, оның жыртық ін, қам көнілді жүрттың жақсылығы мол жайлы тұрмысқа жеткізсем деп жұлысып өткен ұлы батырлардың ең соңғы өкілі – шұбыртпалы Ағыбай батырдың байлаусыз асаудай ауыздықпен алысқан, алыса жүріп опынған өкініші өшпес бей опа арманды ғұмырының сарқылып барып біткенін сезінген сайын қу қаңбактай дәңгеленген мына тірліктің баянсыз-бақсыз тәлкегін ұғына түскендей еді.

Сырты дүр, іші кір қу тірліктің пендесіне ұсынар уы да, тіл суырар балы да оның өкініші мол етпелі, көшпелі тұрақсыздығында болар. Бірақ Ағыбай сияқты адамзаттың сырттаны үшін өлімнен ада, өмірден де биіктеу – арман атты ұлы асуудың барлығы неткен бақыт еді. Жолаушы елге – Көкшетауга жетуге асыққандай жиренге қамшы соқты. Қарсыдан соққан Қарабастың катулы желі бұжыр қараның жанарынан құйылып құйылып кеткен жасты өніріне түсірмей қағып өкетіп жатты. Жобасы төбеден төне қалған бұлт емшегінен саулар жаңбырға араласқан көз жасы қатты селге ұласар түрі бар...



Мазмұны

“Алашта Қенекемдей ер болмайды...”	6
Бастау	17

I Бөлім

Мұрденді таппай мұңайдым	20
Алласлан	21
Кене ханың арманы	22
Жоқтау	23
Кек бөрі	24
Өртөнгенде Бурабай	26
Мағжанға мінажат	28
Кекшетаумен мұңдасу	31
Шортан көлге	34
Қара қайнар	35
Піл көтерген	36
Мұң	37
Бурабай	38
Шалқар – шабыт, Шалқар – көл	39
Жүйрікті аңсау	46
“Хан” көлі	47
Шалқұйрық – дастан	51
Қанай-дастан	58
Кілт	58
Арна	59
Түйін	61
Қарасай-дастан	63
Ағыбай-дастан	72
Хан Қенениң Нысанбаймен қоштасу зары	80

Хан Кененің өситеті. Немесе рухлен сырлағу	86
Бопай ханым	90
Лқауыз аттың ажалы	99
Азамат	106

II Бөлім

Хан Кененің қазасы. Тарихи трагедиялық драма	112
Ллдияр. Тәрт көріністі тарихи трагедиялық драма	134
Лгыбай батырдың үш арманы	164

Төлеген Қажыбаев

ХАН КЕНЕ

Өлеңдер, толғаулар,
дастандар

Суретшісі Өмірбек Жұбаниязовтың
еңбегі коллажда пайдаланылды

Редакторы
У. Қыдырханұлы
Суретшісі
Л. Бацрова
Техникалық редакторы
P. Дүйсенбаева

Теруге 30.04.02 ж. берілді.
Басуға 30.05.02 ж. қол қойылды.
Пілімі 60x84 1/16. Қағазы оғсеттік.
Есептік баспа табагы 11,5. Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс № 1507.
«Жібек жолы» Баспа Үйі
480091, Алматы қаласы, Қазыбек би, 50.

Тапсырыс дайын диапозиттерден басылды.



«Кітап» баспа үйі, 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.
Тел.: 42-36-31, 42-07-90, too_kitap@mail.ru